Ниже приводим текст песни, записанный А.В.Затаевичем:

*Джигиты, не сомневайтесь в провиденьи!
Желайте успехов всем живущим!
Так пели у подножья Кокчетау
Две девицы о Топай-коке.
Подо мною изнуренный конь,
Простуженный голос не позволяет мне петь,
Покрыт пылью подол белой юбки (девушек),
Кто же уронил милую на пыльную землю?!*

261. Телкоңыр (V)²¹⁴

(Жеребенок при двух матках)

Кулѳейым Колыбаева

Павлодарского р. Кзылтауской вол. аул 6

Выдержанно, в широкой манере. $\text{♩} = 88$

Телкоңыр красивейшая песня (павлодарская), лад миксолдийский. Напев проводится в широкой аркинской манере, извилистая ритмика, синкопированная с триолями, переменная метрика, устой – (*f*), об этой народной песне А.В.Затаевич пишет: «Среди казахских песен сюжет «о жеребенке при двух матках» имеет большую популярность и с названием «Телкоңыр» именуется различные напевы».

263. Телторы тай²¹⁶

(Годовалый жеребенок при двух матках)

Шѳемші Қожыров²¹⁵

Семипалатинского р. Кзылтауской вол. аул 2

Широко и задумчиво. $\text{♩} = 116$

Песня широко-распевная, характер задумчиво-печальный. Для выражения ее художественных достоинств в ее структуре «задействованы» многообразные выразительные средства: богатство мелодико-интонационных переливов при тональности ми-минор натурального, поражает разнообразие ритмического движения (триоли, синкопа), которое придает мелосу особую взволнованность.

В сноске А.В.Затаевич пишет, что эта любимая песня Шамши Кожирова, который на протяжении 35 км пути неустанно пел «свои сердечные напевы, полные безысходной грусти. Это его песня навевала столько печальных дум под монотонный грохот нашей мелочи».

А.В.Затаевич в своих в своих примечаниях к песням особо отмечает, что в его фольклорных сборниках имеется большое количество примеров, типа, «Телторы тай», «Телконыр», «Телторы ат», «Телторы тай» и др. Ряд образцов подобного рода дополняет и ниже приводимая песня из «500 песен и кюев казахского народа» №411.

411. Тел коңыр (VI)³³⁷

(Жеребенок при двух матках)

Тоже

Широко и свободно. $\text{♩} = 112$

расширяя

Медленно. Как сначала, но мягко.

Еще шире. $\text{♩} = 88$ Умеренно.

рентно, с мягкою грашней. $\text{♩} = 100$

Она является одной из красивейших во всех ее проявлениях широко-масштабная, развернутая, лиричная, яркий образец традиционной

музыкальной культуры Центрального Казахстана. Изложена песня широком диапазоне (Скачки на чистую октаву, большую сексту), в миксолидийском *Соль-мажоре*, с изливистой метро-ритмикой. Облик красивого и умного жеребенка, любовь хозяина к нему как-бы «сливается» с восторженным состоянием степняка-кочевника, с его свободолобивым духом.

Показателен образец из «500 песен и кюев» А.В. Затаевича. О народной песне про коня «Арыған атым» Затаевич пишет: «Очень нежная и задумчивая песня, проникнутая поэзией степей и любовью к неразлучному с казахом жизненному спутнику и другу – к лошади».

АРЫҒАН АТЫМ

Уставшая лошадь

Ойлана, ақырын. Задумчиво и тихо. $\text{♩} = 108$

[Домбыра] p > ей! $\text{Ә - ри - дай, Ғ - дай,}$

Тездете. Скорее. $\text{♩} = 176$ pp Жайбарақат. Медленно. $\text{♩} = 84$ mf

ау! Ат е - кен - сің көк - а - ла —

ер - ге лай - ық, Жа - лн - жа - сыл жай - лау - ың, тө - сің қай - ық, —

Тездете. Скорее. Жайбарақат. Медленно. $\text{♩} = 84$ mf

ау! А - я - ғың - да а - қау жоқ, —

ар - қаң - да дақ, А - я - ғың тас іл - мей - тін мұз - ға та - йып, —

Тездете. Скорее. Қыйрма. Припев. Шапшаң. Живо $\text{♩} = 176$ mf

ау! Та - ри - та - ри, тәй - тәй - тәй,

тәй - тәй - тәй, Да - ри - да - ри - да - ри, дәй - дәй - дәй.

Базулта. Замедля. *Жәйбаракат. Медленно.*

Дай - дай, дай - дай - дай, ай! А - я - ғың тас ил - мей - тін

Тездете. Скорее.

мұз - га тай - ың, ау!

Интересен в плане очеловечивания коня пример из сборника фольклориста Талиги Бекхожиной «Торы аттың зары» (Жалоба саврасого коня).

ТОРЫ АТТЫҢ ЗАРЫ

Жалоба саврасого коня

Мұңмен. Печально. ♩=66

То - р(ы)е - дим тұл - пар е - дим топ - тан ас - кан,

то - р(ы)е - дим жүй - рик е - дим ше - ки бас - кан Бай - мұ - каш - ка

кел - дим - де бол - дым сор - лы, а - яқ ақ - сап, ар - кам - лы

Живее

жа - уыр бас - кан. Жүй - рик е - дим а - ғым - ды, Бә - кең жой - ды

ба - ғым - ды. Қай - ран са - ным қай - те - йін, кам - шы ме - нен

ка - ғым - ды, қай - ран са - ным қай - те - йін,

кам - шы ме - нен ка - ғым - ды.

Старый конь жалуется на свою судьбу, говоря: «Когда я был молодым, был господином среди коней, в бегах всегда был первым, а когда моим хозяином стал богач Мукаш – теперь я несчастный, ноги хромают, а спина истерзана плетью богача» и т.д. Лад – мажорный, метр – переменный,

диапазон – в пределах октавы, форма – запевно-припевная, изложение плача коня находится в припеве, и в нем кульминационная зона песни. Интонационный строй состоит из диатонических и пентатонных оборотов.

В повседневной жизни казахов конь всегда ценился выше других домашних животных. В народе существует много поговорок, подтверждающие это мнение. Так одна из них гласит: «Лев – царь зверей, а конь – царь домашнего скота». В менталитете народа существовал обычай, когда мальчику исполнялось три года, его сажали на коня и родители по этому поводу устраивали народный праздник. В казахской поэзии, как и в музыке, обращение к образу коня получило широкое место.

В жизни народно-профессионального композитора, акына, легендарного палуана (силача), сері и певца Балуан Шолака Баймурзаулы (Нурмагамбета, 1864-1919) кони имели судьбоносное значение. В его поэтических сочинениях, особенно в драматических ситуациях его жизнедеятельности главным персонажем предстают кони Тарлан и Акбоз ат.

Прославленный народный любимец за свою недолгую жизнь (прожил Балуан Шолак всего 55 лет) был преследуемый и оклеветанный за независимый, своенравный нрав, непреклонный гордый характер и свободолюбие местными баями, биями (Котыр Шортаном, Мырзагулем), а также, русским губернатором и его приспешниками. Победы и слава, завоеванные на спортивной арене, его авторитет среди простого народа вызывали у противников и злопыхателей зависть и злые помыслы.

Балуан Шолак разделяя думы и чаяния своего народа, его судьбу, был против насильственной коллективизации казахских аулов, противостоял привнесенным октябрьским переворотом 1917 года репрессиям и гонениям за инакомыслие. В духовной жизни народа он известен как выдающийся поэт и композитор замечательных творений.

Уроженец благодатного края Семиречья, как сам в стихах утверждал, из рода Дулат (об этом писал и академик А.К.Жубанов), волею жизненных ситуаций, воспитывался в музыкальной среде Арки и его песни сложены в художественно-стилевых традициях этого региона.

Талантливый народный самородок, автор многочисленных прекрасных песен. В целом они (песни), автобиографичны, лиричны, с широким диапазоном, богатыми ладо-интонационными переливами, с частыми сменами метро-ритмического рисунка и гибкой мело-строкой. Из нижеприводимых песен Балуана Шолака шедеврами казахской

песенности признаны «Екі жирен» и «Ғалия». В них свобода духа, восторг, излияние тончайших чувств и эмоций, вдохновение и полет мыслей и дум... Балуан Шолак автор таких песен как, «Балуан Шолақтың әні» (I-түрі, II-түрі, III-түрі, IV-түрі, V-түрі), «Дауысашар», «Қос балапан – Көкшетау», «Қос алқа», «Құлан кісінес», «Желіп-желіп», «Шолақтың назы» («Болады ұлы жүзден-ай, арғы затым»), «Шолақтың желдірмесі», «Қос перне», «Кенже қоңыр», «Қызыл асық», «Сентябрь» (I-түрі, II-түрі, III-түрі, IV-түрі, V-түрі), «Жай қоңыр», «Жастық» (призыв к образованию), «Өтетін өмір», «Сегіз келін», «Екі жирен», пять варинатов знаменитой песни «Ғалия», «Атадан ұл тумайды», «Дегенде Шолак баяу», «Сұрша қыз», «Балуан Шолақтың сарыны», «Балуан Шолақпен кездескенде», «Сағыныш» и др.

Выше нами были названы любимые кони поэта-композитора Ақбозат и Тарлан. Их клички встречаются почти в каждом его стихотворении. В них акын описывает благородные поводки коней, их выносливость, молниеносный бег и бойцовские способности. Его кони спасают Балуан Шолака в самые трудные ситуаций. А он освобождает своего Ақбозат из каменного сарая, куда был спрятан загнан врагами певца. При встрече со своим конем Балуан Шолак обращается к нему как другу [15, Б.324-325]:

*Ақбозат, айналайын, менің қалқам,
Сен үшін талай тасты қылдым талқан.
Жетектеп шылбырынан шығарғанда,
Аяғын басты атым алиаң-алиаң.*

*Жылқыны неге керек босқа мақтап,
Атты айт мінген ерін жүрген сақтап.
Тогыз жыл топқа мінген жануарым,
Иегін артушы еді екі жақтап.
Өнері ақбоз аттың болды басым,
Домалар өрге қарай тепкен тасым.
Жасынан тіл үйренген тұлпарым-ай,
Көзінің тыя алмады аққан жасын.*

*Тарлан ат бас-аяғың үрімдей-ақ,
Салбырар төбе шашың тұлымдай-ақ.
Жем беріп сауырыңды тұрсам сипап,
Албарда ойнаушы едің құлындай-ақ.*

*Мінуге сен Тарланды әркім құмар.
Байлардың әлпештеген ұлындай-ақ.
Әрі атым, әрі досым менің тарлан
Қайтейін өлең қылмай сыныңды аяп [15, 301-б.].*

Поэтическое музыкальное творчество Балуан Шолака остро современно и актуально. Оно вошло в духовную сокровищницу родного народа. Об уникальном даровании поэта-композитора, его спортивных подвигах созданы прозаические сочинения (роман С.Муканова), собраны и нотированы его песни (Б.Ерзакович. Б.Кыдырбек, З.Коспаков), изданы сборники, проведена научно-практическая конференция (2014 г.), песни Балуана Шолака в репертуаре известных певцов (К.Байбосынов. Р.Стамгазиев и др.), вокальных групп и ансамблей. Таким образом, на современном этапе выявляются новые художественно-содержательные ценности наследия этой великой личности, каковым был легендарный сын и гордость казахского народа Балуан Шолак Баймурзин.

В истории национальной культуры одним из ее вершинных творений, ее классическим образцом принято считать поэму-рапсодию выдающегося поэта Ильяса Жансугурова «Кулагер». Его бессмертные сочинения такие как, «Бүгінгі дала», «Дала», «Исатай-Махамбет» (драма 1936 г.), поэмы «Күйші» (1934 г.), «Күй» (1929 г.), «Құлагер» (1937 г.) и др. глубоко, национально-колоритно, мастерски и вдохновенно воспевают жизнь родного народа в прошлом и советское время.

Его многогранный талант ярко проявился во всех областях национальной культуры – поэт, сатирик, драматург, собиратель устного фольклора, автор учебников по казахской литературе. Огромное влияние на художественную стилистику и мировоззрение оказало духовное наследие великого Абая. Истинный патриот своего народа, певец новой эпохи, И.Жансугуров воспел идеи интернациональной дружбы народов, героем его произведений предстает простой человек. В своих сочинениях он подвергал критике устаревшие устои, косные обычаи и привычки в народном быту и в современной действительности [16, Б.251-253.].

Поэзия И.Жансугурова одухотворена музыкальностью. Об этом свидетельствуют его широко-известные поэмы об исполнителях-носителях домброво и песенного искусства («Кюй», «Кюйши» и «Кулагер»). В последнем сочинений главной темой выдвигается волнительная судьба народного самородка Акан-сери Корамсина.

Среди вышеназванных поэтических шедевров особенно возвышается

его «Кулагер» навеянная романтическим пафосом, социально-психологической остротой и реальностью. Жизненно-яркие образы героев, тончайшая передача их эмоций и чувств, восторг и любовь при описании красот родного края и многие другие художественно-содержательные стороны «Кулагера» позволяют по праву отнести эту поэму к рангу жемчужин национальной культуры.

Волнительное повествование И.Жансугурова о судьбе народного самородка Акан-сери Корамсина (1843-1913) и его любимом коне-скакуне Кулагере в поэме тесно переплетается с правдивыми трагическими событиями. Как становится известным из Антологии казахской поэзии (С.Сейфуллин, Г.Мусрепов, Е.Исмаилов, К.Жармагамбетов), Кулагера Акан приобрел у скотовода Шокетая, заплатив ему одного коня, одну корову и 25 золотых денег. После чего акын лелеял, ласкал, ухаживал и готовил своего любимца к скачкам. И его быстрокрылый друг на всех соревнованиях был победителем – первым. Как принято в казахском менталитете – победа коня на скачках, означает победу его хозяина. Радость и счастье по этому поводу, испытываемые Аканом, вызывали у его недругов злость и зависть. Так, печальный рассказ о гибели жеребца Кулагера связан с именем бая Батыраша, предчувствовавшего, что его рысак по кличке Серый Ястреб никогда не обойдет известного по всей степи скакуна Кулагера. Как всегда, во время байги, устроенным на поминках известного в округе бая Сагыная, Кулагер шел первым, а скакуны бая оставались далеко позади. И тогда завистники Акана безжалостно погубили его иноходца. Описывает этот трагический эпизод Ильяс Жансугуров так в нижеследующих бессмертных стихах:

*«Кулагер, крылатый конь, – лира и стрела...
Степь его для славы вечной, видно, родила.
Устали не знал великий первозданный конь,
Догонял любых бегущих, не боясь погнь.
Песни бедного Ахана, стон его земной
Кулагер промчал когда-то стороной степной.
Зависть – древнеемученье, зависть все могла,
Зависть и тогда умела бить из-за угла.
Кулагер летел, как птица, на большой байге,
Благородный конь не думал о своем враге.
Зависть черная, готова смерти торжество,
Кол косоприцельный врыла на пути его.*

*Зависть черную сломила вечная любовь.
Я переводил поэму, ликовал, скорбел,
То с Ильясом, то с Аханом вместе песни пел.
И меня промчал над степью Кулагер не раз,
Целовал я Кулагера в ослезенный глаз.
О поэзия святая,
И тебе всегда зависть ставила рогатки,
Была без следа.
Сколько лет живет во мне сказка о коне!
Думаю всегда о чьей-то тягостной вине.
Есть у зависти, я знаю, кол и для меня,
Как Ахан и как Ильяс, не сверну коня.
Слышу топот Кулагера, звон его копыт...
Тот, кто песней степь восславил, нами не забыт⁴⁰»*

При прочтении знаменитой поэмы «Кулагер» невозможно без волнения читать эпизод, в котором Ахан-сери оплакивает гибель своего друга-питомца, в переводе известного московского переводчика А.Г.Сендыка (1928-1979).

*«Кулагер, ты скакуном с рожденья был,
Отдан мне ты дядею в кормленье был.
И, когда Кипчак с Аргын справляли ас,
На байге ты всех коней быстрее был.
Кулагер, Тулпара сын, дитя орла,
Двадцать раз ты к трем годам догнал козла,
Весть о том, что ты погиб, степных сорок
Над тобой прочесть молитву привела.
Белый снег, упавший в ночь, к утру сойдет,
Н моя, о, Кулагер, боль не пройдет.
И пока найду коня тебе подстать,
До земли хвост у верблюда отрастет.
Кулагер, ты в холе был в мороз и в зной,
В дни любви и тайных встреч ты был со мной.
Услыхав, что ты погиб, я зарыдал,
Пальцы сплел в бессильном горе с сединой.
По земле, где мчался ты – следы копыт.*

⁴⁰ перевод Б.Жылкыбаева. Журнал Казахская и мировая литература №1(19). Алматы. «Самара Принт», С.20-23.

*Славой был твой каждый шаг в пути покрыт.
Легкий бег и шею девичью твою
Атыгай и Караул в душе хранит»* (Перевод А.Сендыка)

Прежде чем перейти к песне Ахан-сери, о Кулагере дополним некоторыми биографическими сведениями о самом народном поэте (акыне), народно-профессиональном композиторе, певце, сал-сери.

Акан-Серэ Корамса-улы родился в 1843 году в ауле Косколь. Ныне аул Акан-Серэ Айыртауского района Северо-Казахстанской области, настоящее его имя Акжигит, но с детства его ласкательно звали Аханом. Его зажиточный отец Корамса был из рода Аргын Караул. Арабской грамоте он научил сына у аульного муллы, а в 13 лет отправил Ахана в Петропавловск учиться в медресе. Но религиозные догмы тому быстро наскучили, и он вернулся домой, но сумев немного научиться в городе русскому языку.

Талантливый юноша, обладая редким даром – поэтической импровизацией, красивым певческим голосом и хорошей исполнительской техникой традиционного пения, полностью посвящает себя искусству, видя в этом свое призвание. Он в сопровождении друзей разъезжает по окрестным аулам, исполняет свое и популярные в то время народные песни и произведения народных композиторов.

Ахан имел красивую внешность, отличался изящными манерами и сильным приятным голосом. С юных лет он выделялся тягой к музыке и поэзии, а его постоянное участие в празднествах и состязаниях закрепило за ним почетный статус – сері. Довольный сыном отец предоставил ему все атрибуты преуспевающего степняка. Он помог ему купить молодого жеребца Кулагера, ставшего позже знаменитым скакуном, щенка гончей Базар ала, молодого беркута по кличке Караторгай (за год беркут ловил ему 60 лисиц) и охотничьего ястреба по кличке Кокжендет. К славе добавилась и слава ловкого охотника. И вскоре Ахан-сери становится известен всей степи.

Счастье творчества, достигнутое им, всеобщая народная любовь и восторг омрачались трагическими событиями в личной жизни. Акан-сери не смог соединить свою судьбу с любимой девушкой, Актоты с дочерью зажиточного бая Боктабая, через три месяца после свадьбы скончалась его молодая супруга-красавица Уркия, после нее неожиданно умерли его сокол, затем борзая собака (кұмай), при схватке, побеждавшая волков, несколько позже Акан лишился 14-летнего своего братишку⁴¹. Череда

⁴¹ Об этих печальных событиях рассказал в свое время 81-летний аулчанин Хамит Тлеубайулы. Сведения почерпнуты из Антологии казахской поэзии

сталь печальных событий с неопикуемой болью отразились в чутком сердце творца-поэта, композитора и сери...

Народный композитор-автор многочисленных сочинений в песенном жанре. Нотные его песен произведены А.В.Затаевичем, творческий путь Акан-сери описан А.К.Жубановым, многие новые расшифровки его песен сделаны Б.Г.Ерзаковичем, выпущен специальный сборник фольклористом Х.Жузбасовым. Он автор известных в народе песен «Сырымбет», «Құлагер» (с вариантами), «Көк жендет», «Екі торы ат», «Тер қаққан», «Алай көк», «Маңмаңгер», «Майдақоныр» (две последние с вариантами), «Ақ саусақ» (имеются четыре варианта), «Ақтоты», «Балқадиша» и многих других [17].

Среди разножанровых песен Акан-сери особое место занимают «Маңмаңгер» и «Құлагер», посвященных любимому скакуну Кулагеру.

Музыковед Х.Жузбасов по-праву считает, что песня «Кулагер» Акан-сери Корамсина является вершиной творчества народного композитора.

Песня созданная на классических традициях аркинского песенного искусства. По поэтическому содержанию эта песня представляет собой песню-обращение и воспринимается как драматический монолог... Эта песня в стиле «жоктау» (песня-плач), но поднятая композитором из бытовой формы в ранг произведений высокого художественного уровня.

Құлагер

Асықпай, қайғылы

Акан сері

Не спеша, печально $\text{♩} = 80$



жел сөк са, қа ммс ба сы, ау, май да... дей мін, ат қос-тым,
5 ат ай... лауным, ай да дей мін, ау! Ал дып ,ым(ат)
8 ба ран бол май, ау, қы лаң бол ды, жы ғыл ма са Құ- ла-гер
11 *Қайырмасы:* кай да дей мін, ай. Бо рім ай, ай! Ай, бо рім ай, ай дай,
14 дай, бей, ке рім ай! Ай!

Таким образом, в разделе проекта национальная идея «Мәңгілік Ел» нами рассмотрен культ коня в казахском менталитете – исследован его облик в мифах, эпосе, в творчестве жырау, акынов, современных поэтов в музыкальном фольклоре, в наследии народно-профессиональных авторов устной традиций и письменной ориентации. Несомненно, эта почти необъятная и архиважная национальная проблема требует как своего продолжения, так и глубинного исследования во многих областях духовной жизни казахского народа.

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ КОНТЕКСТІНДЕ АСПАПТЫҚ МУЗЫКАДАҒЫ ТОТЕМДІК БЕЙНЕЛЕР

Сонау, 13 ғасыр бұрын өмір сүрген түркі жұртының данагөйі, атакты абыз Тоныкөк негізін қалаған, Елбасы Н.А.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында көтерілген «Мәңгілік Ел» идеясы – халықтың рухани-мәдени тарихының ақтаңдақ беттерін ашуға, ұлттық рухани құндылықтарымызды насихаттауға жол салды.

Қазіргі таңда түркітілдес халықтардың дәстүрлі мәдениеті мен өнеріне деген қызығушылық артуда. Халықтың наным-сенімі, дүниетанымы оның рухани-мәдени өміріне ерекше әсер етеді. Мұндағы туыс көшпенді халықтардың руханияты, наным-сенімі табиғатпен бірге астасып жатады, яғни, дүниетанымның қайнар көзі – табиғат. Көшпелі халықтардың өнерінің синкретизмі, оның әлем мен адамның синкретті идеясымен тығыз байланысы, әлеуметтік ортаның мифологиялық контексті мен даму танымына тамыр тартуы ежелгі мәдениеттің қалыптасуында өзіндік рөл атқарды.

Ежелгі Еуразия даласын мекендеген халықтар мифологиясында құстар мен жануарлар бейнесі ерекше орын алады, олардың көбісі – жылқы, қой, елік, теке, аққу, қасқыр және т.б. «Бұлардың көбі Еуразия территориясын мекендеген тайпалардың (сақ, б.з.д.VII-IV ғасырларда үйсін, ғұн) мәдениетінде ертеден дамыған. Өзгертілген күйінде XX ғасырға дейін көптеген түркі халықтарының (қазақ, қырғыз, алтай, тува) рухани және материалдық мәдениет ескерткіштерінде сақталған» [1, Б.31-32]. Ерте кездегі ырымшылдық түрлерінің халық әдет-ғұрып, салтында көрініс табу көріністері туралы көптеген ғалымдардың еңбектерінде (М.Әуезов, А.Марғұлан, Б.Уахатов, С.Қасқабасов,

Е.Тұрсынов, А.Сейдімбек), сонымен қатар, дінтану, этнографиялық, философиялық зертеулерде (Т.Шуленбаев, С.Ақатаев, Х.Арғынбаев, А.Толеубаев, Н.Шаханова, Г.Касымова т.б.). Этномузыкатану саласында зерттеушілер Л.Халтаева, С.Раимбергенова, Г.Омарова т.б. еңбектерінде зерттеліп келді.

«Әлемнің нақты космогониялық суреттерінің пайда болуы мен дамуы түріктердің және моңғол халықтарының жан, от культі, құс, жылқы және т.б. туралы түсініктерінің қалыптасуымен, тотемизм, аруақтар культі, шаманизм сияқты діннің қарабайыр нысандары пайда болуымен тығыз байланыста болды» [2, 14-б.].

Жалпы тотемизм түсінігіне келетін болсақ, тотемизм ертеректегі адамдардың байырғы діни нанымдарының бірі. Е.Тұрсынов бойынша «палелолит дәуірінде табиғат пен адам қоғамының тұтастығының ең айқын көрінісі – тотемдік ұғымдар. Тотем – табиғаттың хайуан, өсімдік немесе космос бейнесіндегі өкілі» [3, Б.33-34.].

Көптеген тарихи-этнографиялық мәліметтерге сүйенсек түркі халқы, оның ішінде қазақтар көк бөрі, түйе, аққу, елік, құлан сияқты аң-құстарды өздерінің жаратушысы, қорғаушысы деп кие тұтқан. Оларды тотем санай отырып, қадірлеп метафоралар мен көркем бейнелер жасады. Бұл құбылыс түркі халықтарының тарихи туыстығын, яғни тарихи-генетикалық байланысы барлығын айқындайды.

Осылардың ішінде кең таралған, түркі-моңғол халықтарының фольклорлық туындыларында әр түрлі атпен мол ұшырысатын бейне – көк бөрі болып табылады (böğü, kürt, kaskyr). Ол түркі халықтарының дүниетанымында тәңірлік деңгейге дейін көтерілген. Көптеген түркі халықтарының нанымында қасқыр – түркі халқының арғы тегі, тотем болып саналса, кейін нагуалға, шамандардың және жеке адамдардың жебеуші рухына айналды.

Көк бөріге қатысты әңгімелер ежелгі үйсін, түркі және моңғол аңыздарында кездеседі, мысалы моңғолдар өздерін көк бөрі және маралдан; телеуіктер қасқырдан және ғұн патшасының қызынан; ал түріктер – ғұн бекзадасы мен қаншық қасқырдан тарағанбыз деп санайды, яғни көкбөріден таралдық деген пікір осы бір ататектен таратудан басталған. Мұндағы «Көк бөрі» сөзі азулы, адуынды деген мағынаны білдіреді [4].

Түркіменнің «Кер-оғлы» эпосында ең мықты жауынгерлер сұр қасқырдың ұлдары болып аталады [5, Б.122, 129]. Әзербайжанның «Китаби Деде Коркут» жырында Қазан хан оның арғы ата-бабалары бөрі тұқымынан тарайтынын айтады [6]

Түркілердің жырларында көк бөрі ата-тегі ғана емес, жол бастаушы, қорғаушы ретінде бейнеленеді. Мысалы, «Оғызнамада» Оғыз қағанға ақыл айтушы, жол бастаушы болған Көк бөрі бейнеленді. Көк жалды арлан қасқыр шыға келді де,

Оғыз қағанға тіл қатты:

«О, оғыз! Сен үрімге аттанып барасың.

О, оғыз, мен сені бастап жүрейін», деді [7, 91-б.].

Мұндай эпизод қырғыз халқының «Манас» эпосында кездеседі, батырды өзін көкжал бөрі қоршап, қорғап жүреді:

Манастың қырқ чоросу

Көсөө куйрук көк бөру

Көкжал эрдин жөөкөрү

Көкөр болсоң көк жалаң [8, Б.27-28].

Көптеген халықтардың жырларында жыр кейіпкерлерінің қасқырға айналу сюжеті жиі кездеседі (Башқұрт халқының «Урал батыр» эпосында, хакас және якут батырлық жырларында, қырғыздың «Манас» эпосында, моңғол эпосы «Дайни Кюрюльда», бурят халқының «Гэвэр», «Аламжи-Мэрген» сияқты эпостарында). Бұл мысалдардағы адам мен аңның бір-біріне айналуы түркі-моңғол мифологиясындағы ең көп тараған сюжет болып табылады.

Көк бөрінің түркі халықтарының ата-бабасы, ортақ тотем ғана емес, батырлық пен қайсарлықтың белгісі ретінде көптеген жырларда жырланады. Біздің заманымыздан бұрынғы III-I ғасырларда, ғұн империясының күшейіп тұрған дәуірінде айтылған көптеген батырлар жырларынан қысқа-қысқа үзінділері сақталған. Солардың бірі «Көк бөрі» дастаны. «Дастан ұлы Түрік қағанатының құрған көк түріктердің ежелгі ата-тегінің шығу тарихын, олардың халық ретінде қалыптасқан түрлі аңыздар негізінде жыр еткен эпос» [9, Б.51-52.].

«Ер Тарғын» жырында батырдың ерлігін төмендегідей жырлайды:

Мінді батыр еріне,

Іздеген жауға көріне.

Келген қалмақ жолықты,

Тарғын сынды бөріге,

Ай бетіне кіреді,

Күн бетінен шығады.

Қойға кірді бір бөрі,

Бөріктіре қырады [10].

«Тама батыр» жырында:
*«Мен Ноғайлы деген ер едім,
Асылы туған төре едім,
Азулы туған бөрі едім,
«Біндыс пенен қалмақты
Талқандармын деп едім», –*

деген шумақта батыр өзін азулы бөріге балайды.

Кейінгі жылдары ақын-жырау шығармашылығында батырлар образын бөрі, тарлан, көкжалға теңеген сөздер жиі кездеседі.

XIX ғасырдағы белгілі қазақ ақыны Сүйінбай Аронұлы (1815-1898):

*«Бөрілі байрақ астында
Бөгеліп көрген жан емен.
Бөрідей жортып келгенде,
Бөлініп қалған жан емен» [11, 13-б.], –*

деп жырлаған.

Дауылпаз ақын М.Өтемісұлының (1803-1846) жырларында:

*Мен, мен едім, мен едім,
Мен Нарында жүргенде
Еңіреп жүрген ер едім.
Исатайдың барында
Екі тарлан бөрі едім, –
Біз ер едік, ер едік,
Ен нарында жүргенде
Талма талтұс шағында
Тай жеген тарлан бөрі едік, – деп өріледі [12].*

Батырлық жырлардан бөлек қасқыр бейнесі жоқтау жанрында қайтыс болған ер, азаматтың қасиеттерін «көкжал», «бөрі» сияқты теңеулер кездеседі.

Бөрі атаулы Сібір халықтарының және қазақ бақсылары табынатын ең қасиетті жануар болып табылады.

«Көк бөрі» бейнесі мәдениеттің барлық саласында (ауызша фольклор, аспапты музыка, ою-өрнек) орын алған.

Көк бөрідегі «көк» сөзіне келетін болсақ, көк – аспан түсі, Мәңгі Тәңір. Қазақ музыкасындағы ірі жанрдың бірі – «Күй» деген сөздің арғы тегі «көк-» пен байланысты болғанын профессор Қ.Жұбанов айтып кеткен [13, 246-б.].

Орындаушылық өнерде қазақ қыл-қобыз аспабында орындалатын «Қасқыр» халық күйі сақталған. Күй кей мәліметтерде халық күйі деп жазылса, кей мәліметтерде Ықыластың (1843-1916) күйі деп келтіріледі.

К.Уразалиева өз еңбегінде де бұл күйдің халықтықы, Ықыластықы немесе Ж.Қаламбаевтықы ма деген сұраққа жауап іздей отырып, Ж.Қаламбаевтың күйі екенін дәлелдеуге тырысқан үлкен қызы Динамен сұхбатын «Ж.Қаламбаев пен Ықыластың орындау шеберліктерінің ара қашықтығы өте ұзақ екені белгілі. Өкінішке орай, Ықыластың орындауындағы күйлер таспаға түсірілмеген, жазылып алынбаған, немесе оның орындалуындағы күйі деп анық дәлелдеме жоқ, тек қана ауызша, әңгіме-аңыз болып бізге жеткені айқын. Сондықтан, Ж.Қаламбаевтың өз жанынан шығарған күйлері халықтікі деп аталып кеткендігі мүмкін болар. Өйткені, кішіпейілділігі мен момындығы арқасында авторлық құқыққа мән бергізбегендігінде деп, ойлаймыз» деген сөздерін келтіре келе күйдің авторы кім екені туралы нақты тұжырым жасамайды [14, 47-б.].

Ықыластың өз жанынан шығарған күйлері халықтікі деп аталып кетуі мүмкін деген тұжырым жасауға Ықыластың бұл күйден де бөлек табиғаттың, қоршаған ортаның құбылыстарын ерекше бейнеленген күйлері себеп. Қасқыр күйінде қасқырдың жортуы, одан соң ұлуы, арландыққа, мекенге, азыққа таласуы тамаша бейнеленіп, ал аққу құстың қалықтап қонғанын «Аққу» күйі арқылы жеткізсе, «Шыңырау» күйінде құстың мазасыз шырылы, балапандарын қорғағандығы, оның қимылы, жыланға қарсы іс-әрекеттерін суреттеп аңдар мен құстар бейнелерін суреттейді. Күйлері кезінде таспаға түспегендіктен дәлелдеу қиын болғанымен күйдің аңызы «Қасқыр» күйінің авторы Ықылас болуы мүмкін деген де тұжырым жасауға септігін тигізеді деп ойлаймыз.

«Қасқыр» күйінің музыкалық семантикасы композитордың өз өмірінде болған бір эпизодты суреттейді. Бұл туралы А.Тарақты өз еңбегінде Илья Жақановтың аузынан жазып алған күйдің аңызын келтіреді: «Ықыластың жастау кезінде әкесі Дүкен өзімен бірге Қоянды жәрмеңкесіне ертіп барыпты дейді. Онысы, ел көріп, жер танысын деген әкелік қамқорлығы болса керек. Арқадағы Мұңлы, Қулы тауларын жайлап отырған тамалардан шыққан жолаушы Қоянды жәрмеңкесіне бару үшін жолай сайдалы, тоқа, тарақты, карсон, керней руларының жерін басып өтеді. Бұл жерлерді Желтау, Ақтау, Ортау, Қызылтау, Бұғылы, Тағылы деп аталатын Арқаның сиыртаңдай, қатпарлы таулары алып жатыр. Алыстан жатаған болып көрінгенімен, бұл таулардың қолтық-қойнауы

аңғарлы, тал, терек, қайың, мойыл сияқты ағаштары ұйыса біткен, қалтарысы мол. Мұның 262 күй аңыздар өзі сол заманның жол торыған ұры-қарысына, барымта-сарымтасына таптырмайтын мекен болғандай. Содан, Дүкен мен Ықылас әкелі-балалы болып, Қоянды жәрмеңкесінен ырғалып-жырғалып қайтады ғой. Жолай Бұғылы, Тағылы тауларының терең шатқалды сайларын қуалап, «мұнан өтсек, өзіміздің Қызылтау, Ақтаудың да сілемі көрінер» деп келе жатады. Бір мезгілде жалғыз ғана асуы бар кезеңнен өте бергенде сойылдары шошаңдаған бес-алты аттылы «Таста! Таста!» деп, тап береді. Ес жиып болмайды, Дүкен мен Ықыласты сойылмен жасқап, ат сауырындағы қоржындарын іліп әкетеді. Базаршылап баюды күйттеп жүрген Дүкен жоқ, бала-шаға қолға қарар деп алған болмашы қант-шайдың ұрыларға олжа болғанына өкінбейді де. Сөйтіп, карсон, кернейдің ұрыларына қоржындарын ғана алдырғанына риза болып, Дүкен мен Ықылас елге келеді. Елге келген соң, ағайын-туған, көрші-қолаңмен жүздесіп болған соң, Ықылас көптен ұстамай сағынып келген қара қобызын қолға алады. Шайырын жағып, құлақ күйін келтіріп болған соң, сарыны мүлде бөлек бір күйге салады. Күй деуге де келмейтін, қасқырдың ұлығаны, қаншықтың қыңсылағаны сияқты тосын дыбыстар шығады. Енді бірде, даланың бір үйір аш бөрісі қосылып ұлығандай ұзақ сарын азынап тұрып алады. Қобыздың көкжал бөрі болып ұлыған тосын үнінен ауыл үйдің иттері шошынып, шабалана үріп, азан-қазан болады. Сонда Дүкен: «Шырағым-ау, мұның не?» – дегенде, Ықылас: «Көке, танымай отырсыз ба, кешегі Бұғылы, Тағылының ішінде кездескен қасқырлар емес пе!» – деген екен. Ықыластың тырнақалды күйлерінің бірі болған осы сарын кейін ел ішінде «Қасқыр» деген атпен тараған» [15, 261-б.; 16, Б.343-344.].

Бұл күйді қобызшы Жаппас Қаламбаевтың орындауы туралы: «Жаппастың орындауында көптеген күйлер ішінде «Қасқырдың ұлуы» атты күйін орындағанда, ол глиссандо қолданады. Бірақ бір ғажабы, онда екі ішек бойы бір кезде глиссандо жасағанда, екі дауыс емес, төрт-бес дауыс естіледі. Біз оның себебін қобыздың қыл ішегінен деп ойлағанбыз. Мысалы, бір топ қылды таққанда оның талшықтарының қаттылығының бәрі бірдей бола алмайды. Сондықтан әртүрлі қаттылықтағы талшықтар әртүрлі дыбыс беруі мүмкін дегендей ойлар келетін» – деп А.Жұбанов пікір қалдырған [17, 119-б.].

«Ықылас Дүкенұлы қасқырдың образын бейнелеуде ықшыш мүмкіншілігінің ебін тауып, ұтымды пайдалануда аса бір ептілік көрсеткені теориялық тұрғыда талданды. Хайуанға тән жыртқыштың

қасиеті шығарманың соңында ешбір диатоникалық нақты дыбыс шықпай, глиссандо әдісімен «қасқырдың ұлуын» бейнелеу – күйшінің ірілігі мен даналығының айғағы» [18, 18-б].

Қорыта айтқанда, бөрі, қасқыр түркі-моңғол халық ауыз әдебиетінде аталған халықтардың ата-бабасы ретінде қалыптасады. Сонымен қатар, фольклор туындыларының бірінің сюжетінде бөрі қорғаушы, жебеуші ретінде көрсетілсе, бірінде адам мен аңның бір-біріне айналуы кездесе, тағы бірінде қасқыр шамандардың киелі деп табылған аңы болған, әрі батырлық пен қайсарлықтың белгісі ретінде көптеген жырларда жырланады.

Орталық Азияда өмір сүрген көшпелі және жартылай көшпелі елдер арасында ең танымалы – жылқы культі. Зерттеуші Л.Халтаеваның айтуы бойынша, бурят және моңғол халықтарының ол төменгі, орта және жоғарғы – үш әлемнің өзара кірігу туралы космогониялық түсінігін көрсетеді [2, 12-б.].

Жалпы, түркі халықтарының әдет-ғұрыптары мен наным-сенімдеріндегі жылқының алатын орны туралы көптеген зерттеулер бар. Археологиялық тұрғыдан Б.Зайберт, мифтік тұрғыдан С.Қондыбай, тарихи тұрғыдан С. Әжіғали, этнографиялық тұрғыдан Ә.Төлеубаев, ортағасырлық түркілердің салт-санасындағы, діни өміріндегі жылқы культін айқын көрсеткен С.Нестеровтың зерттемелерінде жылқыға байланысты көптеген тың деректер келтіріп, ғылыми айналымға түсірген. Сондай-ақ профессор А.Тоқтабай өзінің қомақты еңбегінде мүмкіндігінше жылқыға қатысты ірілі-ұсақты мақалалар, әдебиеттердің бәрін саралай отырып, топтастырып, мейлінше тарихнамалық бағасын беріп, әртүрлі (биологиялық, экологиялық, әскери, этнографиялық, мәдениеттану) аспектілерде қарастырды. XVIII-XX ғасырда жылқы туралы мәліметтер жоңғарға қарсы соғысқан және Отан соғысының батырлары туралы тарихи жырларда молынан кездеседі. Түркі-моңғол халықтарының эпикалық жырларындағы батыр мен аттың бейнесі көркем образын тұңғыш зерттеген ғалым Р.С.Липец екенін айта кетейік. Қазақ халық әдебиетіндегі жылқы малының орны жайлы Ә.Қоңыратбаев, Н.Келімбетов, А.Қыраубаева, Р.Бердібай еңбектерінде құнды мәліметтер беріледі.

Жылқының жүрісі, сұлулығы, тектілігі, бейнесі – қазақтың барлық өнерлерінде бейнеленеді. «Қазақ түсінігінде жылқы – тектілік пен батырлықтың, достық пен адалдықтың, сұлулық пен асқақтықтың, бостандық пен егемендіктің символы» [19, 3-б.].

Көптеген түркі-моңғол халықтарының мифологиясында жылқы образы мен адам бір-бірімен тығыз байланысы мен бір-бірін толықтыратыны туралы сюжеттер көптеп кездеседі.

Мысалы, «башқұрт халқының «Урал батыр», «Заятуляк и Хыухылу», «Идукай и Мурадым» атты эпостарында Ақбузаттың, яғни өмірдің күші, жылулығы, жарығының қайнар көзі – Күн-анасы, көк бейнесі, сиқырлы күші (отқа салсаң жанбайтын, суға салсаң батпайтын, желден жүйрік, шабысынан жел тұратын, адам тілінде сөйлейтін, ақылды, жауыз күш иелеріне қарсы шығатын, батырдың көмекшісі) әсем бейнеленеді» [20, Б.109, 123-124, 125.].

Тұлпарлардың мұндай қасиеттері қазақ эпостарында да кездеседі, қырық күндік жерге бір күнде жететін Тайбурыл – «Балжыңгер» күйіне негіз болған ет пісірім уақытта Марқа көлді айналып шығатын қанатты пырақ, «Орақ-Мамай», «Едіге» жырларындағы күміс құйрық тұлпарлар, қанатты тұлпарлар туралы сюжеттер жиі орын алады (башқұрт эпосы «Кузыкурпяс и Маянхылу», қазақтың «Алпамыс» (Байшұбар), «Қобыланды» (Тайбурыл), «Ер Тарғын» (Тарлан) т.б.).

Көптеген түркі-моңғол халықтарында ұл баламен құлынның бір уақытта дүниеге келуі жақсы ырым болып саналған. Бұл сюжетпен қатар жетім баланы өз құлынымен бірге асыраған бие сюжеті де кейбір халықтардың эпосында кездеседі (алтай эпосы «Маадай-Кара», хакас эпосы «Алтын Арыг», өзбек эпосы «Гороглы» және т.б.).

Сонымен қатар, барлық түркі халықтарының жырларында «атты мадақтау» кең тараған, «Күлтегін» жырында аттың түрлері, жауынгерлердің тұлпарлары туралы айтылады.

XV-XVIII ғасырдағы көркем әдебиетте Қазтуған, Доспамбет, Ақтамберді, Шалкиіз, Бұқар жыраулар шығармашылығынан олардың жылқы сүйгіштік қырын танып, жылқы бейнесін шебер суреттеуімен қатар, азамат пен тұлпар бейнелерін астарлап ұқсатқан теңеу жолдарын көреміз. Мысалы, жыр жолдарында жақсы адамды арғымаққа теңесе, жаман қасиетті адамдарды жабыға теңеген.

Сонымен, көшпелі халықтардың эпосында жылқы бейнесі батырды толықтырып тұратын, әрі оның серігі ретінде жырланған.

Көптеген халықтарда жылқыға қатысты әдет-ғұрыптар адам өмірінің кезеңдерімен астасады, мысалы әйел толғағын жеңілдету үшін атқа мініп дүбірлетіп шабу дәстүрі болған. Бұдан басқа көптеген жылқыға байланысты әдет-ғұрыптар мен наным-сенімдер туралы толық А.Тоқтабай еңбегінде келтіріледі [19.].

Батырмен бірге қабірге жылқысын көму рәсімімен үндескен сюжет те эпостардан орын алған. Мысалы, қырғыз эпосы «Манаста», немесе мінген жылқысын иесінің қасына көму хакас, якут, алтай халықтарында [21, Б.219, 147, 253.], сонымен қатар «Шығыс Қазақстанда б.з.д. VIII-V ғғ. жататын зерттелінген қорғандарда адаммен қоса жылқыны жерлеудің үш түрі анық байқалады: адамға арналған жылқыны толығымен жерлеу, қабірге жылқының терісін, бас сүйегін не сүйегін қою және тек ат әбзелін (ауыздық, сулық және т. б.) жерлеу толықтай кезігеді. Дегенмен де осындай жерлеудің кеңінен таралған өңірі-таулы аймақ, ал шарықтау шегі б.з.д. IV-II ғғ. болса керек. Бұған пазырық мәдениетіне жататын жерлеу кешендеріндегі ашылған сансыз жылқы жерлеулері дәлел бола алады» [22]

Алтайдан Қарақаба өзенінің жағасында қазба жұмыстарының нәтижесінде белгілі археолог, тарих ғылымдарының докторы Зейнолла Самашевтің жетекшілігімен жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында шамамен 40 жастағы сарбаздың сүйегі табылды. Сарбаздың қасына қобызға ұқсас музыкалық аспап пен ат жерленген.

Алтайдан Қарақаба өзенінің жағасында қазба жұмыстарының нәтижесінде табылған 40 жастағы сарбаздың сүйегі, қобызға ұқсас музыкалық аспап пен ат*




* Сурет <http://e-history.kz/kz/publications/view/700> сайтынан алынды

Айтылған мысалдардан, батырдың өмірдегі серігі өлген кезде де бірге көміліп, адам бұ дүниеден о дүниеге апаратын көлік, дәнекерші рөлін атқарады деген түсініктен туғанын көреміз.

Алматы маңынан табылған Алтын адамның бас киімінде ешкі мүйізді алтын қанатты жылқы бейнеленген. Пырақтың ешкі мүйізділігі туралы «Қорқыт ата кітабының» Бейрек туралы жырында айтылған.

Бұл туралы «Бас киімде жылқы текенің мүйізімен бейнеленген, бұл күн құдайы мен рулық тотемнің бірігуінен болса керек. Мұндай археологиялық жәдігер Алтайдағы Пазырық қорғандарында да табылды» [23, 53-б.]. Бұл қанатты тұлпар кейін елтаңбамызға енді.

4-сурет. Алтын адамның бас киімінің эскизі*



Жоғарыда айтып өткеніміздей қанатты тұлпарлар бейнесі Орталық Азия халықтарының аңыздарында, эпостарында, аспаптық музыкаларында кездеседі. Соның ішінде жылқы бейнесіне арналған

* Акишев К.А. Курган Иссык.- Моква.: Искусство. – 1978. 142 с. 44 с.

аспаптық күйлер жеткілікті, мысалы башқұрт қурайы мен қазақ сыбызғысына, домбырасы мен қыл қобызына, қырғыз қыл-қияғы мен қомузына, моңғол моринхуурына және түркімен дутарына т.б. Көптеген жарияланған ноталық жинақтардан А.В. Затаевич «500 и 1000 песен и кюев казахского народа», «Қазақ музыкасы антологиясы», «Қазақтың 1000 күйі антологиясы» жылқыға арналған күйлерді көруге болады [24, 25, 26]. Айта кетерлік жайт, жылқыға арналған 60-тан аса ән, қазақ аспаптық музыкасында (домбыра, сыбызғы, қобыз) шамамен 122 күй бар екен. Абылдың «Ақсақ құласы», Дәулеткерейдің «Қарақасқа аты», Динаның «Қара жорғасы», Тәттімбеттің «Бозайғыры», Сейтектің «Көкала аты», Сармалайдың «Қара жорғасы», Қазанғаптың «Торы аты» т.б. сияқты дәстүрлі күйдің әр мектебінде сақталған авторлық күйлер жеткілікті. Мысалы, тек қазақ күй өнерінде Алтай-Тарбағатай күйшілік мектебінің өзінде сол мектептің белді өкілдерінің бірі, ХІХ ғасырда өмір сүрген Бейсенбі Дөненбайұлының (1803 – 1872) шығармашылығында «Ала көз аттың жүрісі», «Көк шұбар аттың жүрісі», «Қара құлақ аттың жүрісі», «Майда қоңыр», «Майда жал» секілді 20 шақты атқа арналған күйлері бар.

Соның ішінде жабайы, дала жылқысы құлан культіне арналған «Ақсақ құлан» күйі Қазақстанның барлық күйшілік мектептерінде, Шығыс Қазақстан, Сыр бойы, Маңғыстау, Ақтөбе облыстарында бірнеше нұсқасы сақталған (Н.Жәлімбетов, Қ.Медетов, Р.Омаров, М.Өскембаев т.б. орындауында). Күйдің шығу тарихы домбыраның шығу тарихы домбырамен байланыстырылса, бірде Жошы ханмен байланыстырылады.

Аңыз күйлердің құрылысы мен семантикасын зерттеген ғалым С.Раимбергенова бойынша, «күйлерге тән ортақ ерекшеліктер көбінесе квинта бұрауында болуы, ондағы музыкалық сипаттау құралдармен берілетін жануардың шабысы, ақсақ құланның жүрісі ақсақтар туралы күйлер біртұтас аспаптық музыканың бір саласын құрайтынын дәлелдейді» [27, 91-б.].

Кезінде Роман Роллан А.В. Затаевичке «Ақсақ құлан» күйі туралы «Мен осындай күрделі психологиялық драманы екі пернелі құралмен жеткізе білгендікке қайран қалдым. Өзім де тарихтың толқынына кіріп кеткендей болдым» деген екен [25].

Сонымен қатар, «ақсақ» эпитетімен кездесетін сакралды образдар ақсақтар мифін көрсететін күйлер – «Ақсақ марал», «Ақсақ кой», «Ақсақ қаз», «Ақсақ аю» күйлері сақталған, С.Раимбергенова бойынша қазақтың

жерлеу салтымен және о дүние туралы дуалистік тұжырымдармен байланысты ерте тотемдік ілімдері мен нанымдары, киелі аңдар жайлы ежелгі күй-аңыздардың семантикасын құрады.

«Көктөбел», «Қара құлақ аттың жүрісі», «Кербалақ», «Көкбалақ», «Тепеңкөк», «Салкүрен», «Телқоңыр», «Бесжорға», «Бозайғыр», «Қара жорға» сияқты қазақ халқының түсінігіндегі жылқы өндері мен реңдеріне, тұқымына байланысты көптеген халық күйлері кездеседі.

Сонымен қатар, «Тұрмысқа лайық, ерге серік, киелі жануар жылқы «қанатты пырақ» ретінде жырланды, яғни көк тәңіріге жалбарыну, көкті, аспанды пір тұту, қасиетті санау киеге (культке) айналдыру жағы басым болды, соған байланысты күйлер: «Көк дөнен», «Көк төбел», «Көк шағыр», «Тепеңкөк» деп көне күйлерге берілген атаулардағы аспан түстес ғарыштық көк түстерді беруден аңғарамыз» [19].

Қазақ күйлерінің ішінде ең көп кездесетін күйлердің бірі халық күйі «Тепең көк» күйінде жылқының тепеңдеген шабысы ғана емес, қиындықты жеңуге көмектесетін өнердің сиқырлы күші туралы баяндалады. Аңыздың бір нұсқасы бойынша: «Кедей жігіттің жалғыз аты болған. Үлкен тойда атын бәйгеге қосады. Өзі бәйгеге қосқанда алдына қара салмайтын жүйрік екен. Бірақ бір қасиеті, тері шықпаса мүлдем шаба алмайды, ол жақсылып тері шықса қандай жарыс болса да алдын бермейді. Аттың сыры иесіне мәлім демекші, сол елде үлкен ас болып, жан-жақтан небір сәйгүліктер келеді. Аста ат шабыс, жамба ату, балуан күрестері белгіленіп, озғандарына жүлде тағайындалады. Бұл жарысқа әлгі кедейде келеді. Көк тұлпарын жарысқа қосу үшін иесі бәйге басталмас бұрын қанжығасына екі дорба құмды өңгеріп, әрлі-бері желдіртіп, терін шығарып тепеңдетіп келе жатқанда елдегі бір домбырашы көріп, аттың сұлулығына, жүрісіне көңілі толып «шу жануар Тепең көк» деп күй тартыпты» десе [28, 107-б.], енді бір нұсқасында «Бәйгеден келер аттардың жолын тосып дөң басына шығып домбырасын алады да «Тепең көктің жүрісіне риза болып көңілі толқып бір күй ойнайды. Күйде Тепең көкті мақтап жатқан жері.

Айт – шу тепең көк

Айналайын тепең көк

Кекіліңе болайын.

Келтеленген жібектей, – деп мақтайды.

Күй сарынын естіген Тепең көк бойына күш бітіп сәйгүліктерді шаң қаптырып жарыста жалғыз келген екен дейді. Кедей жігіттің Тепең көгі бәйгеден жеңіп шығып қалың топтың алдында мерейі үстем болыпты» [29, Б.116-119.].

Сонымен қатар, қазақ халқы жылқының сұлулығы мен жүрісін бейнелей отырып, халықтың мінез-құлық ерекшеліктерін «боз», «шұбар», «қоңыр», «күрең», «жорға» аттарымен кездесетін күйлермен сипаттағандай («Бозайғыр», «Шұбар ат», «Майдақоңыр», «Қара жорға», «Телкүрең»).

Қазақ күй өнерінде «Қара жорға» атауымен халық күйлерінен авторлық күйлерге дейін 10-нан аса күйлер кездеседі (Халық күйлері – Жетісу, Батыс Қазақстан аймақтарында кездеседі ⁴², Абылай ханның күйі ⁴³, Бапыштың күйі⁴⁴; Асан Көнек, Мырза, Досжан⁴⁵, Қазанғап, Молдағали Балымбетов⁴⁶, Жолды⁴⁷).

Қазақ халқының музыкалық мәдениетінде сонымен қатар «Қаражорға» биі сақталған. «Қара жорғаны» алпыс жыл билеп, осы өнерінің арқасында 57 мемлекетті аралаған Арыстан Шәдетұлының мына сөзіне мән берелік: «Қара жорғаны» мен «буын би», «бақсы би» деп те атадым. Бала кезімде көргенмін, «Қара жорға» күйі шертілмесе, бақсылар билей алмай, жылан құсап ирелеңдеп жатып алатын. Бұл – шаманизмнен қалған нәрсе. Сондықтан «Қара жорға-ның» тарихы тереңде. Қытайдағы қазақ тарихшылары бұл биді тастарда таңбасы қалған Орхон түріктерінің заманынан тарқатады. «Қара жорға» моңғолдарда да бар. Бірақ біздің «Қара жорғамыздың» тарихы моңғол биінен әріде жатыр. «Қара жорға» биінің тарихы XII ғасырдан арыға кететін көрінеді. «Оның өзге туысқан ұлттардың немесе қазақтың басқа да билеріне ұқсамайтын өзіндік дара қасиеті сол, оны билеген сәтте адамның барлық буындарының қозғалысқа енуі», – дейді өнерлі ақсақал [30]. Жалпы «Қара жорға» атымен қазақ халқында ғана емес,

⁴² Мүптекеев. Б., Медеубекұлы. С. Жетісудың күйлері. – Алматы.: «Өнер», 1998. -364бет. м29-б.; Есенұлы А., Елеусізқызы Г. Күй керуені.– 1997. Орындалмайтын нұсқасы. Халық күйі. Төлеген Момбековтың орындауында. Б. 68-69; Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі. Батыс Қазақстан. орындайтын Б.Құбайжанов;

⁴³ Абылайхан «Қара жорға» – күйдің тарих нұсқасын Асылбек Майтасовтың орындауында А.В.Затаевич нотаға түсірген – 500 ән-күй. №280. 158 б.; Мерғалиев Т., Бүркіт С., Дүйсен О. Қазақ күйлерінің тарихы. – 2000. 320 б. 199 б.;

⁴⁴ Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі. Қаратау мектебі.

⁴⁵ Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі. Сыр өңірі.

⁴⁶ Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі. Батыс Қазақстан

⁴⁷ Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі. Маңғыстау

башқұрт, қарақалпақ, қалмақ халықтарының аспаптық музыкасында шығармалар кездеседі. Мысалы башқұрттарда «Қара жорға» (Қара жорға) деп аталатын жылқыға арналған күйлер мен аттас эпос және би кездеседі. Қалмақтарда, Ыстық көл қалмақтарында қара жорға биі «Хар жорға» атымен кездеседі [31, 57-б.]. Қарақалпақ халқының дутар аспабымен орындалатын «қара жорға» күйі кең таралған. Бұл би тавшур аспабының сүйемелдеуімен орындалады. Бұдан басқа, башқұрттарда жылқының шабысын салатын: «ат сабыу» (жылқының дүбірі), «атиюгерге» (жылқының шабысы), «юрға юөрөшө» (жорғаның жүрісі) және т.б. билер сақталған [32, 623 с.]

Қазақ батырларының жылқыға деген көзқарасының ерекше болғаны бәрімізге белгілі. Хандар мен батырлар кез келген жылқыны емес, тек асыл тұқымы жылқыларды ғана мінген. Батырлар мен хандардың жанында жүретін күйшілер олардың жорыққа шығартын жылқыларына арнап күйлер шығарған. XVIII–XX ғасырларда, жоңғар шапқыншылығына және орыс отаршылдарына қарсы азаттық соғысында қазақ хандары мен батырлары мінген сәйгүліктеріне арналған бірнеше күйлерді атап өтуге болады. Абылайдың «Майдақоңыры» мен «Алмажайы», «Кенесарының Көкбалағы», «Исатайдың Ақтабаны», «Жәнібектің көк дөнөні», сыбызғыға арналған халық күйі «Қабанбай батырдың жауға шапқандағы қу бас аты» т.б.

Этномузыкант, ҚР Мәдениет қайраткері Еділ Құсайыновтың репертуарында заманауи «Тұлпардың шабысы» атты шаңқобыз аспабына арналған композициясы қанатты тұлпарды бейнелейді. Шығармасын орындау барысында автор: «Мен атты бейнелемеймін, оған сырттан қарап тұрып өзім де оған (жылқыға) айналамын – ол сияқты шаршап, оның сезгенін мен де сеземін. Композицияның соңында аспанға ұшып кетеді де желдің уілін естиді...» [33, 200-б. 14 трек].

Жоғарыда айтып өткеніміздей жылқы культі музыкалық аспаптардың, оның ішінде ыспалы ішекті аспаптардың құрылысында орын тапты (моңғол моринхууры, буряттың хуры, тувалық игиль, бызаанчы және т.б.). Бұл аспаптардың басы (головка грифа) жылқының басына ұқсас етіп ал ішектері жылқының қылынан жасалған (қазақтың қыл-қобызы, моңғол моринхууры, буряттың хуры, тувалық игиль, бызаанчы және т.б.).

Түркі тілдес халықтардың музыкалық аспаптары

				
Ат басты Топшур аспабы Алтай Республикасы. 2002 жыл*.	Аттың басымен әшекейленген тувалық Екі ішекті ыспа- лы аспап игил**	Тувалық бызаанчы	Монғол моринхууры	Аттың қаңқасынан жасалған бұйым***.

Мысалы, қазақ халқының қыл қобызының ішегі мен ысқышына жылқының қылы тағылады, бұл туралы қазақ фольклорында да жырланады:

*Бесті айғырдың құйрығын,
Ішек қылған қобызым.*

Сонымен қатар, тува, моңғол халықтарының арасында көп тараған ыспалы аспаптардың пайда болуы туралы аңыздарда баяндалады. Зерттеуші В.Сузукей тувалық нұсқасын өзінің анасы Ондар Сузукейден (1927-2004) естіген [34, Б.28-29.].

Мұнда, Ескюс уулдың (тувалық ертегілердегі кейіпкер) ноянның табынынан жетім қалған құлынды асырап алғаны, ол кейін маңдайында жұлдызы бар, жүйрік тұлпар болып өскені, кейін оны бұрынғы иесі көре алмай өлтіріп, Ескюс уулдың түсіне еніп адамдауысымен оған «менің

* Сурет Левин Т., при участии Сузукей В. Музыка новых номадов. Горловое пение в Туве и за ее пределами. – М.: Издательский дом «Классика-XXI», 2012. – 336 с. 101 б. алынды

** Сурет Левин Т., при участии Сузукей В. Музыка новых номадов. Горловое пение в Туве и за ее пределами. – М.: Издательский дом «Классика-XXI», 2012. – 336 с. 36 б. алынды

*** Сурет Карсакбаева А.А. Смычковые музыкальные инструменты у тюрко-монгольских народов. Казахский кыл-кобыз и монгольский моринхур (аспекты сравнительного изучения). Алматы. 2012. 122 б. диссертациясынан алынды

қалдығымды таудың жағасынан табасың, бассүйегімді балқарағайға іліп, ағашынан музыкалық аспап жаса, қылымнан ішек так, ойнаған кезде жоғарғы әлемнен менің бейнем түседі» деп аян бергені туралы баяндалады.

Моңғол халықтарында моринхуур аспабына арналып шығарылған моңғол композиторлары Л.Идербат «Морин тувургуун» (тұяқтар дыбысы), Си Бао Ли Гао «Мың аттың дүбірі» аттың бейнесіне арналған минитюралық пьесалары бар [35, Б.105-107.].

Моңғолдардың түсінігі бойынша, әуен «аңыздағы ұшып бара жатқан қанатты тұлпардың қылының желдің әсерінен пайда болған» [36, 64-б.; 37, 35-б.]. Өнертану докторы С.Утеғалиева бойынша, «мұндай бейнелік салыстырудың шындық негізі бар. Қазіргі түркі-моңғол халықтарының ата-бабалары, ежелгі көшпенділер аттық шабысы кезінде желдің әсерінен жылқының құйрығының қылдары бір-бірімен үйкеліп «музыкалық» дыбыстар шығарады. Мұның бәрі моңғолдың қыл ішекті ыспалы аспабы моринхуурдың пайда болуына әсер етуі мүмкін» [37, 35-б.].

Сонымен қатар моринхуур аспабында ойналатын Бат-Эрденнің орындауында «Жонон Хар» туындысы табылды [33, 29 трек]. Бұл туралы В.Сузукей: «тувалықтар тарихтың барлық кезеңдерін дыбыс бояуы мен ырғақтар арқылы естіп және қабылдай алады...» [33, 159-б.].

Зерттеу барысында біздің қолымызға Алтай халқының шоор аспабымен (үрлеп ойналатын сыбызғы тектес аспап) орындаушы Кобдоның орындауында «Жүгірген ат» атты шығармасы қолға түсті [35, 16 трек]. Бұл шығармада «айналып» келетін мелодиялық паттерндер бір биіктікте қайталанатын тремолалы ырғақтық фигуралармен ауысып тұрады.

Сонымен қатар, алтай топшурына, хакас тошпулурына, қырғыз қылқияғы мен комузына, түркімендердің дутарында орындалатын жылқыға арналған шығармалар жеткілікті. Сібір халықтарының шаңқобыз тектес аспабында орындалатын атқа арналған шығармалардың барлығында табиғат дыбыстарына еліктеуді естуге болады – аттың тұяғының дыбысы, шабысы, қаңқылдаған қаз, көкек дауысы, желдің үілдеуі, су, жаңбыр тамшылары т.б. тамаша суреттеледі.

Қорыта айтқанда, түркі-моңғол халықтарының ауыз әдебиетінде жылқының үш түрі бейнеленеді: адам кейпіне ауыса алатын, қанатты тұлпарлар, су немесе жерасты (маңғыстаулық қазақтар теңіз жылқыларын суын деп атаған).

Көптеген халықтарда жылқыға қатысты әдет-ғұрыптар адам өмірінің кезеңдерімен астасады (әйел толғағын жеңілдету, ұлбаланың кіндігін айғырдың жалына байлау және т.б.). Мұнда жылқының бас сүйегі, қылы, сонымен қатар ат әбзелдері де тұмар ретінде қолданылады.

Жылқы бейнесі түркі-моңғол халықтарының музыкалық аспаптардың құрылысында орын алған.

Музыкалық шығармаларда жылқы жануарының бейнесі асқан көркемділікпен музыканың аса шебер тілімен жеткізілген. Түркі моңғол халықтарының музыкасындағы жоғарыда аталған шығармалар бойынша еліктеу, табиғат бейнесін суреттеу болса, қазақ музыкасында зерттеуші, музыкатанушы Т.Жұмалиева бойынша «қазақ әндерімен күйлеріндегі табиғат және жануарлар бейнесі, бұл тек өзіндік эстетикалық функциялық мәні бар декоративті пейзаж емес, көбінесе шығарушының ойы мен сезімін эмоционалдық тұрғыда ашуға көмектесетін әсерлі көркемдік құрал. Сонымен қатар, көп кездесетін шабыс бейнесі бүтін бір бейнелер палитрасын шоғырландырған – нақты образдардан бастап философиялық – уақыт жүрісі, кеңістік, тарих» бейнеленеді [38, 61-б.].

Қазіргі таңда 23 сәуір күні 2014 жылы «Жылқы жылы» аясында, қазақ өмірінде, дүниетанымындағы жылқының орны мен маңызын білдіретін күйлер мен әндерді насихаттау мақсатында Алматыда «Адырна» ұлттық-этнографиялық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Дүлділ ән мен пырақ күй» атты әсем ән мен тәтті күй кеші өтті. Кешке көптеген өнер майталмандары қатысты. Жоламан Құжыманов, Рамазан Стамғазиев, Айгүл Үлкенбаева, Талғат Мұқыш, Еркін Нұрханов, Ерлан Төлеутай, Еркін Шүкіман, Ақан Әбдуәлі, Айгүл Қосанова, Ардақ Исатаева, Ұлжан Байбосынова, Тілеулес Құрманғалиев, Сейіл Аяғанов, Абзал Қуанышев, Талғат Әбуғазы, Саят Нұрғазин, Жақсыкелді Маясаров, Серік Сатыбаев, Жасұлан Қоңыров, Жасұлан Сақаев, Бақтияр Ақымжанов, Ғалым Қабденов, Сырым Нұрмолдин, «Тұран» тобы, «Алашұлы» тобы.

Келесі тотемдік жануар – теке, тау теке, марал. Бұл бейне көптеген түркі-моңғол халықтарының фольклорынан кең орын алған. Соның бірі синкретті жанр «ортеке» – музыкалық-театралдық өнері. Қазіргі кезде «ортеке» өнері ғылыми тұрғыдан алып қарағанда аз зерттелген құбылыс екені белгілі. Оны зерттеу – түркі халықтарының қуыршақ өнерінің қайнар көзін айқындаудың жолы және (басқа да өнер түрлерімен қосыла танылғанда) жалпы мәдени мұрасын тануының кілті болып табылады. Зерттеу жұмысы қазақ халқының «ортеке» және оған ұқсас құбылыстары туралы этнографиялық, өлкетану, тарихи-мәдени материалдарына,

қазақ және басқа да түркі елдерінің музыкасын зерттеуге арналған этномузыкатанушылар еңбектеріне және қазіргі замандағы «ортеке» ойнатушыларының ауызша жеткізген мағлұматтарына сүйеніп жазылды. Ұлттық этномузыкатану ғылымында «ортеке» өнеріне арнайы еңбектер арналмағандықтан, өз зерттеуімізде біз көбіне бұл құбылыстың өз дәстүріміздегі болмысына көңіл бөлуге тырыстық. Ортеке өнерінің баламалары басқа да түркі-моңғол халықтарының мәдениетінде де кездеседі, дегенмен, жоба барысында қазақ мәдениетіндегі «ортеке» өнерімен шектелуді жөн көрдік. Зерттеу жұмысы барысында анықталған мәселелердің көбі шағын очерк шеңберінен кең көлемде болуына байланысты ұсынып отырған еңбегіміз көрсетілген ғылыми тақырыптың ашылуының алғашқы қадамдарының бірі деп қабылданғаны абзал.

Қазақтың этномузыкатану және этнотеатртану ғылымдарында «ортекенің» ғылыми-теориялық тұрғыдан жан-жақты және терең танылмауының негізгі себебі – бұл өнердің сирек орындалуына және деректердің аз болуына байланысты. Дегенмен, «Ортеке» феномені туралы отандық авторлар жазған алғашқы мағлұматтар XX-шы ғасырдың 30-шы жылдарынан бастап республикалық мерзімді баспасөз беттерінде және ғылыми-көпшілікке арналған басылымдарда кездесе бастайды.

1935-ші жылы белгілі зерттеуші, ғалым А.Жұбанов «Казахстанская правда» газетіне мақала жариялап, онда төмендегідей деректерді келтірген: «...Ойын кезінде қуыршақ секіріп, бірде орғып, әртүрлі бұрылыстар жасайды. Кейбір кезде домбырашылар оған жылқының, еркек пен әйелдің бейнелерін қосатын болған. Олар әуеннің ырғағымен билейді. Шебер орындаушы домбырада күй тартып, жоғарыда атап өткен бейнелерді түрлі қимылдарға келтіріп, бірде секіртіп, бірде жүгірткен. яғни біресе секірген, қимылдарын жасай білген». Белгілі домбырашы Науша домбырамен күй тарта отырып, ағаштан жасалған аталған 4 түрлі бейненің қозғалысын бір жүйеге келтіре отырып, әдемі ойнатқаны да белгілі». (Ауд.Б.Ә.). Ғалымның айтуы бойынша қазақтың қуыршақ театры өз бастауын осы «ортекеден» алады [39]. Бұл жайлы театртанушы Е.Жуасбек өз еңбегінде, қазақ фольклорында театр элементтерінің мол үлгісімен ерекшеленетін «дала театрын» келтіреді. «Дала театрының» басты шарты, осы өнерлердің жеке дара өздігінен ғана өмір сүрмей, ең алдымен көптеген көрермендер үшін шексіз көрушілермен қатар өмір сүретіндігі» [40, 11-б.]. Зерттеушінің пікірінше, «ортеке» ойыны да көлемі жағынан ықшамдау болғанымен көрермендеріне шек қоймаған. «Ортекені» «театр» деп аталуын ойын-сауық ететін алты-бақанның

тұсынан болсын, үлкен той өткізген ауыл болсын, киіз үйдің іші болсын, әйтеуір ортеке өнері үшін орын табылып отыруымен түсіндіреді.

Көрнекті мемлекет қайраткері Ө.Жәнібеков «Эхо... По следам легенды о золотой домбре» атты еңбегінде «Бірде Шымкенттік студент жастар арасында өткен кездесу, пікір алысу кешінде халық фольклорын жетік танушы ұлы М.О.Әуезовтың өзінен ортекешілер өнері туралы әңгімесін есту бақытының сәті түскен еді», – деген пікір қалдырады, М.О.Әуезовтың «Ортекешілер қазақтың қулары сияқты, ел аралап қыдырып жүретін бишілер. Олар байқаусызда орға түскен ор текенін әрекетін өз биінің мазмұнында көрсететін. Кейін белгісіз бір жағдайлармен орындаушылық өнерінің дәстүрі жоғалған сәтте «Ор теке» биі арнайы қобдиша тектес орынға бекітілген кішкене қуыршақ серкенің орғуын-секіруін салған қызықты көрініске айналады. Домбырашының қолына ілінген ішек-жіп арқылы байланған қуыршақ – ор теке күйдің орындалу барысында секіріп, аунап әуеннің ырғағын сезінетіндей билейтін сияқты көрінеді», – деп сипаттаған жолдарын келтіреді. [41, Б.261-262.]

«Ортеке» дәстүрі қазіргі уақытта да жалғасуда. Батыс Қазақстан өңірінде тұратын музыкалық аспаптарды жасаушы шебер Жәнібек Әбілпейісов «ортеке» өнерін меңгерген. Оны бұл өнердің ең көне түріне жатқызады. Ж.Әбілпейісовтің бұл театралды-музыкалық көрінісіне текеден басқа, адамдардың, жылқының және есектің бейнелері де қатыстырылады. Өз көрінісін Жәнібек «Қожанасырдың есекті үйретуі» деп атайды. Оның жеткізген мағлұматы бойынша, ортеке өнерінің пайда болғанына 3000 жылдай болған екен [42].

Белгілі күйші, мәдениет қайраткері және зерттеуші Абдулхамит Райымбергеновтің дерегі бойынша, ертеректе қазақтарда «ортеке» өнері қазіргі заманмен салыстырғанда анағұрлым дамыған түрде тараған екен. Күйшілер бұрын бірнеше бес немесе сегіз текенің бейнелерін ойната білген, ал бұл – шебер орындаушылықтың белгісі болып саналған. Сонымен қатар, күйтанушы Маңғыстау дәстүрінің аса көрнекті өкілі Мұрат Өскембаев «Сегіз лақ» күйін ойнай отырып, сол қолының саусақтарына сегіз текенің жіптерін бекітіп ойната білгенін, текенің бейнелері арнайы қондырғыда емес, үй ішіндегі киіздің үстінде



билегенін айтып жеткізді⁴⁸. Өкінішке орай, қазіргі заманда мұндай орындаушы шеберлер қалған жоқ, ал олардан жалғасуға тиісті болған орындаушылық техника да сақталмаған.

«Ортекенің» біздің заманымызға дейін сақталған аспаптық үлгілерінің әуендік иірімдері мен ырғағы бұл өнердің ұлттық хореографиямен сабақтастығын көрсетеді. Көптеген қазақ халық күйлерінің музыкалық болмысынан ұлттық музыкалық мәдениетіміздің тарихында ертеде небір ырғақты әр түрлі билердің өткені туралы білуге болады. Дәстүрлі билер үлгілеріндегі («Өрмек биі», «Қара жорға», «Тепең көк», «Ұтыс биі», «Қоян биі», «Қоян бүркіт» және «Ортеке») нақты-сезімтал бейнелерде көшпелілердің тұрмысы мен дүниетанымының ерекшеліктері бейнеленген. Ұлттық ғұрыптық билеріміз туралы аз этнографиялық мағлұмат сақталғандықтан, өнертануымыздың бұл саласы да өз зерттеулерін күтуде. Ұлтымыздың тарихының алғашқы дәуірлерінде мұндай билер арбаушылық, дуалық мақсатта орындалып, белгілі бір символикалық міндет атқарған. Сонымен қатар, адамдар жануарлар қимылына еліктеп, бұл әрекетін цирк көрінісі секілді қойған, яғни, мұндай билерді бейнеті мол еңбектен демалып сейілу мақсатында орындаған. Басқаша айтқанда, ортеке өнері, біріншіден, көшпенділер мәдениетіндегі аңды сиқырлауға арналған өнер ретінде туса, екіншіден, орға түскен текеге еліктеп, оның қимылдарын бақылаудан туған күлдіргі сипаттағы әрекет болған.



⁴⁸ А.Раимбергеновпен сұхбат

«Ортеке» атауымен зерттеу барысында қазақ музыкасында бірнеше күйлер табылды. Бұл күйлер «ортекені» ойнатуда қазіргі орындаушылардың репертуарында жоқ. Аңызмен орындалатын күйлер болып табылады [43, 132-б.]. Домбыра аспаптық музыкасының – күйдің ерекшелігі – тілсіз сөйлеу. Күйші күй арқылы күйшінің ішкі шерін, ойын жеткізеді. Сондықтан күй аңыздары күйдің айрылмас сыңарындай. Соған байланысты қазақтың дәстүрлі аспаптық мұрасында күй тартушы күйді тартпастан бұрын оның қысқаша мазмұнын немесе аңызын айтқан. Музыка мен сөздің бірлігі мағынасы жағынан әрі композициялық жағынан бір тұтастығы – күйдің синкретті жанрға жататынын белгілі музыкатанушы-ғалым А.Мұхамбетова жазған болатын [43, 120-б.].

Ортеке күйлеріне келетін болсақ, Батыс Қазақстан өңірінің орындаушысы Б.Құбайжановтың орындауында 1973 жылы жазып алынған «Ортеке» халық күйі аңызмен орындалатын ежелгі күйлердің бірі. (квинталық бұрау *c-g*). Бұл күй бірыңғай қайталанған ырғақтық желісінен құралған. Бұл берілген ырғақ текенің секіруі мен қозғалысын бейнелейді, күйдің аңызы қазақ фольклорында кең орын алған кейіпкер – Құламерген аңшының атымен тартылады. Күйдің аңызы зерттеуші Т.Әсемқұловтан жазып алынған. Аңыз бойынша, «Аңшы Құламерген тау текені көп атқан екен. Құламергеннің анасы баласы әрбір саяттан қайтқан сайын бір жапырақ етті кесіп қыл арқанға кигізіп қояды. Күндердің күнінде арқан етке толады. Сол күні оған түсінде аян болады. Таутекенің киесі қыз бейнесінде келіп «О, ана, сенің балаң неге бізді сонша есепсіз қырады? Тәңірі оған ырза емес. Адам өзінің керегінен артық алуға қақысы жоқ. Құламергенге сәлем айтыңыз – оның шелегі толды. Енді бір тамшы қан төксе қарғысқа ұшырайды», дейді. Ояна келе анасы баласының аңшылықты тоқтатуын сұрайды, алайда пайдаға құнығып алған аңшы анасының сөзіне құлақ аспай, тағы да аңшылыққа аттанады. Сол күні аңшы бірде-бір теке таппай, шаршағанын басып, бір тастың тасасына демалуға отырады. Осы кезде жанына бұрын көрмеген сүттей аппақ, мүйізі алтын бір теке көлденең өте береді. Аңшы оны жебесін тартып жіберіп, бауыздап, бір асым етті қазанға салып ұйықтап кетеді. Небір уақытта дүрс еткен дыбыстан шошып оянса, бағанағы өзі өлтірген теке түк болмағандай қарсы алдында тұр, көзінен от шашқан теке аңшыны үш рет айналып басынан бір теуіп ғайып болады.

Ертесіне Құламергеннің аты үйіне бос қайтады. Баласын іздеген ана оны қайнап жатқан бұлақтың басынан ұлының мәйітін табады. Осы хикаяны естіген домбырашы «бұдан былай аңшылар жөн-жосықты

бұзбасын, керегінен артық алмасын» деп осы күйді шығарған деседі» [44, Б.72, 73; 45, 135-б.].

Бұл күй аңызы түркі халықтарының дүниетанымымен байланысты, көшпенді халықтар әрқашан табиғатпен үйлесімде болған, күй аңызында табиғаттан шектен тыс, өзіне керегінен артық алмау заңдылығын бұзбау, ол бұзылған жағдайда жамандыққа ұшырайтыны туралы түсінік жатыр. Бұл туралы, Ш.Уәлиханов: «Қазақтар киеге үлкен мән береді. кейбір жануарлар мен құстарды, көшпелі тұрмысқа қажет заттарды киелі деп қастерлеп атпаған» [46, 210-б.]. Киелі аңдардың киесі бар, оларды құрмет тұту байлық пен құт әкеледі, оны қадірлемеген, өлтірген адамға кесірі тиеді деп түсінген. Аңшылықты кәсіп еткен мергендер жайлы аңыздарда тойымсыздық бойын билеген аңшыларды ақыр соңында аңның киесі ұрады делінеді.

Күйдің музыкалық құрылысына тоқталатын болсақ, күй бірнеше бөлімнен тұрады.

Бірінші бөлім А – кіріспе бөлімі – квинталық күйлерге тән жоғарыдан және төменнен ойнатылған (бурдондық ішекте *c* дыбысының көмегімен) *c-c'* ладтық тірегінен құралған. Бұл күй үлгісі бейнелеу немесе еліктеу күйлеріне жатады. Регистрлер арасындағы секірулер байқалады. Шығарманың толық құрылысы төменгі және жоғарғы регистрлер контрастынан құралған (қараңыз: тембрлік-регистрлік даму принципін [43, 240-б.]). Шағын интонациялар өзгертілген күйде қайталанып беріліп отырады. Күй барысында төрт рет қайталанатын көмекші әуен де кездеседі.



Күйдің интонациялық бірлігі текенің жүрісін бейнелейтін ұқсас ырғақпен беріледі. Жануардың секіруін суреттейтін пунктирлі ырғақтар да бар. Әуелде әуен *e'* дыбысына қарай қозғалса, кейін *g'* – ге қарай жүреді, бұл дыбыстық диапазонның кеңеюін білдіреді. Жоғарғы *g'* дыбысынан төменге *c'* дыбысына қарай өткен шағын әуенмен бірінші бөлімнің интонациялық материалы аяқталады. Бөлім В регистрдің ауысуымен ерекшеленеді: домбыраның төменгі регистрінде контрастық, қарама-қарсы әуен жүреді, ол бірнеше рет қайталанатын. Ырғақ өзгереді, триоль мен төрттік ноталар пайда болады. Кейін А бөлімі, яғни екі бөлімді байланыстыратын кіріспе бөлім қайталанатын.

Бастапқы интонациялық желісі кеңейтілген нұсқада беріледі (*g* дыбысының қосылуымен).

Кульминациясында жоғарғы дауыста секіру пайда болады, ладтық бояуы өзгереді. Төменгі дауыста *b* дыбысы қолданылады. Оның қайталануы шығармаға трагикомедиялық сипатын суреттейді. Күй В бөліміне бір қалыпты ауысады, төменгі регистрде контрастық әуен беріліп, кіріспе бөлім мен негізгі интонациялық желінің элементтері оралады. Күй төменгі дауыстағы секірулермен аяқталады.

«Ортеке» атауымен күйлерді жинау барысында төкпе және шертпе (Батыс Қазақстан және Шығыс Қазақстан домбыра дәстүрі) стиліндегі күйлер, сонымен қатар, квинталық бұрауда ғана емес кварталық бұраудағы күйлер кезікті. Ш.Қозыбақовтың орындауындағы халық күйінің би ырғағында жүреді. [47, 15-б.]. Тербелген ырғақтың арқасында, қайталанған әуенмен текенің жүрісі бейнеленеді. Күй формасы жағынан өте шағын. Негізгі ладтық тірегі – *d-a*.



Алғаш Б.Амановтың анықтауымен домбыра күйлерінің халықтық композициялық терминологиясына сәйкес, [45, Б.229, 230], төкпе күй келесі бөлімдерге бөлінеді: бас буын (бастапқы бөлім, төменгі регистр), орта буын (ортаңғы бөлім, ортаңғы регистр), саға (кульминациялық бөлім, жоғарғы регистр).

Күйдің бас буыны формасы жағынан кіші. Ол қайталанған екі элементтен құралған. Оның бірі кварталық интонация мен оның айналымы. Секірулерден құралған әуен текенің жүрісі мен орғыған қозғалысын бейнелейді.



Екінші элемент – *e* дыбысына дейін кеңейген дамыған түрінде беріледі. Екінші рет бас буында жүрген әуеннен кейін кульминациялық бөлім өтеді. Күйде транспозициялау принципі қолданылады, негізгі интонациялық-ырғақтық жүйе (өнертану докторы С.Утеғалиева

термині) жоғарғы регистрге көшіріліп, кішігірім өзгеріске түседі. Әуендегі ырғақтық секірулер сақталып, одан әрі үдей түседі, оның жоғарғы регистрде ойналуына ашық ішектегі негізгі тондар қосылады. Сонда ғана лигамен берілген ноталар, керісінше берілген пунктирлі ырғақ мелодиялық желісінің үзілгенін білдірмейді. Бастапқы кварталық интонация *g-c*, жоғарғы регистрде квинталыққа (оның айналымы) айналады – *c-g*. Күйдің ырғақтық желісі біркелкі, көбінесе сегіздік ноталар кездеседі. Өлшемі 6/8, кейбір кезде 9/8 өлшеміне ауысқанда күйге байсалдылық енгізеді.

Келесі «Ортеке» күйі XVII ғасырда өмір сүрген Байжігітке тиесілі (кварталық бұрау) [48, 124-б], көңілді, би ырғағында жүреді, екідауыспен қатар бірдауыстық фрагменттер кездеседі.

Формасы бойынша шағын шығармада төкпе және шертпе күй дәстүрінің элементтері кездеседі.



Күйдің ырғағы сегіздік паузалардың қолданылуымен ерекшеленеді. Күйдің басынан аяғына дейін қайталана отырып, бұл ырғақтық остинато ретінде қабылданады. Әуенде квинтаға, октаваға, септимаға секірулер кездеседі. Күйдің ырғағы ортаңғы бөлімде ғана өзгеріске түседі.

Жоғарыда айтып өткеніміздей «Ортеке» атауымен күйлерді бұл өнер барысында тартылды деген мәлімет кездеспеді, дегенмен бұдан басқа Шығыс Қазақстан оның ішінде Жетісу дәстүрінде аңыздарымен сақталған халық күйі «Сұр теке» (квинталық бұрау) [49, Б.29-30], Алтай-Тарбағатай өңірінде бірнеше нұсқасымен кездесетін «Көк серке» халық күйлерін [50, Б. 13-14, 221-222, 268-269.; 51, Б.304-305.]. Ортеке өнерінде қолдануға болады деген тұжырым жасауға болады. Олай дейтініміз, ортеке ертеден қалыптасқан өнер, оның аңшылық магиямен, тотемдік түсініктермен байланысты, сондықтан жоғарыда аталған күйлерде (квинталық бұрауда, өзіне тән қарапайым ырғағы мен, екідауысты фактуралы, яғни әуен бір дауыста орындалып, екінші дауыста бурдон жүреді⁴⁹) аңшылық магияның және бақсылық сарынға тән айналу

⁴⁹ Бурдондық екідауыстылық аспаптық көпдауыстылықтың ең байырғы үлгісі [Халтаева 1991, 3].

идеясын құрайтын қайталанған әуендер кездесетіндіктен оларды осы өнермен байланыстыруға толық негіз бар.

Сонымен қатар, зерттеу барысында белгілі болғандай ертеде Ортеке өнерінде қолданылған күйлер туралы сөз қозғайық, мысалы, жоғарыда айтып өткендей Маңғыстау өңірінің күйшісі Мұрат Өскембаев ортекені ойнату барысында «Сегіз лақ» күйін тартқан, сол қолының саусақтарына сегіз текенің жіптерін бекітіп, киіздің үстінде ойната білгенін. Бұл күй XIX ғасырда шамамен 1765-1845 жылдары өмір сүрген Батыс Қазақстанның күйшісі Боғданың күйі. Зерттеуші А.Тарақты өзінің «Күй шежіре» атты еңбегінде былай дейді: «Сегіз лақ» күйі Боғданың тырнақ алды туындысы болса керек. Мұңсыз-қамсыз балалық бал дәуреннің естелігі сияқты осы күйін тартқанда Боғда тулақ үстінде ортекелерді орғытып, ғажайып шеберлікпен жұртшылықты таң-тамаша қалдырады екен» [15, 201-б.]. Күйдің ортеке өнерімен байланысын А.Раимбергенов пен С.Аманова «Күй қайнары» еңбегінде көрсетеді [52, 121-б.].

Бұл туралы шебер Алмас Мұстафа⁵⁰: «Ортекені бала күнімізде домбырашы атамыз Алдамберді Ерғожаевтан көріп, қызықтағанбыз. Осыған ұқсас тағы бір ойыншық туралы деректі қарт журналист, еңбек ардагері Мұстафа Ысмағұловтан алдық. Ол кісінің айтуынша, Исатай батырдың ағайыны Қараұлы Боғда деген күйші әрі қолынан өр түрлі өнер тамған кісі болыпты. Үйіне Исатай қонақ болып келгенде, Боғда қатқан тулақтың тулақтың үстіне ағаштан жасалған сегіз лақты күй ырғағымен билетіп, Исатай батырдың көңілін көтерген екен. Боғданың сол күйі «Сегіз лақ» деген атпен халыққа тараған. «Сегіз лақ» күйі домбырашы Мұрат Өскенбаевтың орындауында күйтабаққа жазылған» – деп әңгімелейді.

Ортеке өнерімен байланысты тағы бір күй «Наурызбайдың ортекесі» [49, Б.95-97.]. Бұл туралы зерттеуші Б.Мүптекеев: «Қара қағыспен тартылатын күй сарыны аңшылықты баяндайды. Баяндау үстінде ортекені көз алдыға елестетеді. Оның секіргені, қашқаны, қарғығаны, бұлтарғаны оң қол қағысы арқылы бейнеленеді. «Ортеке» би күйлерін Нүрпейіс, Байтайлақ секілді күйшілер нақышына келтіре орындаған» [49, 94-б.].

Зерттеу нәтижесінде табылған мәліметтер бойынша Наурызбай

⁵⁰ «Алмас Мұстафаев – Алматы облысы Райымбек ауданы Сарыжаз ауылының тумасы. Абай атында ҚазҰПУдың «Қолданбалы қол өнер» факультетінің түлегі. Танымал домбыра жасаушы шебер. «Фаламарт» компаниясының негізін қалаушы» [<https://massaget.kz/blogs/11645/>].

күйшінің⁵¹ шығармаларының көбі «ортеке» биімен бірге орындалған [49, 94-б.]. Академик А.Жұбановтың айтуынша, атақты Тәттімбет өзінің «Бозжорғасын» күй ырғағына билетіп үйреткен [53, 80-б.]. Жетісудағы Байсерке де кей күйлерін «ортекемен» бірге орындаған. «Жетісу өңірінде таутекені, иә ешкіні немесе лақты бітеудей сойып терісін сылып алып, кептіріп, аяқтарына, мойны арқылы тұмсығына дейін жіп жалғап, күйші саусақтарына, болмаса білегіне іліп, ырғақты күй тартқан. Сонда алдындағы сұлба күй ырғағымен билеп тұратын болған. Кейін ортеке бейнесін ағаштан жасап, арнайы тұғырдың үстіне тұрғызып күй тарту, күй ырғағына ортеке билету дәстүрі де кең етек жайған. Бұл туралы шебер Дәркембай Шоқпарұлы да баспасөзге жазып, өзі де «ортеке» жасап көрсеткен болатын» [51, 94-б.].

Ортекенің ұланғайыр қазақ даласының әр аймағында әртүрлі дамығанын бүгінде байқауға болады. Соның бір мысалы суретші, ұлттық аспаптар шебері Жолаушы Тұрдығұловтың өзі туған Тарбағатай аймағында домбырашының жерге отырып ешқандай да тұғырға орнатылмаған қуыршақты екі аяғының арасына башпайларымен қысып алып ойнағанын бала кезде көргендігін айтады. Сондағы ойнатылған ағаш қуыршақтың аю болғандығын, ойнатушы адамның қуыршақпен бірге аюдың қимылын келтіріп отыратындығын айтады [54, Б.26-28.].

Сонымен қатар шебер: «Әкеміздің інісі Сібірге итжеккенге айдалған екен. Сонда жүріп ағаштан ортеке мен билеп жүрген аюды жасаған. Ел-жұртын сағынғанда ортекені билетіп, ән айтады екен», деді. Осыған байланысты аталған аймақта кең таралған «Жорға аю», «Ақсақ аю» күйлері осы қуыршақ өнерімен байланысты болса керек болжам жасауға болады. Аю бейнесі де түркі халықтарының тотемдік бейнесі болып табылады.

Ортеке ойнатудың өзіндік техникасы бар. Қуыршақтың қазіргідей тұғырға арнайы орнатылған нұсқасы емес, тек қуыршақты ұстап тұратын таяқшаның сыртына қозғалтуға көмек үшін кішкене түтікше орнатылып, сол түтікшені ойнаушы адам екі аяғының башпайларымен қысып отырып

⁵¹ «Руы – Қара кісі. Қарқара өңірінде туып өскен. Репертуарында «Мыңжылқы» деген де күй болған. Мыңжылқы – Қарқара жайлауының басындағы жердің аты. Бұл күйдің жалпы сарыны бірде халықтықы, бірде Сүгірдікі, енді бірде Төлеген Момбековтікі аталып жүрген «Мыңжылқы» күйінің мазмұнымен сарындас» [Мүптекеев Б., Медеубекұлы С. Жетісу күйлері. – Алматы.: Өнер. – 1998. 352 б. 94 б.]. Бұл дәстүрді жалғастырған Наурызбай күйші туралы, оның шығармашылығы туралы арнайы зерттеуді қажет етеді.

ойнайтынын жоғарыда айтып кеткенбіз. Бұл бүгінгі біз көріп жүрген ортекенің көне нұсқасы.

Ортеке нағыз қолөнер туындысы. Қуыршақтың кеудесі мен басы бір бөлек, сирақтарын бір бөлек ағаштан қияды. Оны жасауға жеңіл ағаштар қолданылады, мысалы, қайың, терек, жеміс ағаштары. Мүсін қойылатын тұғыр ағаштан құрастырылады. Бетіне ою-өрнектер ойылып, әшекейленген тұғыр арқылы қуыршақ пен орындаушыны жалғайтын темір сым өткізеді. Темір сым арқылы жіп жалғанады.

Қолданбалы өнер шебері А.Мұстафаның айтуынша, қуыршақтың тек сұлулығына ғана мән бермей, оның көркем әрі тартымды қозғалуы, ойнатушыға аса қиындық тудырмауын ескеру шарт. Қуыршақтың дене бөлшектерін бір біріне байланыстыру барысында әр шебер әр түрлі бекіту амалдарын пайдаланады. Қазіргі кезде көп кездесетіні қуыршақтың буындарын кішкене етіп тесіп сол арқылы лескамен байлап түйіп, ойнағанда шешіліп кетпеуі үшін, басын күйдіріп қояды. Бұл әдіс лесканың көзге көрінбейтін түссіз және ыңғайлылығынан туындаған.

Дәркембай Шокпарұлының «Домбыра жасау» деген еңбегінде «Ортеке» деген бөлімінде былай мысал келтіреді. «...Оны қимылға келтіретін ағаш тақтаға бекітілген қамыстың өзегіне кигізілген ағаш өзек (таяқша). Сол жіңішке таяқшаның төменгі басына жіп байлап, жіптің екінші ұшын қамыс буынының орта тұсындағы ойықтан өткізіп алып, оң қолдың (егер домбырашы солақай болса, сол қолдың) саусағына іліп тартқанда, жіп қамыстың ішіндегі өзек таяқшаны жоғары төмен қозғайды. Таяқшаның жоғарғы жағына бекітілген болат сымның екінші ұшы ортекенің бауырына бекітіледі. Таяқша жоғары төмен қозғалған сайын ортеке секендеп билей жөнеледі. Ортеке қозғалған оның аяғының астындағы тақтайға (оны «майдан» дейді) тиіп, күй ырғағымен билеп тұрғандай әсер етеді [54, Б.26-28.].

Жалпы ортеке қуыршағының қазақ жерінде әр өлкенің жағрафиялық ерекшелігіне қарай, әр түрлі жан жануарлардың бейнелеріндегі нұсқалары болған. Соның бір айқын мысалы, Солтүстік Қазақстан, Алтай-Тарбағатай аймақтарында аюдың бейнесіндегі қуыршақтар болса, Жетісу, Батыс аймақтарында теке бейнесі кең тараған. Ортекенің бір нұсқасында күресіп жатқан балуандар, бірнеше жан жануарлар мен бірге бейнеленген адамдардың қуыршақ бейнелері кездеседі. Осыған қарап ортекенің әр түрлі тұрмыстағы оқиғалардың өрісіне құрылған нұсқаларының болғаны күмән тудырмайды. Осыған

қарап әр аймақтың өз жануарларының ерекшеліктеріне қарай жасаған деп ой түйеміз.

Ортеке өнерінің насихатталуының азайып, тіпті жоғалып кетуіне аз-ақ қалуына көптеген себептер бар. Соның бірі, Ә.Марғұлан, қазақ еліне исламның келуіне байланысты адамның, аңдардың бейнелерін суреттеуге діни тыйым салынғаны, дегенмен, көне мәдени дәстүрдің күштілігінен орта ғасырдың аяғында халық шеберлері ағаштан жүйріктердің, маралдың, аңшы, құстардың бейнесін кесіп салғанын айтады [55, 25-б.].

Дегенмен, қазіргі таңда, ортеке өнерін насихаттауды, жаңғыртуды Қазақстанда қайтадан қолға алды. 2007 жылдан бастап Қазақстанның әр аймағында (Алматы, Ақтау, Астана, Қостанай) Мемлекеттік қуыршақ театрының директоры М.Юсуповтың бастамасымен Ортеке өнеріне арналған халықаралық деңгейде фестивальдер өткізіле бастады.

Бұл фестивальдарға еліміздің түкпір-түкпірінен ортеке жасайтын шеберлер мен орындаушылар келіп қатысады, ең үздік орындаушы мен шеберге орындар мен бағалы сыйлықтар табыс етіледі.



Мұратхан Донбаев *

Әр шебер ортекені жасау барысында өзінің қиялы мен шеберлігіне байланысты әр түрлі түрлерін жасайды, мысалы Бағыс Қазақстаннан келген Айтілеу Мамырбаев ортекені ағаштан емес әйнектен жасады. Орғыған ортекенің тұяқтарына шам орнатты, ол қозғалған сайын жанып-өшіп тұрады.

Шығыс Қазақстаннан келген актер, әнші Мұратхан Донбаев⁵² қалақ домбыраның үстіңгі

шанағына тақтайға екі ортекені орналастырып билетті.

⁵² Мұратхан Донбаев – жыршы-термеші, республикалық, облыстық термешілер байқауының жүлдегері, ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған мерекелік медальдің иегері

* Сурет автордың жеке мұрағатынан

Ақтөбе колөнер шебері Ерқосай Әбілов⁵³ ортекенің дамыған түрін қызыл ағаштан жасаған. Ортеке төрт аяқпен билеп қоймай, ебі келген орындаушы күй орындау барысында оның басын екі жаққа бұра алады, педаль арқылы қалған кеуде, құйрығы қозғалады.



Ерқосай Әбілов*

«Ортекенің» қазақтан басқа түркітілдес елдер мәдениетіндегі болмысын айтқанда, алдымен бұл өнердің жан-жақты дамыған мысалдарын атап өту керек, мысалы, қырғыздарда «тақ-теке»⁵⁴, тәжіктерде «бузак», ойраттарда «орог тэх»⁵⁵, Солтүстік Ауғаныстан халықтарында «Буз бэз», түркімен халқында «киік ойнағышы», әзірбайжан халықтарында кездеседі [56, 57]. Қалмақ елінің мәдениетінде де ортекеге ұқсас құбылыстың тарағаны мәлім. Оған байланысты кейбір маңызды деректерді бізге Құрманғазы атындағы ҚҰК-сының доценті, шертпеші Е.Басығара баяндап айтты.

⁵³ «Әбілов Ерқосай Қожбанұлы 1956 жылы Ақтөбе облысының, Мәртөк ауданы, Жаңатаң аулында дүниеге келген.1978-1982 жылдары облыстық облыстық хром зауытында суретші-безендіруші болған. Мәртөк мәдениет бөлімінің көркемсурет шеберханасында 1982-1986 жылдар аралығында суретші-безендіруші болып жұмыс жасаған. Ақтөбе фера кортпа зауытында 1986-1990 жылдары аралығында суретші болып қызмет еткен.Өнерге деген ғылыми еңбек және жаңашылдық енгізген ол 1996 жылы «Шеберхана» атты кітапшасын шағарады. Ең алғашқы рет 1997 жылы «Қайнар» атты жеке көрмесін ұйымдастырды. Абилов Ерқосай Ақтөбе қаласының мәдени өркендеуіне үлкен үлесін қосты, көптеген облыстық және Республикалық көрмелерге қатысушы. Ол кобыз, домбыра, т.б. ұлттық бұйымдар жасаумен қатар, саз аспаптарын жөндейді. Өнер саласындағы зор еңбегі үшін ол Атырау, Ақтөбе мәдениет басқармасының Ілтипат қағазымен, алғыс хатымен, Қазақстан халықтары кіші Ассамблеясының, БҰҰ Қазақстандағы тұрақты өкілінің дипломдарымен марапатталған» [<http://martuk-tulek.kz/kz/maktanysh-martuk2/20-bilov-er-osaj-ozhban-ly>].

⁵⁴ Қомызшы (үш шекті шертпелі аспапта орындаушы) жеңіл әуен тартқанда, теке ойнақтап, комыздан шыққан әуеннің ырғағына бағынып, әдемі би билейді.

⁵⁵ Товшурдың сүйемелдеуімен



Ерсайын Басықара*

Күйшінің естелігінде оның әкесі – Ақтөбе домбыра дәстүрінің атақты өкілі Бақыт Басықара осыдан 30-40 жыл бұрын балалаларына «ортеке» ойынын қалмақ әуеніне салып көрсеткен екен. Ол әуенді қарт күйші жас шағында қалмақ өнерпаздарынан үйренген еді. Өткен ғасырдың 90-шы ж.ж. «Азия даусы» фестивалінде Е.Басықара сол әуеннің вокалды нұсқасын Қалмақ елінен келген әйел әншінің орындауында естіп, таныс сарынның ән ретінде де насихатталып жатқанына қатты таңданған.

Теке бейнесі Орталық Азияның дала аймақтарын мекендеген көшпелі түркілердің мәдениетімен қатар, Солтүстік Кавказда тұратын түркілер – қарашай-малқарларда да өзіндік орнын тапқан [58]. Бұл халықтардың салт-ғұрып ойындарында теке бейнесі – осы жануардың түрін беретін маска киген адамның әрекетінен көрінеді.

Қорыта айтқанда, Ортеке өнері синкреттік жанр, ортеке екі түрде кездеседі, бірі ерлер биі, екіншісі музыкалық-театралдық өнер ретінде, мұнда күй, би, аңыз, театр өнері, қолданбалы өнер тұтасқан.

Синкретизм көшпелі халықтарда көшпенді қоғамның материалдық және рухани өмірінің біртұтастығын, яғни адам мен, табиғаттың бірігуі мен гармониясының белгісі болып табылады. Е.Тұрсыновтың «Қазақтың ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері» атты еңбегінде көптеген этнограф, зерттеуші ғалымдардың еңбегіне сүйеніп, «палеолит адамдарының өзін-өзі табиғаттың ажырамас бөлшегі деп есептеулеріне тотем мен қауым мүшелерінің қандас туыстыққа негізделген тұтас организм құрауы себеп болған. Кейін, тотем адамдардың иланатын, табынатын ғажайып күшке, культтің объектісіне айналған» деп жазады [3].

Е.Тұрсыновтың айтуы бойынша сәтті аңшылық құру үшін сағай және тувин халықтары орман иесіне ертегі айтып, аспапта ойнаған. «Аң аулау, балық аулау кезінде орман, көл иелеріне арнап ертегі, әңгіме айту, ән салып, күй тарту ырымы біраз түркі-моңғол және басқа халықтарға тән. Шорлардың нанымы бойынша, орман иесі ертегілерді және қобыста

* Автордың жеке мұрағатынан

(шаңқобыз) тартылатын күйлерді тыңдауды ұнатады. Сонымен қатар тувалар бұрын аң аулау кезінде чадағанда немесе икилиде (жетіген мен домбыра тектес аспаптар) күй тартатын. Орман иесі күйлерді құмартып тыңдап, ырзалық білдіріп, аңшыларға аң жібереді деп сенген» [3, Б.41-42.]. Соған байланысты, бұл ортеке өнері ертеде аңшылық магиямен байланысты болуы мүмкін. Ата-бабаларымыздың тотемдік және аңшылық магиялық дүниетанымын білдіреді.

Ортеке, теке, марал, қой, қошқар еуразия халықтарының ең басты тотемдерінің бірі болған. Е.Тұрсыновтың айтуынша, «алғашқы қауымдық құрылыстан бастап түркі-моңғол халықтарының мекендеген жерлерінде жартастағы суреттерде тау текенің бейнесі өте кең тараған. Қазақтардағы, түріктердің және қырғыздардың теке руының атауында тотемдік негіз бар екеніне күмән жоқ» [59, 48-б.]. Түркі-моңғол халықтарының дүниетанымында марал, теке, қошқардың бақсылардың табынатын жебеуші-рухы болған. Тувалық және алтайлық шамандар марал жебеуші-рухын, «бубеннің иесін» (ұрмалы аспап) шақыратын болған. [60, 137-б.]. Алтайлық бақсылар жоғарғы әлеммен байланысу үшін теке, арқар бейнелерін пайдаланады, бұл бейнелер шаманның ұрмалы аспабында керілген теріде суреттелген.

Жартастағы суреттерге келетін болсақ, Тамғалы тас кешенінде 5000-нан астам петроглифтер бар, солардың көбінде теке, тау теке бейнесі көп кездеседі. Сақтар мифологиясында теке «құнарлықтың символы» (символ плодородия) болып табылады. А.Акишев, текені тау культімен және «бәйтерек-ағаш» циклімен байланысын айта отырып: «Теке бейнесі әлем бәйтерегі құрылымының бір бөлігін құрайды – өмір ағашы, яғни оны дәнекерші және ортаңғы (жалғастырушы) әлемнің символы ретінде қарастыруға болады...» деп жазады [61, 36-б.].

Жоғары палеолит дәуірінен бастап Қазақстан территориясында табылған тарихи-археологиялық ескерткіштердегі, кейін ұлттық ою-өрнек өнеріне ауысқан теке образы халықтардың бұл жануарға деген көне наным-сенімдерімен байланысты.

Қазақтар арқар мен қошқарды от пен аспаннан жаралған таза, құдайға жақын жаратылыстар деп сенген, олардың мүйізінен құрастырылған ою-өрнектермен әулиелердің кабірін әшекейлеген. Қазақ өнерінде мүйіз құт болып саналған. Мүйіз Алтын Адамның бас киімінің маңдайында орын алса, 731 жылы қайтыс болған түркілердің қолбасшысы Күлтегіннің жерленген кешенін мрамордан жасалған қошқарлар скульптурасы мен безендірілген [62, 365-б.]. Қошқар патшалық биліктің қорғаушысы

болып саналған. Александр Македонский (б.з.б 356-323 ж), араб ауызша-поэтикалық шығармашылығына Зұлқарнайын атымен енген («мүйізді» – таңғажайып құдірет символының иесі) [32, 400-б.]. Ал «Исламда Зұл-қарнайын – Құран Кәрімде айтылатын ұлы патшаның лақап есімі. Зұл-қарнайын – қос мүйізді деген мағынаны білдіреді. Ислам дінінде Зұлқарнайын деп аталуының себебі төңірегінде бірнеше риуаяттар бар, олар: рум және парсының патшасы болғандықтан; жердің батысы мен шығысын билегендіктен; тіпті басында қос мүйіз секілді нәрсе болған деген дерек те бар» [62].

Орта Азия халықтарында ол Ескендір атымен белгілі. Ескендір патшаның мүйізі бар туралы аңыз әңгімелер шығыста көп тараған. Мәселен, «башқұрт ертегілерінде қурай тарихымен» байланыстырылса [32, 401-б.], қазақ фольклорында ол сыбызғы аспабымен байланыстырылады, бұл аспаптардың пайда болуы туралы ортақ аңыз бар, аңыз бойынша, «Әйгілі Ескендір патшаның басында қос мүйізі болса керек. Бірақ мұны тірі жан білмейді екен. Себебі шашын алдырған адамның басын шаптырып тастап отырыпты. Мұның мәнісі, Ескендірдің түсінде бір әулие: «Егер шашыңды алушыдан басқа адам мүйізіңнің бар екенін білсе, сол күні жарық дүниемен қоштасасың» – деп аян беріпті дейді. Осыдан кейін-ақ сақтық жасап, шашын алған адамның басын кесе берген деседі. Осылайша Ескендірдің төңірегінде қолының ебі барлары сирейді. Бір күні шаш алу кезегі патшаның жақсы көретін жақынының баласына келіпті. Сонда Ескендір сол жақынның баласына шашын алдыратын болғаннан кейін, уәзірлеріне: «Мына баланы йен далаға көзін байлап апарып тастандар, ит-құсқа жем болып немесе йен далада адасып өлсін» депті. Уәзірлер айтқан бұйрықты бұлжытпай орындап, сол күні-ақ баланың көзін байлап йен далаға апарып тастапты. Бала йен далада жол таба алмай қаңғырып жүргеніне біраз уақыт өтіпті. Күндердің күнінде баланың құлағына алыстан үзіліп-үзіліп шыққан дыбыс естіліпті. Дыбыс шыққан жаққа келсе судың жағасында өсіп тұрған қамысты құрт тесіп кетіпті. Сол қурайдың тесігіне жел соғып үрлеген сайын, үзіліп-үзіліп қамыстың дыбысы шығып тұр екен. Бала қамысты кесіп алып өзі үрлеп қараса, одан да сазды әдемі әуен шығыпты. қамыстан сыбызғы жасап алып сазды әуендерін тартып, елін-жерін іздеп жүрген баланы, аңшылар сыбызғының дауысын естіп келіп тауып алыпты. Аңшылар баланы аман-есен еліне алып барып, бала басынан өткен хикаяны халыққа жариялап айтып беріпті. Құпиясы жария болған Ескендір жарық дүниемен сол күні қоштасыпты, баланың сыбызғымен тартқан сазы төрткүл дүниеге

күй болып тарапты» [63, Б.5-6.]. Домбыра аспабына арналған «Ескендір» атты халық күйі сақталған, күйдің нотасы белгілі музыка зерттеушісі Б.Г.Ерзаковичтің архивінде сақтаулы, әннің бір қайырымы А.В.Затаевич «500 казахских песен и кюев» атты еңбегінде жарияланған [25, 79-б.]. Түркі-моңғол халықтарының ауызша поэтикалық шығармаларындағы мұндай бейнелердің кездесуі – халықтардың жартылай адам-жартылай қошқар бейнесін түп тегі деп есептеп, құрмет тұтқан деген тұжырым жасауға болатынын дәлелдейді.

Қорыта келе, ортеке өнеріне байланысты төмендегідей тұжырымдар жасауға болады:

- Ортеке» – Орталық Азияның, негізінен, көшпелі салттағы (түркі-моңғол) елдерінде кездесетін өнер.

- Негізгі кейіпкер-теке – елдің көне наным-сенімдері: тотемизм және аңшылық магияға тәуелді.

- Сол өнерді тудырушы бейне аталған елдерде архаикалық дәуірлердің бір немесе бір-біріне жақын наным-сенімдерінен туылғанменен, «ортекенің» және оның баламаларының әуендік – орындаушылық ерекшеліктері алуан түрлілігімен ерекшеленеді.

- Теке бейнесінің музыкалық аспаптық (вокалдык)-театрландырылған қойылым ретіндегі нұсқалары қазақ, қырғыз, түркмен, солтүстік Ауғанстан түркілерінде көрініс тауып, қарашай-малқар елдерінде бұл бейне ғұрыптық театр кейіпкері ретінде сақталып келген.

- «Ортеке» ойыны қазақтар 2 ішекті шертпелі аспаппен, кейінгі кезде шаңқобыз, – ішекті шертер аспаптарымен сүйемелдесе, қырғыздар мен қалмақтар да – 3 ішекті шертпелі аспаптарын қолданып тартқан. Қырғыздарда бұл өнер, сонымен қатар, темірқомыз аспабының сүйемелдеуінде тарап, қомызбен сүйемелдеу кезінде ән де қосылып отырған.

- Ортекенің көне музыкалық нұсқалары қазақ мәдениетінде күй үлгілері (оң және теріс бұрауда) сақталған, өкінішке орай, қазіргі заманда «ортекені» насихаттауда күйшілеріміз кейінгі дәуірлер күйлерін ортеке өнерінде, орындаушылар ортекені ойнатуда халық күйлерінің үлгілерін қолданады.

Түркі-моңғол халықтарының фольклорында «аққу» бейнесі де кең тараған. Жалпы қазақ музыкасындағы «құс» бейнесіне этномузикатану саласында арнайы зерттеулер бар (С.Аманова, А.Сабырова т.б.), дегенмен, қазақтың және өзге де түркітілдес халықтардың дәстүрлі музыкасындағы құс бейнесінің орны туралы салыстырмалы зерттеулер жеткіліксіз.

Қазақ аспаптық музыкасында аққу, қаздардың үнін сыбызғымен бейнелеу музыканың және оны тартқан аспаптың тотемдік иелерге, киелілерге әсер ететін магиялық қасиеті бар деген наным-сенімді білдірген. «Аққу» атты тармақты күйлер дәстүрі де байырғы заманнан бастау алады.

«Аққу атымен таралған тоғыз домбыраға және екі қобызға арналған (авторы жоқ бес күй және қалғаны Бархы, Сүгір, Тіленді, М.Мерхадин және Қабыкей күйшілердің шығармашылығындағы) күйлерге зерттеу жасаған С.Аманова бойынша «аққу» деген атпен кездесетін күйлердің астарында қазақтардың рулық тотемі туралы наным бар» [52, 37-б.]. Ғалым өз еңбегінде «аққу» күйінің музыкалық мағынасын реконструкциялау арқылы, ескі аспаптық музыканың тотемге сиқырлы әсер ету міндетін атқаратынын анықтады.

Бұл күйлер көбінесе Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығыс облыстарында кең тараған. Аққу күйлері әр кезеңде өмір сүрген орындаушыға, мазмұнына, формасына қарамастан бірдей нұсқада тараған. «Аққу – музыкалық-көркемдік құралдарының қатал бекітілген кешені бар, ұқсас әуен, домбыраның квинталық бұрауы және бірдей орындаушылық штрихы бар күйлердің бірі» [64, 15-б.] дейді.

Аққу күйлерінің формасы кішігірім бөлімдерден құралған, әр бөлім қайталанатын қысқа әуендерден тұрады. Күйлер бурдондық жүйедегі (үстіңгі *c* ішек ашық түрде) қара қағыспен ойналатын күйлер тобына жатады, бұл күйлердің құрылысы екі дауысты бурдондық жүйеде болғандықтан, негізгі қағысы «қара қағыс» түрімен тартылады.

Күйлердегі аққу құстың бейнесі «сол қолмен іліп ойнау» әдісі арқылы жеткізіледі.

Қобыз музыкасында кездесетін Ықыластың күйі «Аққу» күйдің орындалуы туралы А.Жұбанов: «...Музыкалық бейнелеу көрінісінің әсемділігіне, нақтылығына таңданасын, ал, аққу қалықтап су бетіне қонар кезінде күйші біртіндеп дыбыс үнін баяулатып жайлап соза түседі. Тіпті ішекті тартып, міне мылтықтың атылғаны деп қобызымен пиццикато ойнайды. Бұл жағдай тыңдаушыға аса әсер етеді. Қайғылы ән қобыздың жоғары регистрінде орындалады. Осы жерде кәдімгідей сапрано дауысына жақындайды. Үлкен дарын иесі Ықылас, осы жерде, «Аққу» күйінің негізінде өзі дамытқан аспаптың мүмкіншілігін пайдаланып, тың жаңа шығарма шығарады» [17, 294-б.]. Бұл күйдің аңызын академик Ж.Қаламбаевтан жазып алған [17, 292-б.]. Аңыздың

толық нұсқасы А.Раимбергенов пен С.Аманованың «Күй қайнары» атты еңбегінде берілген [52].

Аңыз барысында, жігіттің оғының аққуға тимеуінің, аққудың киелі екендігін білдіреді, аңыз бойынша аққуды өлтірмей, қайта бара жатқанда алдынан қарақшылар шығып, оларды жеңіп, ел қатарына қосылып кетуінде үлкен мән жатыр.

Қорыта айтқанда, алғашқыда қоршаған орта, тау-тас, өзен-көлдің, жан-жануардың иесі бар, сондықтан олардың бәрі де белгілі бір киелі күштің иесі деп түсінетін тотемдік наным-сенім кезінде аққу сияқты айдын-көлдің аруына күй арнау дәстүрі болған. Бергін келе, аққудың сұлулығына, қылық-қасиетіне сүйсінген күйшілер енді күйдің тілінде нақтылы өмір шындығын бедерлеп тартқанын байқаймыз. Дыбысты бейнелеу элементтерін «Аққу»күйлерінен анық көрінеді. Күйде аққудың қимылын, қиқуын, қанатының сусылын, қанатын сабалап ұшқанын, суған қонғанын, жұбын іздегені, сол қолда ішекті іліп алу, оң қолдың әр-түрлі қағыстары, тиектің түбінде шертіп ойнау арқылы қиқулаған дыбыстар шығару тәсілдерімен әдемі суреттеледі. Қазақ музыкасында қобызда орындалатын Жаппас Қаламбаевтың орындауында қос ішектен сарнайтын қос дыбыс уақыт пен кеңістіктегі мәңгілік күресті – жақсылық пен жамандықтың күресін шыншылдықпен суреттейді.

Аққу басқа да түркі-моңғол халықтарында (хакас, тува, якут, саха) киелі деп санаған. Аққуға байланысты тотемдік сенімдерден туған ырымдар мен тиымдар осы халықтардың бәріне ортақ болған.

Аққу тотемі түркі-моңғол халықтарының аңыздар мен жырларда: «аққу – перизат», «аққу – аналар» т.б. көркемдеуші, теңеу құралы ретінде қолданылады.

Сонымен қатар, ақын-жазушылар шығармашылығында қолданысқа ие болған, мысалы, ұлы тұлға, азаттықты көксеген күрескер, құдіретті батыр, дәулескер күйші Махамбет «Аймақ көл» өлеңінде өзін жалғыз қалған аққуға теңейді:

*Шақырғанмен келер ме,
Кешегі менің арыстаным,
Өзі шын барар жерін тапқан соң;
Егізінен айрылып,
Мен бір аққу болдым халықтан соң [65, 47-б.].*

Қазақтың әндерінде де «ұлттық дыбыс идеалының мәртебесін анықтайтын «аққумен аспандағы ән қосушы ем» сияқты жоғарғы

регистрдегі жұмсақ дыбыстарды аққу бейнесімен салыстыратын тенеу тіркестері» қолданылады [66, 36-б.].

Аққудың тотемдік мәні бақсылық дінмен байланысты, мысалы, Сібір халықтарының шамандары, қазақтардың бақсылары рәсім барысында зікір салып қобызбен ойнап, бастарына аққудың терісін киген. Қазақтың қобыз аспабының өзі аққу бейнесіне ұқсас. Зерттеуші В.Н. Басилев былай деп жазды: «Жоғарғы» әлемнің түрлі рухтары негізінен құс түрінде түсіндірілуі шамандық атаулыға тән құбылыс, аққу мен қаз шаманның аспан әлемін шарлауына жәрдемдесетін рухтары болып есептелінеді және бұл ең байырғы ұғымдар еді» [67].

Қазақ фольклорында, дүниетанымында кездесетін тағы да мифтік кейіпкерлер жеткілікті, солардың ішінде, түйе-бура-желмая, көк өгіз т.б. Қазақ музыкасында көк бұқа, түйе бейнесіне арналған «Нар идірген, «Бозінген», «Ерке атан» күйлері сақталған.

Қорыта айтқанда, Орта Азия, Түркия, Иран, Ауғанстан түркі халықтарының мифологиясында бір-біріне өте жақын, бір-бірін жиі қайталайтын ұқсас сюжеттер молынан кездеседі. Мұның өзі түркі халықтарының түпкі ата тегі бір екенін дәлелдейді.

Зерттеу жұмысында келтірілген жануарлар аққу, қасқыр, аю тотемдік түсініктермен астасып жатады. Адамдар өз тотемдерін өлтіруге тиым салған, бұрынғы кезеңде тотемдерге әсер ету үшін белгілі бір магиялық рәсімнің орындалуы мүмкін екенін болжаймыз.

Тотемге бас иіп, табыну кейіннен аңдар культіне өтеді, яғни рудың жебеушісі.

Ескі наным-сенімдерде тотемдік культке байланысты сол тотемдерге, немесе, кейінірек, жоғарғы әлеммен байланыстырушы киелі аң-құстарға арнап, олардың дауысын, қимылын, бейнесін аспапқа салып, соларға сыйына отырып, мадақтап күйлер шығарған.

Жалпы, ежелгі күй-аңыздардың негізінде мемитизм жатыр. Мемитизм – аңдардың, жануарлардың қимылына, қоршаған ортаға, табиғатқа еліктеу, қайталаудан туған.

Күйлердегі еліктеу немесе бейнелеу қасиеті (изобразительность) – құстың ұшуы, аттың шабысы, текенің орғығаны, қасқырдың ұлуы, аңдардың жүрісі т.б. жануарлардың бейнелерін көркемдейтін орындаушылық тәсілдер (форшлаг, оналтылық ноталар, глиссандо, фложолет, трель, пунктирлі ырғақ, сол қолда ішекті іліп алу т.б.) арқылы бейнелейтін эпизодтарда әр түрлі динамикалық екпіндік, жылдамдық қағыс түрлерімен, әуендік кешендермен көмкерілген.

Адамның айналадағы әлемге еліктеу, оны бейнелеуге деген құмарының себебі көптеген батыс ойшылдарын толғандырды. Көптеген орындаушылардың айтуынша еліктеу – табиғаттың жалғасы деп түсінеді. Мысалы, тува халқы амырге и эдиске (үрмелі аспаптар) сияқты музыкалық аспаптардың көмегімен қасқырдың ұлуын салу арқылы қасқырларды тұзаққа түсірген, яғни аңшылық кәсіпте қолданса, шамандар шоор аспабы арқылы (үрмелі сыбызғы тектес аспап) құстар мен аңдардың дыбысын келтіру арқылы екінші әлеммен байланысқа түскен [37, 80-б.].

Жоғарыда аталған күйлерге және олардың аңыздарына жүргізілген зерттеу жұмыстары бұл туындылардың семантикасының қазақтың ғана емес, көптеген түркі халықтарына тән тотемдік культтерден тарайтынын көрсетеді.

БАТА – МӘНГІЛІК ЕЛДІКТІҢ ӨЗЕГІ

Қазақтың көпғасырлық музыкалық-поэтикалық фольклоры уақыттың сынына төзіп, көптеген ұрпақтың талаптары мен эстетикалық талғамына сай қалыптасуда. Оның түрленген көркемдік жетістіктері және мәдени құндылықтары халықтың ғасырлар бойы келе жатқан төл мұрасының бай саласы болып табылады. Сан алуан ұлттық қазыналардың ішінде халық шығармашылығының ауызекі үлгілері, музыкалық дәстүрдің түрі ретінде стильдік және функционалдық тұтас жүйесін құрайды. Өндер, күйлер, қарғыс, жұмбақ, қысқа тақпақ, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, өгірік, өсиет өлеңдер, терме, толғау және тағы басқалары сияқты жанрларында күнделікті ділмарлық және шешендік өнердің, құраушысы бола отырып, елдің психологиясының маңызды сипаттарын көрсетті, мұнда оның өнегелік қасиеттері, рухани мұраттары, көшпенді өркениеттің мәдениеті мен ғибраттары, еліміздің бірлігі, бейбітшілігі жайлы ой-арманы баяндалады.

Жоғарыда аталған халық туындыларының ішінде *бата* көркемдік ойлау мен өмірдің бірегей құбылысымен біртұтас байланыста дамып, айрықша мәртебеге ие болған, тұрмыстық-ғұрыптық фольклордың ерекше бөлігі. Көптеген түркітілдес халықтардың дәстүрлі музыкасының байырғы түрлерінің бірі, *бата сөз*, қазіргі біздің қоғамның тарихи кезеңінде де оның елеулі оқиғаларын және өзіндік өнегелі-этикалық болмысын бейнелейді.

Біздің пікірімізше, *бата* беру, тілек айту дәстүрінің – әлемнің көптеген түркітілдес, еуропалық және славян халықтарының ежелгі рухани өмірінде кеңінен орын алуы, жалпы адамзаттық құндылығының

ерекше феномені екеніне дәлел бола алады. Бұл жанр сан ғасырлық өмірлік және шығармашылық тәжірибелерден жинақталған құдіретті сөздерден құрастырылады. Тәрбиелік және өсиеттік, инабаттылық, магиялық қызметін орындай отырып, тақырыптық, мазмұндылығы және бейнелік-жанрлық көркемдігі жағынан *бата*, әрдайым, өзгеріп, жаңарып, инновациялық сипат алуда. Ауызекі халық шығармашылығының бірі *бата сөз* – тілек, *ақ бата* ғалымдардың қызығушылығын тудырып, назарын аударып, шетелдік (Дж.Фрезер, Э.Тайлор), орыс (В.Пропп, Г.Потанин, В.Радлов), және қазақ (Ш.Уалиханов, А.Байтұрсынов, С.Сейфуллин, М.Әуезов, С.Негимов) оқымыстыларының еңбектерінде өзінше зерттелуін тапқан.

Сөздің шығу тегіне келетін болсақ, *бата* арабтың *фатаа*, *аль-фатиха* – әлемдік ислам өркениетінің ескерткіші – қасиетті Құранның бірінші сүресі. Оның жалпы мағынасы салттық, сонымен қатар, тәрбиелік, руханияттық болмысына бағытталған. Өз уақытында академик М.Әуезов: «Қазақ халқының мұсылман дінін қабылдаған кейінгі кезеңі «бата» жырын тудырған» деп дәл жазған [1. 172-б.]. Десек те, уақыт өте келе *бата сөз* дүнияуи сипатқа ие болып, прогрессивтік-демократиялық бағыт алды.

Қазақ тілінде *бата* сөзінің синонимі – *алғыс*. Мұндай ұқсас түсініктерді біз саха, қырғыз, алтай және тағы басқа тілдерде кездестіреміз. *Бата* және *алғыс* мағынасы ризашылығын білдіру деген ұғыммен үндес яғни, шын жүректен шыққан ізгі тілек, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан өсиетнамасы. Қазақ халқы мәдениетінің тарихында бұл өнердің негізін салушы Қорқыт ата деп саналады. Кейіннен осы дәстүрлі салтты насихаттаушы тұлғаны *батагөй* деп атаған. Бұл категорияға – құрметті, ел ардақтысы, көргенді, өмірлік тәжірибесі бар ерекше адамдар жатады, сонымен қатар, жырау Абыз, қазақ қоғамының дана ақсақалдары кіреді. Ғалым-түркітанушы А.Байтұрсынов жазғандай, Жәнібек батыр алыс жолға ақыл-кеңес және ризашылық алу үшін – қаракерей – қазыналы қарт Абызға барады. Сонда Абыз Жәнібек Шақшақұлына мынандай *бата* берген екен:

*Ең ақырғы батамды есті балам,
Риза бол атаңа, балам.
Бағың жоғары өрлесін, балам,
Абыройың таймасын, балам,
Дұшпаның шегіңе келмесін, балам,
Басыңа дәулет құсы орнасын, балам.*

Абыз эпикалық батырларды мысалға келтіре келе, киелі сөзін ары қарай ол былай жалғастырады:

*Қобыландыдай қайтпас бол, балам,
Тарғындай жараға жатпас бол, балам.
Алтамыстай даңқты бол, балам,
Қамбардай халқыңа бол, балам.*

Батагөй сөзін филология ғылымдарына тұңғыш рет енгізген Ахмет Байтұрсынов. Ғалымның пікірінше, *Батагөй* (құрметті, ел ардақтысы, көргенді, өмірлік тәжірибесі бар, ақыл-парасаты кемел ерекше адам, көбінесе ер адам), сонымен қатар Абыз (философ, эпик, дана). *Бата* беруші жоғарыда аталған қасиеттерден басқа да поэтикалық дарыны мен сөзуарлық шеберлігі, импровизаторлық таланты, шешендік өнері, дауысының ерекше сүйкімділігі және сөйлеу мәдениеті, жинақылығы, ұқыпты киімімен, сонымен қатар, адамгершілік, мәрттілік, байсалдылық сипаттарымен ерекшеленеді.

Бата сөз асықпай, салмақты, бір қалыппен және эпикалық мәнермен айтылады. Ол әртүрлі жағдайда – жорық-шеруге аттанушы Отан қорғаушы сарбаз-сардарларға, өмір жолын жаңа бастаған ұл-қызға, жас отауға, жаңа туған нәрестеге, алыс жолға шығушыларға, үлкен бір істі қолға алушыларға, сонымен қатар өнерге бет бұрып, жаңа шығармашылық жолдарын бастаған жас талантты дарындарға беріледі. Қазақтың музыкалық-поэтикалық дәстүрінде, мысалы ақындар айтысында, жеңіске жетуші (көбінесе жасы үлкен), жеңіліс тапқан қарсыласына *бата* берген. Осы аспект бойынша мынандай мысалды да келтіруге болады. Түркімен дәстүрлі мәдениетінде тілек айту салты туралы, белгілі фольклоршы-шығыстанушылар В.Успенский және В.Беляев, «болашақ орындаушы-музыканттың кәсіби білімі елге белгілі, танымал бахшының қадағалауымен қалыптасады. Оқытушы жас бахшының оқу соңында ризашылығын білдіріп – шығармашылық қызметінде жол ашуға ықпалын тигізетін *ната* (түркімен транскрипциясы) береді. Күнделікті *ната* (*фатиха*) беру дәстүрі бұл жағдайда арнайы сипатқа, қағазға түсірілмеген диплом маңызына ие болады. Одан әрі, ғалымдар, *ната* кейбір кезде өте маңызды сипатта көркемдік өсиет ретінде де болады» деген тұжырым жасайды [2. 43-с.]. Түркімендік ғалым Ш.Гуллыев: «Өзінің халыпының (оқытушы-тәлімгер) репертуарын игеріп, оның қадағалауымен орындаушылық шеберлігін ұштай отырып, оқушы

аяғында тындармандардың алдына жеке шығу құқығын беретін *бата* (*nata*) алады» деп жазады [3. 259-с.].

Осыған ұқсас салт қазақтардың музыкалық-поэтикалық дәстүрінде молынан орын алған. *Бата* жанрының қайнар көзі қазақ эпикалық мұрасында жиі кездеседі. Ерте кездердегі үлгінің бірі ретінде неміс ғалымы, академик Вильгельм Радлов (1837-1918) жазып алған «Сайын батыр» эпосындағы Қобыланды батырдың жас батырларға берген батасы болып саналады [4. 132-б].

*-Алла ашсын жолыңды,
Танып жүргей, е, балам!
Оңың менен солыңды!*

Тағы бір батаның көркемдік түрі – «Алпамыс» эпосындағы, ертегі кейіпкері Жәдігердің диуанының киіміндегі Алпамысқа былай деп бата берген екен: [5. 343-б].

*Ей диуана, жол болсын,
Жеке басың қол болсын.
Олжа басың мол болсын.
Атыңның басы шапшақтай,
Садағың оғы бұршақтай,
Диуана, саған жол болсын.*

Бата адамға ақ пиғылды көңіл, психологиялық жағымды күй туғызады. Кеңпейілді қыр қазағына біреуге *бата* беру үшін – оның жомарт және мәрттік көңілі болса жеткілікті. Өмірде оған түрткі болатын жағдайлар көп. Халық даналығында: «Мата алмай, *бата* ал» деген сөз бар және ерте заманда, қазіргі таңда *бата* алушы оны берген адамға өзінің материалдық жағдайына сәйкес, қоғамдағы орнына байланысты сый жасайды. Мысалы, «Қыз Жібек» лиро-эпосында Төлеген, сүйгенін тезірек көріп, қуанышқа жету үшін Жібек ауылының тұрған жерін анықтап, *бата* берген адамға жомарттықпен үлкен құрмет көрсетеді.

Бата сөздің айрықша функциясы қазақ операсындағы оның, музыкалық-сахналық драматургиясында ары қарай жалғасын табады. Аталған жанрдың театралдық-бейнелік құрылымы, оның көркемдік және мазмұндық болмысы қазақ операсына тілдік, сюжеттік және композициялық құрылысына әсерін тигізе отырып, оның маңызды

құрамдас бөлігі болып енді. Бата музыкалық-сахналық өнер мен кәсіби жазудың заңдылықтарына сәйкес өзгеріске түсе келе, оның маңызды құраушы бөлігі ретінде қалыптасты. Батаның мұндағы алуан түрлі функциясын мына мысалдан байқаймыз.

Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібегінде» батаның екі түрі қолданылған. Мұнда поэтикалық фольклордың байырғы ұлттық үлгісі лиро-эпикалық сюжеттің мәнмәтінінде драматургиялық желісінің шиеленісін ашу үшін келтірілген. Шығарманың басты кейіпкері Төлегеннің анасы Қамқаның берген ақ батасы – тілек, ал оның әкесі Базарбайдың партиясында (бұл жерде *теріс бата*) – қарғыс қызметін атқарады.

Ұлын алыс сапарға шығарып салар алдында, ана, екі алақанын бетіне қаратып («ақ бата» беру кезіндегі ертеден қалыптасқан қолдың қалпы): өзен көркі – ағашта (жағасында жайқалған), жігіт көркі – оның таңдаған жарында. Жолға шық, ұлым, менің батам саған серік болсын деп, анасы Төлегеннің трагикалық өмірін сезінгендей, бата беріп алыс сапарға шығарып салады. Бұл халық әуені жоктау әндерінің жанрында айтылады.

№ 33 *Piostoso con furato*

Ей, ө - зен - нің көр - кі тал бо - лар, ай, жі - гіт - тің
 Ей, ат - та - на бер, жан ба - лам, ай, ті - ле - уім
 Ей, жыл(ы)н - е - сі Қам - бар, ай, ау, қа - ра - ғы
 көр - кі жар бо - лар, ай, жар қа - ді - рін біл, біл - ме - ген,
 бол - сын жол - да - сын, ай, ақ жо - лы - ңа ар - на - ғам, ай,
 ма - кез сал, ай, а - дас - са, жол - ға са - ла жұр, ай,
 ау, жар сү - ю - ге зар бо - лар, ай,
 ау, Жі - бе - гім бол - сын сыр - ла - сын, ай,
 ау, сү - рін - се, қол - дан а - ла жұр, ай.

Операның екінші бөлімінде Шеге ақын дәстүрлі өмір салтының қағидаларына сәйкес, Базарбайдан Төлеген мен Жібектің қосылуына және жолға аттануына рұқсат сұрап, *бата* беруін өтінеді (ақын «Базеке, қолыңды жәй, бер батанды», – дейді). Оның речитативі «Аязбай» халық әнінің байсалды, жарқын, кең тынысты интонацияларынан құралған. Әуен салмақты әңгімелеу, эпикалық сөйлеу мақамында сипатталады. Базарбай өз шешімінен бас тартпастан, Шеге ақынның сөзін кенет бөліп тастап, Төлегенге прозаикалық үлгіде *теріс бата* береді:

*Айтқаным, айтқан,
 Одан, сірә, қатпан.
 Қалдым қатып сонымда!*

Мұхтар Әуезов жазғандай: «Төлегеннің сүйіспеншілік талабына бөгет болған төрт түрлі қара күш кедергі бар. Бірінші бөгет шөлстан – алыс жол; екінші бөгет – атасының теріс батасы, тағдырдың теріс қарауы; үшінші бөгет – көмексіздік, жалғыздық; төртінші бөгет – Бекежанның жауыздығы» [1. 260-б].

Бірақ, бұл халық поэзиясының жауһарынан, Базарбай тұңғышының өлімінен соң, кіші ұлы Сансызбайға *ақ батасын* беріп, ағасын іздеуге жолға аттандыратын білеміз. Әкесінің, бетіне екі алақанын тақап тұрып, айтқаны:

*Әуелі – Алла – тағала,
Екінші – Әнбия – әулиелерге аманат.*

Теріс бата (қарғыс) қазақ тұрмысында өте сирек қолданылады, ол дәстүрлі өмірге қарама-қайшы, көшпенділер діліне, оның рухани болмысына жат нәрсе. Музыкалық-сахналық шығармаларда теріс батаның құдіретті күші тек драматургиялық қызмет атқарады. Оған мысал, М.Төлебаевтың «Біржан-Сара» операсының 2-актісіндегі эпизод. Мұнда Біржанның әкесі Қожағұл ауыл молдаларының қысымымен баласының домбырасын жағып, Сарадан бас тартуын талап етеді. Бірақ Біржан оған бағына қоймайды. Сонда әкесі ұлына ашуланып, оны қарғайды.

Ғазиза Жұбанованың Мұхтар Әуезовтың либреттосына жазылған «Еңлік-Кебек» шығармасында *бата* жанры жаңаша мағынаға ие болады. Лирико-трагикалық сюжетте басты кейіпкерлер руаралық жауласудың, қатал салттың құрбаны болып, туған жерлерін тастап кетуге мәжбүр болады. Сөйтіп, Еңлік пен Кебек Абыздан *бата* беруді сұрайды. Киелі атаның батасы эпикалық, кең тынысты, байсалды түрде үнделеді.

№ 34



Қазақ операсындағы батаның драматургиялық рөлін анықтау аспектісінде Е.Рахмадиевтің «Алпамыс» операсының прологын қарастыруға болады. Мұнда жаудың шабуылынан кейінгі қаңыраған, бос, жаралы қазақ жерінің көрінісі бейнеленген. Қайғылы, мұңды музыкадан, құрылған көріністі суреттеп қана қоймай, эпикалық сюжетті ашуда үлкен

рөл атқарады. Музыка бара-бара қасіретті, үрейлі, трагикалық түрге көшеді... Дәл осы кезде өзінің сарбаздарымен халық батыры Алпамыс келеді. Бұл драматургияға толы көрініс Жер Ананың батасымен аяқталады. Композитор, батаның жанрлық белгілерін заманауи бай техникалық әдістерді қолдана отырып, шеберлікпен құрастырған.

Батаның қазақ операсында кеңінен пайдалануын көрсету үшін тағы да бір-екі мысалдарды айта кетейік. Ол – Е.Брусиловскийдің «Гвардия, алға!» атты туындысындағы қарт ана Ажардың жас майдангер Қайратқа, М.Төлебаевтың «Біржан-Сара» операсындағы Біржанның анасы Аналықтың, Ғ.Жұбанованың «Жиырма сегізіндегі» ұлы жырау Жамбылдың Отан қорғаушылар – панфиловшыларға берген баталары.

Қорыта келе тұжырымдайтынымыз, *бата* жанры – қазақ халқының көркем мәдениеті тарихындағы ерекше құбылыс. Негізінде жалпы адамзаттық рухани құндылықтары бар *бата*, қазіргі болмысымызда игілікті фактор болып бағаланады. Жанр табиғаты, халықтың мыңжылдық дәстүрін сіңіре отырып, әдет-ғұрып, салтын қамтып, Тәуелсіздік кезеңінде жаңаша болмысын және қоғамда маңызды орнын тауып, айрықша қасиетке ие болды. *Бата* – өткен мен болашақ кеңістігін жалғастырушы, ұлттың рухани өмірінде сарқылмас қайнар бұлағына айналуда.

Бата беру дәстүрі жас суретші Нұржан Қарымсақовтың күрделі жұмысында бейнеленген. Оның көп мағыналы, көп мазмұнды панносы Астана қаласындағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық университеттің бас ғимаратында орналастырылған. Көркемдік сурет «*Бата*» деп аталады. Онда үш ұлы билеріміз – Әйтеке би, Төле би, Қазыбек би – туған халқына бақыт, көркеюдi тілеп, *бата* беруде. Заманауи қоғамның дүниетанымы мен оның рухани мұқтажыдығына жауап беретін фольклорлық жанрдың өміршеңдігіне ежелгі Түркістан қаласында *бата* сөз өнері бойынша өткізілген конкурсы да дәлел бола алады.

Сөз соңында, дана халқым «Жаңбырменен жер көгереді, батаменен ел көгереді» деген емес пе! Сондықтан, осы жұмысты жариялағандарға және оны оқығандарға менің беретін аналық *ақ батам*:

*Бастарыңа бақ қонсын,
Бақ таласың жоқ болсын.
Асыл елім тоқ болсын,
Бейбіт өмір, береке,
Туған жерге нақ қонсын.
Отбасында шүбірлеп,
Ұрпақтарың көп болсын, Әумин!*

ЧАСТЬ II.

ВОПЛОЩЕНИЕ ОБЛИКОВ ВЕЛИКИХ ЛИЧНОСТЕЙ В КАЗАХСКОЙ МУЗЫКЕ (К ПРОБЛЕМЕ ИДЕИ «МӘҢГІЛІК ЕЛ»)

АБУ НАСР АЛЬ-ФАРАБИ И СОВРЕМЕННОЕ МУЗЫКОЗНАНИЕ КАЗАХСТАНА

Многовековая традиционная музыка казахского народа на всех этапах общественных формаций была неотъемлемой областью его духовного бытия. Зарождение и развитие фольклора многогранно отражали жизненный уклад, быт, поверья, нравы, обычаи, внутренний мир номада, художественно воспроизведя их в прозе, поэзии и музыке.

Разнообразием тематики, глубиной и охватностью содержания, национальной самобытностью и неповторимым колоритом, а также эмоциональной отзывчивостью и своей сущностью, традиционная культура народа (песенная, инструментальная) на каждом своем историческом этапе, тонко отвечая запросом эпохи времени, динамично функционировала и как национальное достояние передавалась из поколения в поколение. Тем самым приобретала статус вечной духовной ценности.

Вольнолюбивый и гордый народ Великой Степи за двадцати столетнюю свою судьбу создал великолепные шедевры фольклорного и авторского творчества, различные виды сарынов (мотивов) как вокального, так и инструментального вида: семейно-бытовые, календарные, трудовые, духовные напевы, врачевательные (бәдік әндер), эпические и исторические песни, песни-загадки, лирические, назидательные, песни раздумья (толғау), терме, желдірме, жыры, акыновские сарыны и т.п., а также кюйи для шанкобызов, кюйи кобызовые, сыбызговые, домбровые. Кюйи – легенды, кюйи-посвящения, исторические, лирические и т.п..

Вся эта богатейшая музыкально-поэтическая аура, синтезированная единством с окружающей природой, традиция импровизации и исполнительства искренне поражали тех, кто в той или иной степени соприкасался с Великой Степью. Поистине прав был Л.Н.Гумилев (1912-1992), выдающийся ученый-тюрколог, определивший суть духовной сокровищницы казахов «Кочевой цивилизацией».

Вкратце обобщая вышеизложенные мысли, следует резюмировать – жизнь степняка во всех ее проявлениях, черты его самобытного характера, его радушие и гостеприимство, открытость души, бесхитрость, а также дуновение Степного ветра, стремительный бег коня, величественная походка корабля Степи верблюда и многие другие картины уклада жизни народа (кочевого, полукочевого и оседлого) получили отражение в его устно-поэтическом, прозаическом и музыкальном творчестве.

Как было сказано ранее, музыкально-поэтический быт народа вызывал восхищение и удивление всех тех, кто по различной причине посетил казахские степи – русских и западно-европейских путешественников, ориенталистов, этнографов и многих др. В своих трудах, кратких наблюдениях, специальных работах, очерках и статьях они оставили ценные мысли, интересные факты и суждения, которые и ныне имеют несомненное значение. Демократически настроенные, прогрессивные представители многих народов (русского, французского, немецкого, польского) тонко отмечали мелодическую красоту, эмоциональную гибкость, импровизационный дар казахов. Ими высказаны ценные мысли о функционировании музыки в жизненном быту, в нравственном и образовательном воспитании, изложены некоторые обще-теоретические положения о структуре, интонационно-ладовом строении и о содержательной сущности казахского мелоса. Более конкретно на этом мы остановимся несколько позже.

Специфика данного научного проекта, его фундаментальность и уникальность обязывают нас обратиться к истокам музыкознания, имеющим непосредственное отношение к казахской музыкальной культуре. Это, несомненно, труды великого ученого, философа и мыслителя, Второго Аристотеля, Абу Насра аль-Фараби (около 870-950 г.г.), автора 160 трактатов, по основным областям наук – по философии, логике, математике, социологии, физике, поэзии и музыке.

Великий светила Востока, как известно, родился в местечке Фараб (ныне Отрар) и по гипотезе происходит из рода кипчак (следует напомнить – в те далекие времена жителей, населяющих территорию современного Казахстана, называли кипчаками). Несколько позже из представителей тюркской цивилизации просвещенному миру стали известны имена последователей Аль-Фараби, великих ученых – историков, лингвистов, писателей, теологов, поэтов Мухаммеда Хайдара Дулати, Юсуфа Баласагуни, Махмуда Кашкари, Ахмеда Ходжа Яссауи, Кадыргали Жалаири, целителя и автора медицинской

энциклопедии Отейбойдака Тлеукабылулы (середина XVIII в.), Шокана Уалиханова и многих других.

Примечательно – их наследие спустя несколько столетий и поныне имеют культурно-историческое, научно-теоретическое и познавательное значение. Так, среди творений Аль-Фараби исключительную ценность представляет «Большая книга о музыке» (по арабски «Китаб аль-мусика ал-кабир») ⁵⁶. Обладая энциклопедическими знаниями, Аль-Фараби осветил в своем труде все проблемы, касающиеся музыкального искусства на макро- и микро-уровне: определил категории мелодии, виды музыкальных жанров, поднял вопросы музыкального образования, классифицировал основные категории теоретического музыкознания, в частности, теорию интервалов, закон гармонического многоголосия, описал инструменты, используемые в его эпоху. «Большая книга о музыке», – пишет фарабовед, профессор М.С.Бурабаев, – является результатом огромного труда, плод всей жизни Аль-Фараби. Это синтетическое и энциклопедическое произведение, охватывающее теории познания, логики, эстетики, поэзии, педагогики, анатомии, математики, физики, акустики, инструменталистики и т.п. Ученый поставил себе задачу – представить полное и всестороннее исследование музыки – успешно разрешил ее, впервые в истории музыки систематизировав обширные данные о ней [1, С.19-20]. Не имея возможности более подробно рассматривать фундаментальный труд Аль-Фараби, мы остановимся на тех проблемах, которые имеют прямое отношение к традиционной музыке казахов.

Это – научно доказанные на сегодняшний день данные о генетических корнях Великого учителя (из казахского рода кипчак) и сведения, касающиеся об его уникальной музыкальности, исполнительского мастерства (попутно заметим профессионализм в исполнительской традиций казахских певцов и инструменталистов) и его игры на тыквообразном инструменте – прародителе современного казахского кобыза. В результате научных поисков были установлены факты о гениальных способностях великого ученого. Так, профессор М.С.Бурабаев приводит сведения о незаурядном музыкальном даровании Аль-Фараби. Он обладал, как свидетельствует исследователь, «природным прекрасным голосом, мастерски играл на многих восточных

⁵⁶ В работе мы опираемся на издание Аль-Фараби. Трактаты о музыке и поэзии. Перевод с арабского. – Алма-Ата: Ғылым, 1992. – 456 с.

инструментах – на рабабе, гипжаке (кипчаке)⁵⁷, нае, уде и др.». В этом ракурсе показательны мысли великого казахского поэта Магжана Жумабаева который писал: «Кому не известна возвышенная тюркская музыка, исполнявшаяся Аль-Фараби на девятиструнной домбре? При его виртуозном исполнении различных мелодий одни приходили в изумление и восторг, другие печалились и плакали» [2].

Другой, не менее важный пример мы процитируем из обстоятельного в научном плане, глубокого очерка доктора юридических наук, профессора М.А.Кул-Мухаммеда «Великий Учитель Востока» [3, С.4-5]. Исключительный интерес в этом аспекте представляет приводимый материал, который характеризуется своей содержательностью и в своем роде, новизной.

В нижеприводимом развернутом отрывке из названного научного очерка мы находим ответы на интересующие нас проблемы. Ученый утверждает: «И еще одно, на этот раз преисполненное восточного романтизма поучительное историческое сказание о Мугалиме, из самой гущи далеких веков, подающее нам сигнал о кыпчакских корнях Аль-Фараби.

...Прослышав о гениальной учености Аль-Фараби, некий Сахиб Аббад, служивший визирем (государственным министром) при дворе правившей в X-XI веках Западным Ираном династии Буидов, воспылал жаждой встретиться и лично познакомиться с Учителем и с этой целью многократно посылал ему приглашения с щедрыми подарками. Однако ничего из того мудрец не принял. Но вот однажды дорога выпала ему в город Рей, где пребывал и Сахиб Аббад. Не делая никаких уведомлений и облачившись в скромные одежды простолюдина, Учитель инкогнито направился на большое вечернее пиршество, устроенное визирем.

Как и следовало ожидать, никто из присутствовавших на приеме ученого не узнал. В самый разгар вечера таинственный незнакомец достал из своего хорджуна небольшой, напоминающий тыкву музыкальный инструмент и вдруг заиграл на нем на все лады и мелодии. Сначала грянула задорная музыка, и, охваченные внезапным весельем, все начали ликовать и смеяться. Затем музыкант перенастроил инструмент, и, необъяснимо для себя закачавшись в такт печальной, скорбной мелодии,

⁵⁷ Среди описанных Аль-Фараби инструментов выделяется гипчак (кипчак), который по тембру, способу звукоизвлечения и конструкции сродни с казахским кобызом. Опираясь на труды Аль-Фараби, возрождены некоторые инструменты в оркестре Отырар сазы. Жумабаев М. Сочинения. – Алма-Ата, 1989. 175 с. на каз. яз.

многие в зале не удержались от слез. Потом он натянул струны по-иному, и, разомлев от плавной, умиротворяющей мелодии, все, кто был там, погрузились в глубокий безмятежный сон.

Учитель тихо встал, достал свой калам и написал на верхней деке инструмента: «Это я, Аль-Фараби, почтил ваше собрание своим участием». И так же тихо ушел, оставив на месте инструмент доказательством своего визита...

Любопытно, что за свою жизнь подобные этому магические сеансы и «чудеса» Аль-Фараби проделывал неоднократно в разных ситуациях и аудиториях, и захватывающие истории об этом запечатлелись в записях средневековых писателей самых разных поколений и стран. Сохранилась память и о названии инструмента, на котором играл Учитель: летописцы древности почти единогласно пишут, что название ему было «гипчак» или «кыпчак». Судя по указаниям на «тыквообразную» форму, инструмент этот больше и точнее всего напоминает казахский кобыз.

В своем широко известном трактате о музыке гениальный провидец Аль-Фараби ясно и точно определил насущные задачи музыковедческой науки. Эти мысли его сохранили свою актуальность и поныне. Он писал: «Что касается мусической науки, то она заключается в изучении видов мелодии; для чего они слагаются; для чего их слагают; какими они должны быть, чтобы их действие проникало глубже и трогало сильнее» [1, 340-с.]. Эти указанные задачи, как он считает, разрешаются через постижение основ двух музыковедческих областей – музыкальную практику и теорию музыки.

Научные указания великого ученого получили дальнейшую разработку в исследованиях зарубежных, русских и современных казахстанских музыковедов.

Назову конкретно имена ученых Казахстана и их работы, в которых получили продолжение и развитие, музыковедческие идеи нашего великого Учителя. Так, особенности музыкально-эстетических категорий в традиционной инструментальной музыке обоснованы Р.Джуманиязовой, разновидности речитативов в народно-профессиональной музыке (в частности в опере) изучены Г.Мусагуловой, искусство исполнительства разработано на кобызе – проф. Б.Косбасаровым, на домбре – проф. К.Сахарбаевой, ладо-интонационные основы и гармонические предпосылки музыкального фольклора исследованы С.Кузембай, ритмическая организация казахской песенной монодии выявлена И.Кожабековым, целостный анализ музыкальных инструментов

функционирующих в культуре тюркоязычных народов представлен в трудах С.Утегалиевой и научных статьях молодого музыковеда Б.Абишевой.

Особо следует назвать работу Саиды Даукеевой, внесшей весомый вклад в пропаганду бессмертного музыковедческого наследия Абу Насра аль-Фараби.

Трактаты о музыке и поэзии аль-Фараби оказали исключительное влияние на развитие общемировой научной мысли, они актуальны и востребованы на пороге Третьего тысячелетия человечества.

ҚАЗАҚ ОПЕРАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ ТАҚЫРЫПТАРЫ

Қазақстанның ұлттық операсы – халықтың рухани қазынасындағы белгілі бір дәрежедегі жаңаша көркемдік құбылыс. XX ғасырдың басында ғаламдық қоғамдық және әлеуметтік қиыншылықтар тұсында туындаған қазақ операсы кейінгі кезеңдерде жоғары дәрежедегі көптеген тақырыптарды көтерді, ол өз дәуірінің көркемдік және эстетикалық белгілеріне сәйкес заманауи музыка мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігіне айналды. Бұл күрделі жанрда «Мәңгілік Ел» идеясы жан-жақты көрініс тапты. Мұнда халық тағдыры, батырлық қасиеттер, туған елін-жерін сүй және адалдық, әділеттік, рухани тазалық ұғымдары тереңінен және жан-жақты суреттелді.

Маңызды элементтердің жиынтығынан, музыка, поэма және көріністен тұратын жанрдың басымдығы ғасырлар бойы жинақталған фольклор мұрасының дәстүрлерін қолдануда (ауыз әдебиеті, прозалық, музыкалық және орындаушылық), орыс классикалық, батыс еуропалық өнердің және заманауи көркемдік процестің ұтымды үйлесуімен байланысты. Тарихи оқиғаларды көрсетудің ауқымдылығы мен тартымдылығы жағынан, адам өмірі мен мінездерін ашу және өмірлеріне маңызды құбылыстардың көпқырлылығы, формаларының байлығы мен мәнерлігі жағынан опера жанры «өмірлік маңызы бар сұрақтарды шешудің жоғарғы сатысы» ретінде көрінді (А.Герцен бойынша).

Операның жан-жақты мүмкіндіктері туралы атақты опера жанрының майталманы, ұлы орыс сазгері – П.И.Чайковский: «Опера, тағы да опера адам баласын бір-біріне етене жақын етеді, сіздің музыкаңызды тыңдарманмен туыстастырады, сіз тек қана шағын үйірмелердің емес, сәті түссе бүкіл елдің көзайымына айналуыңызға мүмкіндігіңіз туады», –

деген пікір қалдырған [1, 13-б.]. П.И.Чайковский айтып отырған «сәттің түсуі» біздің елімізге өткен ғасырдың 30-жылдарымен тұспа-тұс келді. Қазақстанда операның бірден қаз тұрып кетуі оңай болған жоқ, оның жолын көптеген қиындықтар тосып тұр еді. Жарты ғасырда жазылған 32 қазақ операсының бәрі бірдей табысты болған емес, кейбірінің сахналануы сәтсіздікке ұшырады, кейбірі репертуарға орныға алмады, ал басқа бірі қойылысымен ұмытылып кетті. Тек аз ғана бөлігі уақыттың катал сынынан өтіп, ұлттық музыка мәдениетіміздің алтын қорына кіріп, классикамызға айналды. Қазақстандағы опера жанрының бастауы мен дамуы бұрыннан қалыптасып қалған академиялық формалар мен әлемдік классикалық опера өнерінің ықпалында болды, оған дәстүрлі қазақ мәдениетінің жанрлық, кейіптік (образдық) түрлері кең қолданылды.

Сонымен опера өнерінің озық үлгілері қатарына республиканың халық әртістері, алғашқы ұлттық сазгерлер А.Жұбанов пен Л.Хамиди жазған «Абай» (1944), КСРО халық әртісі М.Төлебаевтың «Біржан-Сара» (1946) опералары жатады, ұлттық опера өнерінің шын мәніндегі зүміреті болған бұл туындыларға кезінде КСРО-ның мемлекеттік сыйлығы да берілді (1949).

Музыкалық драматургияның жаңа сатысына көтерілу жұмыстары осыдан кейін көп күттірмей басталып та кетті. Е.Брусиловскийдің «Дударай» (1953) операсы Мәриам Жағорқызының (Мария Рыкина 1887-1950) осы аттас әнінің лейтқақырыбы (лейттема) негізінде жазылды, автор тақырып пен сюжетті қабыстыра отырып, кейіпкерлердің психологиялық мінездері мен жекелеген жағдаяттарының баяндалуын шегіне жеткізе білді. XX ғасырдың 60-80 жылдары опера түбегейлі өзгеріске түсті. Бұл өзгеріс бәрінен бұрын сюжеттік-тақырыптық негізге қатысты, ендігі жерде шығарманың басты тұғыры ауызша поэтикалық фольклор – батырлар жыры, лирикалық-романтикалық және әлеуметтік тұрмыстық эпос мазмұнына бет бұрды.

Заманымыздың көрнекті жазушысы Мұхтар Әуезов былай деп жазды: «Халық – әнші, халық – ақын, көнеден жол тартқан шабытты поэтикалық қасиетінің арқасында өлмес мұралары – эпикалық поэмалар мен халық әндерін қалдырған, онда бүтін ұлттың төлтума рухы сақталған». Халықтың эпикалық мұрасына бетбұрыс – Қазақстандағы опера өнерінің дамуындағы заңды құбылыс еді. Эпикалық сюжеттер мен образдарды игеру, олардың біртуар көркем әлеміне бойлау – қазақ операсының ұлттық бейнесі мен бағдарын айқындайтын басты қасиет. Эпикалық сарында жазылған опералар қатарында «Ер Тарғын», «Бекет»,

«Алпамыс», ал, балет саласында «Қамбар-Назым», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ақсақ Құлан» сияқты шығармалар бар.

Фольклорлық-өлеңдік материал негізінен операдағы басты кейіпкерлердің мінезін сомдау үшін қолданылды, мысалы – «Ер Тарғын» операсындағы «Алтыбасар», «Қамар сұлудағы» «Айтбай» т.б; осы әндер опералық шығармалардың музыкалық драматургиясындағы басты компоненті болды – бұған «Елім-ай» әні Е.Брусиловскийдің «Жалбыр», «Туған жер», Ғ.Жұбанованың «Еңлік-Кебек» операларында бастаушы әуен ретінде қолданылғаны дәлел. Опера мен театр табиғаты – ауызша дамыған дәстүрдің тамаша өкілдері, халық сазгерлері Ыбырай, Мұхит, Жаяу Мұса («Қыз Жібек»), Біржан сал, Ақан сері (осы аттас опералар), Иман Жүсіп («Жалбыр»), Мәди («Ер Тарғын») т.б. өлеңдерінде сәтімен ашыла қамтылды.

Танымал музыкатанушы Алма Құнанбаева: «Әндегі музыкалық форманың құрылымдық жағынан тұйықтығы мен тұтастығы оның европалық сахнаға шығуына әрі операның әлеміне енуіне мүмкіндік берді», – деп жазды [2, 79-б.].

Қазақ операсының құндылығы мен тарихи маңызы оның ұлттық классикалық әдебиетпен тығыз байланыстылығында, қаһармандық пен лирика тақырыбы, тарихта болған оқиғалар және қиялды көкке өрлететін фантастика, сол заманның көкейкесті оқиғалары, бостандық үшін күрес сонымен бірге ұлттық мінез, тұрмыс пен талғам, бәрі де қазақтың жазба әдебиетіне сүйене құрылған. Осы саладағы еңбектер: Мұхтар Әуезовтен – «Абай», «Бекет», «Еңлік-Кебек», Бейімбет Майлиннен – «Жалбыр», Сәбит Мұқановтан – «Алтын астық», Ғабит Мүсіреповтен – «Амангелді», Сәкен Сейфуллиннен – «Көкшетау», Сұлтанмахмұт Торайғыровтан – «Қамар сұлу», Хамит Ерғалиевтан – «Махамбет» (опера либреттосына Махамбет Өтемісұлының жыр-толғаулары қолданылған) және басқалары.

Осындай опералардың ішінде ұлттық мүддені көрсетуде халықтың трагикалық және батырлық қасиеттерін бейнелеуде «Мәңгілік Ел» идеясына үндес туынды Е.Г.Брусиловскийдің «Жалбыр» операсы болды.

«Жалбыр» операсы (1935 ж.) композитордың шығармашылығындағы ең ірі туындының бірі. Бұл тарихи – революциялық спектакльдің негізіне тарихи оқиға – Амангелді Иманов көтерілісінің бір эпизоды алынды. Либретто авторы Б.Майлин (1896-1937) – қазақ әдебиетінің негізін салушылардың бірі, жүз жылдығы 1997 жылы қыркүйек айында атап өтілді, Қостанай облысының тумасы, репрессияға ұшырап, Сталиндік абақтыда атылған) халық батыры Амангелдінің жауынгері Жалбырмен

таныс болған. Опера сюжеті нақты тарихи-трагедиялық оқиғаларға құрылған.

Опера сюжеті Б.Майлиннің «Алтын сандық» пьесалар жинағында 1935 жылы жарық көрген «Біздің жігіттер» (5 бөлімнен тұратын драма) атты пьесасына сәйкес құрылған. Мәскеуде өткен қазақ өнерінің Декадасында қойылған пьеса айтарлықтай өңделген және толықтырылған күйінде «Әдебиет майданы» журналында (1936) басылған⁵⁸.

«Жалбыр» операсын оның авторлары композитор Е.Брусиловский, либреттист Б.Майлин және режиссер, әрі басты рөлдің алғашқы орындаушысы Қ.Жандарбеков халық пен оның жеке өкілдерінің өмірін халық музыкасының тәсілдері арқылы көрсетілетін реалистік музыкалық драма ретінде ойластырған.

Либреттист, композитор, режиссер мен актерлер тығыз байланыста жұмыс атқарған, сондықтан көп жағдайда алдымен не туылды, сахналық көрініс пе, әлде мәтін не музыка ма екенін анықтау мүмкін болмай жатады. Бәлкім, басында тек жалпы сценарийлік жоспар болған болуы керек, кейірірек оны жүзеге асыру үшін музыкалық-поэмалық пішін қарастырылған шығар. Нәтижесінде операда бір жағынан көріністердің дамуының үздіксіздігі, екінші жағынан ән арқылы аяқталған толық нөмірлер сияқты қағидалардың белгілі бір тепе-теңдігі сақталған.

Драма авторы Б.Майлиннің Торғай даласында орын алған тарихи оқиғаларды тиянақты зерттеу нәтижесінде оның драмасында Жалбыр Жауқашаров, оның серіктері Мұқыш, Мұстафа, Таңсық, Есіркеп, большевик Ефим, сондай-ақ оның қарсыластары Алшынбай, Ақтан, Асылбек, Қасен сияқты кейіпкерлер сюжетке енгізілді.

Операның музыкалық семантикасы бірнеше көркемдік-стилдік пласттардан тұрады. Олар – аспапты әндер фольклоры дәстүріне сүйену. Е.Брусиловскийдің опера қойылған уақытқа дейін халық шығармашылығы үлгілерін талдауда үлкен тәжірибесі болған. Оған дейін ол 250 ән мен күйлерді фортепьяноға лайықтап өндеген, «Қыз Жібек» лирикалық-эпостық опера мен «Ер Тарғын» батырлық-эпостық операны дайындаған, сонымен қатар көпшілік көріністеріне арналған бірқатар әндер, романстар мен хор шығармаларын жазған. Жинақталған шығармашылық тәжірибе фольклор материалымен жаңаша жұмыс істеуге себебін тигізді. Жаңаша көзқарастың тәсілдері «Елім-ай» көне тарихи әнді жалтарауындағы жанрды мәндік өзгертуде анық

⁵⁸ Опера сюжеті «Қазақ опералары» (2010) (С.А.Күзембай., Г.Ж. Мусагулова және З.М.Касимова), еңбегінде толық келтіріледі.

көрінеді. Композитор халық әнінің көңілсіз интонацияларына сүйене отырып, сюжеттің драмалық қайшылықтарының дамуына сәйкес оның мүмкіндіктерін «ішінен» іскерлікпен ашады.

Торғай өңірінде орын алған трагедиялық оқиғалар ұлан-байтақ қазақ даласының басқа да өлкелерінде түсінік тапқан. Жергілікті халық оларды қолдап, оқиғаларды адам намысын қорлау, қоғам еркіндігін шектеуді халықтың ұлттық менталитетін қорлайтын факт ретінде қабылдаған. Оқиғаларды тереңірек зерттеу барысында қаһарлы жылдардағы көтеріліске қатысқандардың әндері табылып, олар бүкіл қазақ халқының образын сипаттауда батырлық, патриоттық сипатқа ие болған. Осындай өмірде болған жағдайлар кейін қазақстандық және ресейлік тарихшылардың зерттеулерінде, 2-томдық «Қаһарлы 16-жыл», Ғ. Сапарғалиева «Повстанческие песни 1916 года», А.Бушковтың «Ледяной Сталин», т.б. кітаптарда дәлелденген. Қарастырылып отырған шығармаға қатысты айтар болсақ, Е.Брусиловский мен Б.Майлиннің «Жалбыр» операсы либретто авторын «халық жауы» деген жала тағылуына байланысты репертуардан алынған.

Операдағы драмалық көрініс жіті дамиды, онда шиеленіс пен тарихи оқиғаларды шынайы көрсетіп отырған оқиғалардың ішкі себептерінің дұрыстығы ұдайы сезіліп отырады. Мысалы, операның бірінші актісінде-ақ Сүгірмен туындаған тартыста Елемес «байлардан үнемі қорлық көріп жүргенін» айтады. Ауылдық старшина патша өкімі туралы айтқанда, халық көмек пен ақыл сұрап елінің қалаулы ұлы, қамқоршысы Жалбырға барады. Бұл жағдай сол істің заңды жалғасы сияқты көрінеді: қауымның жауласқан екі топқа бөлінуі өмірдің талабы болып отыр.

«Жалбыр» операсының музыкалық негізін қазақ халық әндері мен күйлері құрайды. Қазақ музыка театрының сахнасына жаңа ұлттық көтеріліс тақырыбына бет бұруы көне халық әндері тақырыбымен қоса, заманауи халықтық марштық жауынгерлік әндерді де қосуды талап етті. Операға симфониялық тәсілдер көтеріліс тақырыбымен, нақтырақ айтсақ, халық тақырыбымен байланысты енгізілген⁵⁹.

Опера жанрының аясында жоғарыда айтылған тарихи оқиғалар «Жалбыр» операсының сюжетінде берілген.

«Жалбыр» – революциялық тақырыптағы музыкалық спектакль, оның басты кейіпкері – езілген, күреске шыққан халық. Өзінің тақырыбы мен жанры бойынша опера Мусоргскийдің «Борис Годунов»

⁵⁹ Оркестрдың рөлі әсіресе 1937 жылы «Ер-Тарғын» операсынан кейін жазылған операның екінші редакциясында өскен.

және «Хованщина» атты халықтық драмаларының бағытын ұстанады. «Қыз Жібек» операсындағыдай «Жалбыр» операсының музыкалық негізін халықтық әндер мен күйлер құрайды. Халық ішінде кең тараған, Е.Г.Брусиловский өте сәтті қолданған «Елім-ай» әні – тарихи ән. Бұл ән «Ақтабан шұбырынды», «Алқакөл сұлама» деп аталған жоңғар шапқыншылығы кезінде туған. Мұнда туған жерге деген сағыныш, отанды сүйу тақырыбы көтерілген. Операда «Елім-ай» әні арқылы халықтың көркем бейнесі жасалады. Жалғыз дауысты мұнды әуен композитордың қолынан өтіп профессионалды көркемдік құралдармен байып барып, халықтың жан-жақты бүтін бейнесін береді. Ал симфониялық дамуында халық тағдыры тақырыбы барынша толық көркемдік дәрежеге көтерілді.

«Елім-ай» әнінің интонациясы «Жалбыр» операсының алғашқы оркестрлік кіріспесінің дыбыстарынан бастап финалына дейін көктеп өтеді. Мұнда әннің ауыр үйлесімді адымы контрастылы полифониялық дауыстардың қосылуымен бірге дамудың ең жоғарғы кульминациялық шегіне жетеді. «Елім-ай» әні операда әр қырынан көрінеді. Кейде ол ерлік рухты, кейде қайғылы, кейде екпінді, кейде үрейлі.

Е.Брусиловский "Жалбыр"
"Елімай"

№ 13
Moderato

«Жалбырда» лейттақырыптың немесе оның жекелеген интонациясының әрбір пайда болуы операның драмалық жемісімен байланысты, яғни халық әні елеулі даулы сәттерді көрсету үшін белсене қосылады.

Бүкіл операның қорытындысы кодада – хор, оркестр және солист орындауында берілген «Елім-ай» әні. Жалбырдың маңайына жиылған халық күресуге ант етеді. Лейттақырып патетика түрінде, күшті, әрі айбарлыболып көрсетілдеі. Халық әнінің соңынан берілуі «Жалбыр» операсының шарықтау шегі. Композитор қайратты трагедиялық образды жеткізу үшін пассакалья жанрын қолданады.

Е.Брусиловскийдің М.Төлебаевпен бірге жазған «Амангелді» операсының тұсаукесері 1946 жылы 18 қарашада өтті. Опера төрт акттен тұрады, либреттосы Г.Мүсіреповтікі⁶⁰, үш рет редакцияланған, Кеңестік Қазақстанның 25 жылдығына орай жазылған. Қазақ халқының мақтан тұтар ұлдарының бірі, алғашқы қазақ комиссарының батырлығы мен революциялық іс-әрекеті туралы опера жасау ойы сонау 30-шы жылдардың аяғында «Жалбыр» операсын жасап, сахналанғаннан кейін пайда болған. Сол кездің өзінде Амангелді Иманов туралы опера алғашқы қазақ операларындағы цитаттық-әндік драматургия тәсілдерін қайталамау керектігі белгілі еді. Бұл алуан түрлі опера тәсілдері қолданылған, хор және оркестр партитурасының дамығандығымен ерекшеленетін монументалды бұқаралық жауынгерлік опера болуы керек.

Қазақ драматургы Ғабит Мүсірепов терең драмалы либретто жазды. Онда езгіге, кедейшілік пен жоқшылыққа қарсы шыққан халықтың өмірінен алынған оқиғалар, Амангелді тұлғасының жан-жақтылығы, оның халықпен ара-қатынасы, сатқындармен күресуі, сүйіктісі Бануға деген лирикалық сезімдері, батырдың соңғы күндеріндегі қайсарлығы мен батырлығы көрсетілген. Опера революцияшыл халықтың жеңісімен аяқталады.

«Амангелді» операсының музыкасы батырлық, жауынгерлік сипатқа толы. Басты кейіпкерлердің образдары жарқын және колоритті, опера драматургиясы терең, әрі іс-қимылға толы. Мұнда «Мәңгілік Ел» ұғымына үндес халық тәуелсіздігі мотивы кеңінен баяндалған.

Ұлы Отан соғысы творчестволық практикада көркем мәдениет үшін жаңа сюжеттік-тақырыптық материалды жасау қажеттілігін тудырды. Сол кездегі оқиғаларға байланысты әскери патриоттық тақырып – негізгі бағытқа айналды. Бұл қазақ ұлттық өнерінің жалпы дамуына айтарлықтай әсер етті. «Мәңгілік Ел» концепциясында отансүйгіштік идея басты тақырып екені белгілі. Осы тұрғыдан Е.Г.Брусиловскийдің

⁶⁰ Опера сюжеті «Қазақ опералары» (2010) (С.А.Күзембай., Г.Ж. Мусагулова және З.М.Касимова), еңбегінде толық келтіріледі

«Намыс гвардиясы» (немесе «Гвардия, алға!» операсы) үлгі бола алады.

«Гвардия, алға!» операсы – майдандағы солдаттардың күйін ғана емес, сонымен қатар сол оқиғалармен тығыз байланысты қарапайым адамдардың ауыр тағдыры көрсетілген алғашқы туынды⁶¹.

«Гвардия, алға!» сюжетіне музыка таңдауда Е.Брусиловский «Алтын астық» операсындағыдай шынайы халық әуендерін барынша аз қолдана отырып, ұлттық сипаттағы ерекше туынды жасауды мақсат етті.

Е.Брусиловский бұл операда жаңа творчестволық ізденістер жасап, опера партитурасын өзіндік музыкалық тілмен безендірген. Сонымен қатар, дәстүрлі ұлттық өнердің жанрлары мен формаларын орынды, драматургиялық желіске сәйкес пайдаланған (жоқтау, бата, қарғыс, ант және т.б.). Е.Брусиловский мен С.Мұқановтың «Гвардия, алға!» атты шығармасы түрлі себептермен театр төрінде ұзақ сақталмады. Ұлы Отан соғысы кезінде Қазақ Мемлекеттік опера және балет театрының сахнасында қойылуы республиканың қоғамдық-саяси өміріндегі елеулі оқиғалардың біріне айналды. Бұл туындыдағы жетекші патриоттық идея, туған жерге деген берілгендік, отаншылдық пен батырлық кезінде тыңдаушылардың рухын көтеріп, жеңіске деген сенімін күшейтті. Мәңгі Елдің (қазақтың) мәңгілігіне қомақты үлес қосты.

Қазақ опера театрының келесі қойылымы – А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Төлеген Тоқтаров» туындысы Е.Брусиловскийдің «Гвардия, алға!» операсы сияқты ерлік, батырлық, отансүйгіштік тақырыбын мадақтайды.

Қазақ ұлы Төлегеннің өшпес ерлігін жырлайтын бұл шығарманың сахна төрінде көрінуіне авторлардың пікірінше атақты әскери қолбасшы, қаһарман-жазушы Бауыржан Момышұлының (1910-1982) да ықпалы тиіпті. С.Әуезов, А.Жұбанов және Л.Хамиди онымен кездесіп, сұхбаттасқан екен: Төлеген Тоқтаров пен Мәлік Ғабдуллинге Бауке ұсыныс жасап, өз қолымен хаттама жазып, Кеңес Одағының батыры атағын алуға тікелей ықпалын болыпты [3].

Сонымен, өте өрістетілген операның кіріспесіндегі басты идея – Отан қорғау, туған жерге шексіз сүйіспеншілік, барлаушылар – Төлегеннің, Зарифтің, Байматтың, Саттар мен Жадаевтың достық сезімдері, бір-біріне деген мызғымас сенімі нақтылы музыка тілімен ашылады. Жолдастық қарым-қатынастары берік олардың мінездемелері беріліп, Отан

⁶¹ Опера сюжеті «Қазақ опералары» (2010) (С.А.Күзембай., Г.Ж. Мусагулова және З.М.Касимова), еңбегінде толық келтіріледі

қорғаушылардың неміс басқыншыларының лейтмотивтері анықталады. Бұл жолда, әсіресе өте орынды келтірілген, кезінде ҰОС-ның рухтық эмблемасы болған А.Александровтың «Қасиетті соғыс» атты атақты өлеңі маңызды функция орындайды.

Опера қысқа, бірақ өте тұжырымды екі қарама-қарсы музыкалық тақырыптан тұрады. Оның біріншісі совет халқының жауға қарсы сезімін көрсетсе, екіншісі – шағын тақырып – фашистердің хайуандық бейнесін суреттейді. Жоғарыда айтылғандай, отан қорғаушылардың «күрес тақырыбында» бас кейіпкер Төлеген Тоқтаровтың прологтағы ариозосынан батырлық интонациялары басыңқы түрде келтіріліп, жігерлі үн, екпінді ырғақтармен безендірілген. Қорыта келгенде, Төлегеннің партиясындағы жігерлі, қайратты бұл мақам опера драматургиясында жетекші (лейтмотив) орын алып, музыкалық-сахналық шешімдерінде кеңінен келтіріледі. Бұл басты әуен алғаш рет прологта оркестрлік музыкада пайда болып, соңынан ариозоға, дами бара кеңейтілген арияға айналады.

А.Жұбанов пен Л.Хамиди опера партитурасында жағымды бес дос пен кеңес халқының бейнелерін сипаттағанда кең үнді, мелодиялық құрылымдары тартымды, әуенді, әсем интонацияларды пайдаланса, ал неміс фашистерін (жағымсыз образдарды) жағымсыз интервалдардан (үлкейтілген секунда, кішірейтілген квинта, үштондықтар, шиеленіскен аккордтар) тұратын аспапты (оркестрлік) музыкаға тән сазбен суреттейді:



«Төлеген Тоқтаров» операсының композициясында жетекші орын алған –жауынгер-композитор Рамазан Елебаевтың «Жас казак» атты әні. Бұл жоқтау жанрында шығарылған өлең туралы автордың Т.Тоқтаровқа арнағаны туралы осы жұмыстың алғашқы бөлімінде жан-жақты қарастырылған болатын. Жанр деңгейінен асып, күрделі кәсіби

музыканың шеңберіне ие болған (реквиемге) бұл керемет туынды аталмыш операда өзінің идеялық, мазмұндық, көркемдік, драматургиялық шешімін тапқан. Р.Елебаев шығарған әннің үзіндісі төмендегідей:



Жалпы алғанда А.Жұбанов пен Л.Хамидидің М.Әуезовтің сценарийіне жазылған бұл туындысы ұлттық бояуға бай, нәзік, сүйкімді мелоспен бірге батырлық сипатты бейнелейтін интонциялармен безендірілген. Шығармада кездесетін речитативтердің өздері де өте шынайы, ұтымды тәсілдермен көркемделінген. Операдағы халық бейнесін суреттейтін хорлар сюжеттік, драматургиялық функциясын дәлме-дәл орындайды, сондықтан партитура беттерінде халық хорлары жетекші, маңызды орын алған. Бұл тұрғыдан «Төлеген Тоқтаровтың» эпилогында қолданған хорды келтіруге болады. Патриоттық үн, азаттықтың пафосын шырқаған бұл хор, қуаныш пен шаттыққа бөлендіріп, аса биік шабытпен «Жаса, елім, жасасын Отаным» деген идеямен аяқталады.

Композитор 1947 жылы жарық көрген бұл туындыға 1962 жылы қайта оралып, партитураға, вокалдық нөмірлерге өзгерістер кіргізді, редакциялап шығарманың көркемдік сипаттарын жақсартты.

Қорыта айтқанда, классик қаламгер М.Әуезовтің, классик-композиторлар А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Төлеген Тоқтаров» атты күрделі музыкалық-сахналық шығармасы замана үрдісінің сұранысына сай, азаттық пен бостандықты жырлайтын туынды болды. Мұнда баяндалатын «Мәңгілік Ел» идеясы өзінің өзектілігін бүгінгі күнде де анықтап отыр.

Сонымен, бірнеше операларды қарастыра келе қорытындылайтынымыз – мұнда «Мәңгілік Ел» идеясына үндес – отансүйгіштік, батырлық, туған жерді қорғауда өз өмірлерін құрбан еткен ұлдары туралы музыкалық тілмен баяндалғанын тұжырымдаймыз.

Қорыта айтқанда, фольклордан бастау алып дәстүрлі мәдениетті сіңірген әуенмен баяндау формаларының әрқилылығы – қазақ операсының басты компоненті, ал, ондағы опералық речитация элементтерінің болуы опера жанрының халықтық өнер екендігін, қазақ халқының эпикалық мәдениетінде операға тән белгілердің бұрыннан бар екенін тағы да дәлелдей түседі. Речитатив түрлері фабуланың талабына қарай шығарманың стильдік ерекшеліктерінің музыкалық-

драматургиялық тұжырымдамасына (концепциясына) байланысты жаңарып отырды. Қазақ операсында ұлттық мәнер (декламациялық) әдетін сақтай отырып жасалған речитативтердің әртүрлі типтері кездесіп отырады, олар әнмен, әнсіз, эпикалық-баяндауға құрылған, ұйқасы мен ырғағы жетілген түрде болуы мүмкін. Алғаш бұл қадамға аяқ басқан Е.Брусиловский болды, речитативтік үндестік тәсілін өзінің «Ер Тарғын» (Қарт Қожактың партиясы) операсында көрсете алды, осындай әрекетті Е.Рахмадиевтің «Алпамыс» (эпикалық кейіпкер – Жырау бейнесі), Ғ.Жұбанованың «Еңлік-Кебек» (эпикалық тұлға – Абыздың бейнесі) операларынан да аңғара аламыз. Ғ.Жұбанова речитативтік форманы пайдалана отырып, операның әуендік (мелодиялық) өрбу барысын сәтті шығара алған, бұған ұлттық бояуы қанық әуезовтік прозадан ауысқан сөз өнерінің жәрдемі тигені де рас.

«Еңлік-Кебектегі» бірсыдырғы баяндау (рельефный речитатив) күрделі драмалық хикаяның түйінін шешу үшін қолданылды. Әсіресе, операдағы жағымсыз кейіпкерлерді сомдауда речитативті орынды пайдаланып отырды (безбүйрек би – Еспенбеттің бейнесі). Қазақ операсының музыкалық архитектурасының ерекшелігі – мұнда қазақ фольклорындағы көнеден келе жатқан үрдістерді: *терме*, *желдірме* және *толғауларды* мейлінше кең пайдалануында. Қазақ операсына ажарлы ұлттық бояу (колорит) бере отырып, олар (терме-толғаулар) композициялық тұтастықты, опера қаһармандары тілінің шешендігін, сюжеттердің ширеуін камтамасыз етті.

Әсем әуенмен еркін сырқалатын, тілі өткір, ырғағы жүрдек терме формасы қазақ операсында опералық речитативтің бірегей түрі ретінде лайықты орнын тапты. Бұлай болуына терменің психологиялық сезімшілдігі, өлең мәтінінің еркіндігі, көтеріңкі көңіл күйі, біркелкі ырғаққа құрылған формуласы, ой мен сезімді бірге тоғыстыра алатын белсенділігі себеп болды. Сәтімен шыққан термелер ретінде Шегенің (Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібегі»), Манаптың (Л.Хамидидің «Жамбыл мен Айкүмісі»), Естайдың (М.Төлебаевтың «Біржан-Сарасы»), Жамбылдың (Ғ.Жұбанованың «Жиырма сегіз батыры») т.б. термелерін айтуға болады. Халық поэзиясындағы ән-өлеңдік үрдісті (песенностихотворная форма) іске асыруда операдағы речитативтің тағы да бір үлгісі ретінде қолданылып жүрген *толғау* жөнінде айтпай кетуге болмайды. З.Ахметов айтқандай: «Бұлар... ән емес, халықтық лирикалық поэзияның формасы, тақпақ пен өлеңге құрылған шығарма» [4, 254-

б.]. Мазмұны мен құрылымы жағынан толғауды философиялық ой, қоғамдық-әлеуметтік үндеу, азаматтық пен адамгершіліктің биіктігі сияқты толғаныстарға құрылған опералық монологпен салыстыруға болады. Бұл ретте, толғаудың жанрлық элементтерін сактай отырып жазылған Абай (А.Жұбанов пен Л.Хамиди), Құрманғазы (А.Жұбанов пен Ғ.Жұбанова), Махамбет (Б.Жұманиязов) монологтарын мысалға келтіреміз. Операдағы жанрлық-семантикалық белгілерді қазақ дәстүріндегі хормен ән айту тәжірибесінен көруге болады. Халықтық өнердің бұл синкреттік түрі монодиялық ән мәдениетінен туа отырып, күй мен ән сияқты ұлттың мінезін, халықтың ғұрпы мен әдебиетін, елдің тұтастығы мен ұлыстығын айқындайды. Хормен ән айту – фольклордың бір нышаны ретінде, көптеген халықтарға салт болған өнер. Бұл – славяндардың колядасы, ағылшындардың каролы, зұлыстардың (негрлер) спиричуэлы т.б.

Қазақтың әнді қосыла шырқау әдеті фольклоршы-этнографтар мен саяхатшылардың да назарынан тыс қалмады. Қазақ музыкатану ғылымында көпдауысты саз тербеу (музицирование) мәселесі алғаш М.Ахметова арқылы жүйеленіп зерттелді. Ғалымның «Қазақы ән мәдениетінің дәстүрлері» атты жұмысында көптеген бағалы пайымдар мен нақты талдаулар жасалған [5]. П.Тихов, М.Готовицкий, А.Эйхгорн, Б.Ерзакович сияқты беделді ғалымдардың сөздері халықтық хормен орындаушылық өнердің (унисондық, гетерофония элементтері бар октавалық, айтушы қауымның саны әрқалай келетін) тамыры әуелден бар екенін куәландырады. Ш.Уәлиханов «қазақ халқының Геродоты» деп ілтипатпен атаған А.И.Левшиннің бұл салада құлақ қоярлық пікірлері бар. Оның кітабынан екі цитатаны келтіре кетейік. Біріге ән айту туралы орыс ғалымы былай жазады: «...қырғыз (қазақ-С.К.) әндері көбіне суырып салма (импровизация) әдісімен орындалады бұл жағдай оларды шабыттандырады, маңайындағылардың да көңілін еліктіріп отырады. Олар әйелдер мен ерлер болып екі топқа (хорға) бөлінеді немесе екі адам дуэтпен бірігіп әндетеді [6, 344-б.]. Сондай-ақ, халықтық хордың ерекше тәсілдері туралы шолу жасайды: «Қырғыз әндері кейде музыкамен сүйемелденеді, кейде дуэт, терцет және кuartет құрайды, ал әншілер болса кезектесе, бірінен соң бірі шумақ қуып шырқайды» [6, 353-б.].

Тамаша дирижер, қазақтың музыкалық-поэтикалық фольклорын жинақтаушы Август Эйхгорнның пікірі де көңілге қонымды. Ол: «Қазақтар мысалы, бір уақытта кварта немесе квинтамен, болмаса

жеке дауыспен эн салганда оның сүйемелденуі де квартамен немесе квинтамен орындалады, кейде бурдонды басты да қоса береді» – деп жазды [7, 29-б.]. Үйлену тойындағы жоралғылардан операға барабар белгілер туралы заманымыздың заңғар жазушысы – М.Әуезов те өз пікірін айтқан, әсіресе «Жар-жарға» қатысты айтқан пайымы уәжді: «Бұл эн жігіттер мен қыздардан тұратын екі қатарлы хормен орындалады, былайша қарағанда жастардың энмен айтатын сырлары секілді... Басқа той әндеріне қарағанда «Жар-жардың» орнықты музыкалық формасы мен мәтіні бар. Екі хордың да өз әуендері бар, жігіттердің көңілді әндеріне қыздар хоры мұнды энмен жауап береді» [8, 80-б.]. Фольклордағы хор элементтері ұлттық операның даму барысында ылғи жаңарып отырды, жаңаша мазмұн мен сазгерлік ізденістерге байланысты тежеусіз дамып отырды. Ұлттық музыкалық дәстүр мен жалпыеуропалық композиторлық қолтаңбаның өзара тіл табуы опералық хор музыкасының жаңа үлгілерін (модельдерін) жасауға түрткі болды, унисонды-октавалық орындаудан гомофонды-гармониялық орындауға дейін көтерілді, тіпті, күрделі полифониялық түрге дейін дамыды. Опералық хор музыкасының ажарлы палитрасы халықтың қауымдық, ұжымдық мінезін бейнелеу кезінде ерекше міндетке ие болды. Бұл орайда «Ер Тарғын» операсындағы Естайдың қайғы-шерге толы «Хорлан» әнінен алынған трагикалық-өршіл хорды, тарихи эн «Елім-ай» сарынымен толғанатын ерлікке ұмтылдыратын марш екпінді хорды («Жалбыр»), домбыра интонациясының ізімен орындалатын әлеуметтік теңдікті көксеген «Кішкентай» хорын («Алпамыс») атап айтуға болады.

Кейінгі онжылдықтарда жазылған опералар хор эпизодтарын ұлғайта қолдануымен ерекшеленеді. Біртұтас ішкі логикаға (қиыстыру мағынасында), пропорция заңы мен қисынға сүйенген хорлар сахналық шығармалардың күрделі музыкалық-драматургиялық өзегі болды, бұл салада дамыған кантатаның вокалды-хорлар формасы, а'capella хорлары мен көпшілікке арналған музыкалық жанрлар дүниеге келді («Дударай», «Қамар сұлу», «Тың туралы эн», «Ақан сері-Ақтоқты», «Жиырма сегіз» опералары т.б). Ораториялық жоспарға құрылған Ғ.Жұбанованың «Еңлік-Кебек» шығармасы да үлкен жетістік. Сазгер көпдауысты вокалды-хорлық дыбыстау (звучание) арқылы М.Әуезовтің көркем-драматургиялық концепциясының тілін дәл тауып, операда шырқау шынға көтерілетін кульминацияға қол жеткізді, оның хор полотносының қуатын (динамизмін) шегіне жеткізуі таң қаларлық нәтиже тудырды. Контрастық сюжеттердің тоғысы, сахналық образдардың сомдалуы, драматизмнің

бағытталуы мен көрнекілігі – көпдауысты жолдардың әртүрлілігіне, мейлінше жүрдектелген полифониялық дененің (полифоническая ткань) ұтымды жаракталуына байланысты іске асты. Музыкалық тартыстың өткір драматургиялық бағыттамаcы өз жеміcіcін финалдағы хор – фугатода көрсетеді. Мұнда сазгердің идеялық-философиялық тұғырнамасы (кредосы) айқын байқалады, «Еңлік-Кебек» операсының да кульминациясы осы хормен тұжырымдалады.

Халық шығармашылығының көркем және функционалды мақсаты бар құрылғы жүйесі қандай да бір жанр немесе формада болмасын, шынтуайтында, опералық белгіден құралақан еместігі баршаға аян. Осының жарқын бір мысалы – халықтың музыкалық-поэтикалық тұрмысынан тұрақты орын тепкен театрлану ұшқыны, бұл әсіресе синкреттік өнер саласында дамыған, рухани мәдениетті уағыздаушылар – *жырау* (жалғыз актердың театры деуге болады), *бақсы* мен *сықақшылар* ел ішінде нағыз дәстүрінен қаны тамған тамаша ойындардың қойылымын жасай алды, шығыс жаңа жылы – Наурыз, ақындар сайысы, ұлттық ойындар олардың қатысуынсыз өтуі мүмкін емес еді. Фольклордағы театрландырылған көріністер мен ойындар көптеген шетелдік және отандық ғалымдар мен филологтар – А.Левшин, А.Эйхгорн, А.Янушкевич, М.Әуезов, С.Мұқанов, И.Дүйсенбаев, драматург Ш.Хұсайыновтардың назарына іліккен. Фольклоршы-ғалым С.Қасқабасов өзінің «Қазақтың салты мен ұлттық ойындарындағы театр элементтері» атты еңбегінде халық шығармашылығын бірнеше топқа бөле ғылыми жүйесін сараптады. Ғалым оларды «күнтізбелік-шаруалық және ғұрыптық формасы, халықтық драма шығармашылығының ойын формасы және кәсіби театрға еліктеу түрлері» деп саралады [9]. Зерттеушінің көрсетіп отырғаны фольклордың сөз барысындағы (прозалық, поэзиялық), музыкалық және бейнелі-көріністі (изобразительно-зрелищная форма) түріндегі үрдістің, көркемдік-эстетикалық болмыс пен халықтық жәдігерді қолданудағы синтезделу құбылысы⁶². Қазақтың халықтық шығармашылығының осы қырлары қазіргі заман сахналық өнерінің (драмалық, музыкалық және киноөнері) іргетасын берік етуге өз септігін тигізді. Ғасырлар бойы халық санасында пісіп-жетілген өнер

⁶² Фольклорлық дәстүрдің драмалық театрдағы зерттелуі театртанушы мамандар тарапынан жетік талданды. Қазақ театрының тарихы: 1 т. – Алматы, 1975; Кайдалова О. Традиции и современность (театральное искусство Средней Азии и Казахстана). – М.: 1977; Кабдиева С. Фольклорные традиции в казахском театре. – Алма-Ата, 1986; т.6.

IV көрініс Нар тәуекел (Рискованное решение)

В этой сцене главенствует диалогическая форма в общении основных действующих лиц оперы (происходит ссора биев с Абылай ханом). Амбиции биев и шонжаров из рода Атығай-Қарауыл направлены на раздробленность казахской земли, на усиление власти мелких родовых правителей, борьба за ханский трон. После долгих распрей созывается совет старейшин и мудрецов для вынесения справедливого решения по возникшему конфликту. Здесь после назиданий Бұқар-жырау проводится ария Абылая из первой части оперы. В ее основе, как было ранее отмечено, широкораспевная аркинская песня. Ария звучит гордо и широкой манерой исполнения, отличается мелодико-интонационной щедростью, благородством интонаций, богатством ладовых красок и отклонением. Так, при устое *соль* встречаются VII высокая – VII низкая ступени, терцовый звук от *соль* «выступает» также в двух вариантах – *си* и *си-бемоль*. Все нюансы мелоса органично передают высоко-нравственный облик героя, его возвышенно-патриотические порывы.



Бұқар жырау, бии, народ выражают веру в Абылай хана, все будущее возлагают на него.

Политический тонус музыкально-драматического спектакля, его ярко проявляемая народно-национальная сущность и гражданская значимость, столь злободневные в годы Независимости, остро выражаются в финале

–на авансцене народ, сарбазы Бұқар жырау и батыры Абылая. В нем лейт-идеей становятся сокровенные мысли народа «Еліңді жаудан сақта, жеріңді даудан сақта!». С этими словами они обращаются народному герою-защитнику (при ключевых знаках *As dur* партия хора проводится в одноименном миноре, равномерный ритмический пульс, пунктирный рисунок вносит тревожность). В заключительной сцене либреттистом и композитором в драматургическом плане продумана каждая деталь – соотношение слова, музыки, хора и оркестра.

Произносимая фраза Абылая воспринимается весомо, с эмоциональным акцентом – его обращение к народу на фоне тремоло оркестра передана прозой, емко и лаконично, народ (хор) выражает Абылаю свое согласие и готовность пойти за ним. Абылай говорит: «Азаттықтың қамы үшін, болашақтың бағы үшін, Ұлы жорық бастаймын». Развернутая финальная картина логично переходит в марш (*Tempo di Marcia O = 60*). Соло главного героя проводится в *Des dur*; тема ярко-песенного характера, благородная, решительная, интонационный строй современен:

Tempo di marcia ♩ = 60

Қол-да, а-ру-ақ! Қол-ға қа-ру
 ап. Ал-қа кон-саң сан а-ла-ман. Жо-лағ-на ел-ге
 зо-ба-лаң. Ал-ға бас са-йып қы-ран-дар!

Затем к соло Абылая присоединяется Бұқар жырау, происходит резкая смена тональности (*G dur*) на расстоянии тритона – жырау и Абылай поют в унисон, призывая и благословляя молодых батыров на ратные подвиги во имя свободы родной земли. Их дуэт звучит вдохновенно, призывно и радостно, народ вторит им. Здесь лейт-идея (Жеріңді жаудан сақта – Береги родную землю от врагов) звучит в устах Абылая, Бұқар жырау, биев и всего народа. Октавное дублирование в их вокальных партиях усиливает всю звучность основного мотива, преднамеренно подчеркивая ее доминантную функцию. Восходящее движение мелоса (Алға, қазақ, алға!) эмоционально действенно и патетично – на просцениум войны выносят победные знамена, и зрители стоя приветствуют их. Здесь происходит волнительный акт, в котором слушатели и исполнители

как бы сливаются в единое состояние в передаче высокого героико-патриотического порыва.

Таким образом, созданием широко-масштабного исторического полотна «Абылай хан» авторы Е.Рахмадиев и А.Кекильбаев раскрыли остро-злободневную тематику, столь созвучную в годы Независимости Казахстана. Интерпретация национальной идеи – защиты родной земли, государственной целостности суверинитета, воплощена со всей силой выражения, весомо и убедительно. Образ Абылай хана, как носителя этой великой идеи, получил в опере многогранную трактовку. Сюжет оперы, воплощаемые в нем исторические события и факты, образы великих личностей, а так же музыка оперы глубоко национальная, образная и действенная выдвигают это сочинения в ряд актуальных и высокохудожественных полотен современности.

Образ Абылай хана и его благородные деяния, волновавшие передовые умы прошлых столетий, с обретением Независимости имеет еще большую значимость и становятся неиссякаемым источником творческого вдохновения. Его образ увековечивается во всех видах изобразительного искусства. Несомненно, обращение к образу Абылай хана откроет новые горизонты в художественной культуре современного Казахстана.

ВОПЛОЩЕНИЕ ОБРАЗА ПЛАМЕННОГО ПОЭТА-БОРЦА МАХАМБЕТА В МУЗЫКАЛЬНОМ ИСКУССТВЕ КАЗАХСТАНА

Среди блистательных имен великих сыновей народа, навсегда вошедших в историю духовной сокровищницы недостижимой звездой сверкает имя Махамбета Утемисова. Пламенный поэт, бесстрашный воин, свою короткую, но яркую жизнь, «души прекрасные порывы» посвятил служению родному народу, верой и правдой, копьем и пером провозглашал идею свободы и справедливости. Общественно-социальное мировоззрение поэта-бунтаря, сформировавшиеся в годы становления Букеевской Орды, проникнуто пафосом национально-освободительной войны, порывом самопожертвования и сыновней любви Отечеству, романтической мечтой о всеобщем благоденствии на казахской земле.

Историческая фигура Махамбета, богатейший художественный мир, его гражданское предназначение в период глобальных перемен, высокая миссия его искусства, всегда волновали деятелей науки и культуры

Казахстана, будучи лейт-мотивом их научных изысканий и творческих поисков. Это – ученые-историки Досмухамедов Х., Шахметов В., Бекмаханов Е., Алдамжар З., писатели и поэты – Джансугуров И., Сланов Г., Абдикадыров К., Алимжанов А., Шаханов М., литературоведы – Джумалиев К., Исмаилов Е., Ахметов З., Сыдыков Х., Кабдолов З., Тлепов Ж., композиторы-музыканты – Жубанов А., Тлендиев Н., Рахмадиев Е., Жубанова Г., Ахмедияров К., Мухамеджанов Т., Абдинуров С., художники, графики и скульпторы – Кисамединов М., Исамабетов А., Мухатов Т., Кулмугамбет М. и многие другие. В их научных трудах и художественных творениях Махамбет предстает как ярчайшая многогранная личность, поэт-воин, пламенный оратор, музыкант-импровизатор, человек неукротимой энергии, пламенного сердца, незаурядного ума, как символ свободы и гордость народа. По свидетельству русского ученого-писателя Е.П.Ковалевского (1811-1868), познакомившегося с Махамбетом Утемисовым во время путешествия по казахской степи, он отличался мужественным характером, честностью, прямодушием, красноречием и достоинством, знал русский язык [1]. Прогрессивный представитель русской культуры пишет: «Я понял его как натуру героического склада, подлинного патриота, страстно ищущей души и большого обаяния». Махамбет признан также как автор многочисленных песен, толгау и терме, и как талантливый кюйши-домбрист, названия его сочинений, как и поэзии глубоко отражают его бунтарский дух, огненно-зажигательную динамику и героическое волевое начало.

Народ веками слагал о любимом герое песни и кюйи, а акыны-поэмы, дастаны и жыры. Вольнолюбивые стихи поэта передавались из уст уста, заучивались потомками, вдохновляя и одухотворяя их жизнь. Одними из образцов художественного отражения идей и образов поэзии Махамбета в национальной музыкальной культуре предстают кюйи великого певца Степи великой Курмангазы Сагырбайулы – «Кішкентай» («Меньшой»), «Жалын» («Пламя») и «Көбік шашқан» («Бушующий вал»). Названные инструментальные полотна – своего рода величественные гимны героическим деяниям народных батыров Исатаю Тайманову и его брату по борьбе Махамбету Утемисову. Ритмо-интонации кюев выдержаны в философско-трагедийном звучании, они полны внутренней энергии, мелос наделен большой эмоциональной экспрессией и психологической напряженностью. По верному утверждению академика Жубанова А.К. кюйи Курмангазы созвучны стихом великого поэта-воина.

Народный поэт Казахстана Хамит Ергалиев в своем дастане «Көбік шашқан» («Бушующий вал») о кюе Курмангазы пишет:

*Свой новый кюй он «Кишкентай» зовет,
Подобен кюй разливу грозных вод,
Поет об Исатае с Махамбетом,
Поет как буря, с силой струны рвет.*

Миниатюрной симфонией, наполненной драматизмом героического порыва, поэзией воинской доблести, неудержимым потоком мыслей и чувств воспринимается оркестровое сочинение «Махамбет», принадлежащее перу гениального художника современности Нургисы Тлендиева.

В нем многоликость музыкальных образов – мощь и сила народного бунта, топот неукротимых аргымаков, скрежет и лязг молниеносных мечей, драматизм и напряженность интонаций, постепенно захватывающая динамика и богатейший арсенал выразительных средств звуковой палитры с многообразием тембральных красок оркестра народных инструментов. В музыке Тлендиева Н. Мы слышим голос самого поэта [2]:

*Мы в бой помчимся, как сайга,
Батыром каждый стать рожден.
Вперед, джигиты, на врага!
И лишь Аллах об этом знает,
Где смерть джигита наступает!*
(«Смелее в бой»⁶⁹)

В интерпретации образов Исатая и Махамбета новаторское художественное решение демонстрирует народная артистка ССР Газиза Жубанова. Претворяя жанровые потенции народно-поэтических форм, в данном случае – толгау, посредством тончайших выразительных нюансов человеческого голоса, в первом действии оперы «Курмангазы» выстраивает развернутую музыкально-сценическую картину. Атмосфера исторического прошлого, мотивы трагической жертвенности во имя народа ассоциативно воскрешаются в «Балладе об Исатае и Махамбете». В основе женского хора без сопровождения (a'capella) Г.Жубанова мастерски трактует тематический материал кюя «Кишкентай».

⁶⁹ Здесь и далее стихи Махамбета приводятся из кн.: Махамбет. Песни воина (Перевод А.Устинова). – Алма-Ата: Жазушы, 1989.

Первоначальная суровая мерность хорового звучания, с его напряженно-сдавленными интонациями, скорбными полутонами имеют характерные черты песен-плачей (жоқтау). Композитор далее трансформируя музыку хорового эпизода, нанизывая его полифонической многоярусной тканью, выражает гневный протест и мощь народного гласа:

*Камнями крутыми усыпаны горы,
Слезами густыми усыпано горе.
Но если орда многолюдна,
И горы – не горы,
И горе – не горе.
Стрелу потеряешь – не трудно,
Если орда многолюдна.*

(стих. «Если орда многолюдна»).

Судьба свободолюбивого поэта-музыканта глубоко волновала народного артиста республики Базарбая Джуманиязова – автора получивших широкое признание вокально-хоровых и оркестровых произведений. Пристально изучая историю восстания под руководством народного вожака и героя Исатая Тайманова (1791-1838), испытывая горячую любовь к поэтическому и музыкальному наследию его глашатая и сподвижника Махамбета, Б.Джуманиязов в 1978 г. создает хоровое полотно (a' capella) на стихи поэта-воина «Песня гнева». В этом сочинении, мастерски изложенного выразительными красками хора без сопровождения, композитор демонстрирует свободное владение богатыми приемами хорового письма, красочность и самобытность творческой палитры, яркий национальный колорит музыкального языка, развитость ладо-ритмической структуры и владение полифоническими формами. Особым творческим достижением композитора стало написание музыки, глубоко гармоничной эмоциональному накалу и динамике махамбетовской поэзии. Выше отмеченные черты художественного мышления наиболее полно и зрело проявились в его новом музыкально-сценическом произведении «Махамбет» (1990) Это историко-героическое полотно воскрешает волнительные эпизоды из жизни поэта, страницы из жизни национального героя, полной пафоса борьбы и тревог, романтической мечты и трагедии одиночества. Остро драматичный и динамичный сюжет оперы сконцентрирован интерпретацией подлинных стихов Махамбета (либретто оперы

написано Б.Аманшиным и С.Жиенбаевым). Поэзия Махамбета органично инкрустируясь, в общую концепцию произведения, придает ему определенную документальность, воспроизводит историческую обстановку, беспокойный дух эпохи, создает жизненную правдивость, придает высокий эмоционально-психологический тонус.

Опера Б.Джуманиязова «Махамбет» состоит из 2-х частей и 4-х картин. В ее прологе, изложенном в жанре песен-плачей (*жоқтау*), переданы боль и страдание народа. Проникновенный поэтический текст и выразительный хор пронизаны глубокой печалью о великом сыне народе Исатае, верностью его идеалам и заветам. Трагико-мужественные интонации хора усилены стихами Махамбета – его монологом «Мрачен, мрачен этот день».

Вокальная и оркестровая ткань пролога предельно насыщена содержательным тематическим материалом, где главенствующую смысловую функцию выполняют полифонические формы (фугато).

Пролог воспринимается резким контрастом первой картине оперы – в ставке Жангир-хана⁷⁰ торжество празднуется знаменательное событие по поводу присвоения хану чина генерал-майора от белого царя Николая I. Во время веселья, на которое приглашена вся степная знать, акыны, музыканты, офицеры царской армии, полковник Геке происходит конфликт. Жангир-хан, унижая человеческое достоинство, при всех оскорбляет свою младшую жену Зылиху. Присутствующий здесь Махамбет, заступается за молодую женщину смело обличая его. Звучит его ария – кульминация 1-картины: «Не хан ты, а лютый волк!».

Ты разве хан, что Богом дан?

Да лютый волк ты –

Вот кто!

Позорной смертью кончишь ты:

Задушит черный албасты,

Или продажные друзья

Башку дубиной раскроют –

Чтобы так издох ты!

Хан в гневе и яркости...

⁷⁰ Жангир хан (1801-1845) – историческая личность, правитель Букеевской орды, внёсший вклад в развитие экономики, просвещения и культуры. Имел европейское образование, знал несколько языков, генерал-майор, почётный член Казанского университета. Образ хана в опере трактован однозначно в соответствии с догмами советской идеологии. По архивным данным Жангир хан умер скоропостижно при невыясненных обстоятельствах.

В этот момент хитрый и дальновидный Геке, учитывая любовь казахов к Махамбету и его авторитет среди народных масс, уговаривает хана не ссориться, не портить праздник, выждать до удобного случая...

Таким образом, уже в начале оперы определяются две противоборствующие стороны. С одной стороны – это Махамбет, народ и младшая жена хана Зылиха, а с другой – Жангир хан, его старшая жена Фатима, придворный поэт Балқы и полковник Геке. Б.Джуманиязов от картины к картине раскрывает характеры оперных героев, детально психологизируя их, обрисовывает выразительным музыкальным языком данную сценическую ситуацию, гибко претворяя различные жанры традиционного музыкально-поэтического искусства, органично сочетая их с арсеналом средств современного композиторского творчества.

Богатый внутренний мир главного героя тонко передан в 3-картине оперы (Лагерь повстанцев. Часть II). После тяжелого боя Махамбет в раздумье. Звучит его ария «Что нам делать?».

*Что нам делать?
Против пушек – топоры
Сколько будет по аулам
Сиротливой детворы?*

Состояние размышления и тревоги постепенно переходит в призывно-решительные ритмо-интонаций марша. Его мелос выдержан в манере современных массовых песен с наступательно напористым характером, мелодически броскими напевными оборотами. В основу хора повстанцев и соло Махамбета взяты знаменитый стих поэта «Ереуіл атқа ер салмай» («Не оседлав боевого коня»). Музыка марша далее приобретает гимническую звучность – единение героя с народом образует великую непобедимую силу. Музыкально-драматургическое развитие оперы высокого накала достигает в 3-картине II-части. В смертельной схватке, не щадя жизни, один за другим погибают воины – джигиты Махамбета, все реже их ряды. Но они готовы биться до последнего... За сценой слышны звуки духового оркестра карательного отряда. Последнее сражение народных героев Махамбет описывает так:

*Пушка царская пальнула,
Полетела пыль метель.
Исатай рванулся в битву...
Что он сделать мог теперь?
Стали падать байбактинцы⁷¹
Сколько горестных потерь?*

Соответственно драматургической концепции композитора обрисовка данной сцены возложена на оркестровую музыку. Ее эмоционально-смысловой нерв заключен в противопоставлении двух полярных музыкальных тем – механически повторяемого марша карателей и темы народа. Динамизм сложных звуковых построений воссоздает последнюю смертельную схватку враждующих сторон. Тема марша царской армии выдерживается назойливо, без модификации, а тема народного сопротивления получает динамичное развитие путем непрерывного полифонического развертывания, «нанизыванием» контрастных голосов. Драматическая экспрессия оркестрового звучания логически подготавливает кульминацию данной картины – плача женщин. Так, через жанр жоктау, в поэтической канве которого трагический стих – плач Махамбета, посвященного гибели Исатай, «Аспанда ұшқан ақ сұңқар» («Белый сокол, взлетевший в небо»). Б.Джуманиязов обобщает жизненно-философскую идею всего оперного сочинения. Вокальная партия Махамбета выдержана в декламационно-речитативной форме с гибким преломлением ритмо-интонаций домбрового кюя.

Опера завершается картиной «Охота». Жангир-хан с приближенными (среди них и полковник Геке) устраивают охоту на камышевом озере. Неожиданно они встречают Махамбета, который после поражения, с горечью обреченности вынужден скитаться по безлюдным местам. «Иду один я по острым скалам» поет герой. Несмотря на трагическую предопределенность своей судьбы, бесстрашный поэт отвергает предложенное ханом перемирие и согласие⁷². Верным своим идеалам, избранной стезе, Махамбет горда отвечает хану:

⁷¹ Байбактинцы – один из родов Младшего жуза.

⁷² По архивно-историческим документам Махамбет Утемисов в 42-летнем возрасте был обезглавлен ищейками султана Баймагамбета Айшуакова за вознаграждение – 1000 российских рублей.

Я – это Я!

*Враг мой сплетни разносит в бессилье.
Разболтался он хуже бабья.
Что мне в этой пустой говорильне?
Ведь всегда буду я – это Я!*

*Стройный, в небо упершийся тополь,
Не сломать, пока сам не умрет.
Не убьют меня шепот и топот,
Пока сам не умру за народ.*

*Раньше всех, как стремительный сокол,
На врага я кидаюсь, кипя.
Он страшится уже издалека
Вознесенного мною копья.
Потому так врагов моих много...
Пусть болтают!
А я – это Я!*

Сцена (дуэт) Махамбета и Жангир-хана перерастает в развернутый ансамбль, в котором каждое действующее лицо выражает свое отношение к происходящей ситуации. Квинтет изложен психологически напряженными интонациями при контрастном переплетении мелодических линий. В передаче сложных чувств и состоянии оперных персонажей ведущую роль выполняют многообразные формы полифонического письма.

В небольшом эпилоге на фоне хора а'capella (за сценой) декламируются стихи, посвященные Махамбету «Күн сәулесін қалай ғана құртасың?» («Как можно потушить лучи солнца?»). Опера завершается на патетичном звучании оркестра, возвеличивая на века гражданское и поэтическое бессмертие великого сына казахского народа Махамбета Утемисова.

Опера Б.Джуманиязова «Махамбет» представляет одну из новых страниц национальной музыкальной культуры. Композитор обратившись к поэтическому и музыкальному наследию выдающегося акына и бесстрашного воина, стремится раскрыть исторического величие и социальную значимость этой легендарной личности, показать широкий

спектр жизни Махамбета в ее светлых и трагических проявлениях, передать мощь и силу его огненных поэтических строк.

Для воплощения столь ответственной и сложной творческой цели автор возрождает и трансформирует народные музыкально-поэтические традиции, столь богато представленные в наследии Махамбета, воспроизводя их на новом уровне (языковом, жанровом, формообразующем и конструктивном), гибко синтезируя с достижениями современного художественного процесса.

Опера характеризуется национально-окрашенным песенным мелодизмом, самобытностью интонационного строя, богатством ладовых переливов (в частности, фригийского лада) и творческим претворением песенных истоков домбрового кюя. Музыкальная стилистика «Махамбет» отличается красочностью и полипластовостью вокально-оркестровой ткани, гибкой ладо-интонационной переливчатостью, ее драматургически обоснованной полифонизацией.

Созданием оперы «Махамбет» Базарбай Джуманиязов значительно обогатил область постижения бессмертного творческого наследия Махамбета Утемисова. Обратившись к феномену легендарного поэта-воина, самобытная героическая поэзия которого не имеет аналогов, воплотив его уникальный художественный мир, композитор преподнес своего рода музыкальный венок – оперу «Махамбет» в сложном жанре национального музыкального искусства. Воспетый в опере священный дух свободы, веками витавший в Великой степи, сыны которой – Сырым, Исатай и Махамбет, Кенесары и Наурызбай, Турар и Ораз, стал исторической реальностью обретением казахским народом Независимости.

АБАЙ БЕЙНЕСІ ҚАЗАҚ МУЗЫКАСЫНДА

Әлемдік мәдениет тарихында қалған атақты сөз зергерлері, суретшілер, философтар көп, олар өз халқының рухани байлығын әлемге танытып, жалпы адамзаттық мәдениеттің өкіліне айналғандар. Осындай үлкен сөз зергері, рух пен ойдың кемеңгері Абай Құнанбаев (1845-1904). Оның поэзиясында өзінің туған халқының өмірі мен тұрмысы, жаратылыс құпиясы мен адам жаны кең жырланған. Абайдың ұлылығы – поэзияда, прозада, аудармада, сонымен қатар музыкада шығарманың формасы мен мазмұнының үйлесімділігін тапқандай. Осындай тың жерден түрен тартқан ойшыл Абай өз үнін бұқараға жеткізу үшін сөз жауһарын терді,

ойшыл ақын ретінде философиялық абстракцияның шыңына шықты, күрделі ғұмырлық және моральдық-әдептік құндылықтарды сөз етті. Туған жерге деген махаббат Абайдың адамға деген сүйіспеншілігімен астасып жатады. Оның гуманистік көзқарасы да осында, сол себеппен Абай мұрасы өз тұстастарына да үлгі болған, кейінгіге де өнеге алар үлгі болып қала бермек.

1995 жыл ЮНЕСКО-ның шешімімен Абай жылы деп аталып өтілуі – қазақ ойшылының әлемдік дәрежеде мойындалғанының фактісі болды. Абай шығармашылығы сан-салалы: ол – ақын, ойшыл, ағартушы, рухани ұстаз, әнші, сазгер. Ол өз шығармашылығымен көпшіліктің санасын оятады, оның рухани тазаруына әсер етеді. Абай сөзіне қазіргі кезеңде де назар аударуға мәжбүрміз, өйткені ол халқымыздың тарихы, мәдениеті мен тұрмысы. Осыған қатысты М.Әуезовтің пікіріне құлақ қояйық: «Абай біздің өткен өміріміз емес. Ол халықпен бірге мақсатқа батыл қадам жасаған адам, ал мұндай жанға елім жоқ, әрі оның шығармашылық тұлғасы алдында уақыт дәрменсіз» [1, 414-б.].

XIX ғасырдың екінші жартысында ұлтымыздың рухани қазынасына шексіз дария болып қосылған Абайдың философиялық даналық, көсемдік, ақындық және музыкалық мұрасы – халқымыздың баға жетпес асыл қазынасы. Алаш көсемдерінің бірі Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай «Қазақтың бас ақыны Абай» музыка өнерінің де бас классик-композиторы ретінде биік тұрғыдан бағаланып, жаңа дәуірдегі жаңа музыка мәдениетін негізін салды. «Өлеңді ермек үшін жазбаған, оны айтқанда толғанып, іштегі дертін жойған» Абай 60-қа жуық (нұсқаларын қосқанда) ән шығарыпты. XX ғасырдың ұрпақтарына Абайдың өлеңдері мен әндері ана сүтімен жүрегімізде тұрақты қоныстанып, өсе-келе адамдыққа, инабаттылыққа уағыздап («Әсемпаз болма әрнеге»), надандықпен, жалқаулықтан жирендіріп («Бойы бұлғаң»), ал жасымыз кемелденгенде («Қартайып... арман ұлғайғанда») рухани тазалыққа, имандылыққа жол көрсетеді («Алланың өзі де рас, сөз де, рас»).

Заманымыздың кеменгер жазушысы Мұхтар Әуезов айтқандай: «Абай – халқының шын ұлы. Ол өмір бойы халқының қайғы-шерін жазып, мерейін көтеру жолында қызмет етті. Абай халқына тек өз тұсында ғана қызмет етіп қойған жоқ, ол өзінің жарқын бейнесімен, асыл сөздерімен бүгін де қызмет етіп отыр» [2, 44-б.].

Халқымыздың дәстүрлі өнерінде Абай өзіндік музыкалық шеберлігімен, ерекше әуен сұлулығымен, оның нәзік сезімталдығымен,

әндерінің тақырыптық, жанрлық байлығымен, ырғақтық және өлшемдік орамдылығымен жаңашыл композитор болып кеңінен танылды.

Абайдың ақындық және музыкалық қабілеті ерте оянып, жан-жақты біртұтас қалыптасты. Ол жастайынан туған халқының ежелгі мұрасы – ертегі, әңгіме, эпос, қисса, ән-күй сияқты фольклор үлгілерін үлкен ықыласпен тыңдап, көкірегіне тоқып өсті. Болашақ ақын-композиторға ерекше ықпалын тигізген дана әжесі, ескінің көзі Зере ана болатын. Абайдың шығармашылық талабының өсіп-дамуының тағы бір өзегі – ол сол кездегі рухани мәдениеттің ордасы болған – әкесі Құнанбай ауылы. Мұнда кең-байтақ қазақ даласының жұлдыздары – атақты ақын жыраулар мен жыршылар, айтыскерлер, әнші-күйшілер айлап құрметті қонақ болып, өз өнерлерін ортаға салатын, той-думандар, ойын-сауық, жарыс-күрес, айтыстар әрдайым өткізілетін. Өнер саңлақтарының ішінде атақты Дулат жырау, Біржан-сал, Әсет, Байкөкше, Қуандық, Кемпірбай, ақын-қыз Ажар, шертпе күйдің шебері Тәттімбет... Осы әулеттің сыйлы қонақтары болған. Ауыл кештері шалқыған әнге, күмбірлеген күйге, әзіл-күлкі, айтыстарға, алтыбақан және басқа да көптеген жастар ойындарымен нәрлі және нұрлы көріністерімен рухтанғаны мәлім.

Бұдан екі жарым мың жыл бұрын Конфуций: «Егер қандай да бір елдің билік ісі сәтті екендігін және көңіл-күйі дұрыстығын білгің келсе, оның музыкасын тыңда»⁷³¹ деп тәмсіл айтқан екен. Сол ғұлама ойшыл айтқандай, егер біз Абайдың рухани ортасына зер салсақ, оның әндерін замана үні ретінде қабылдасақ, сол заманда ұлттық мәдениетіміздің аса бір биіктікке өрлегенін айқын сеземіз. Бұл кезеңді қазақ өнерінің Ренессансы – Алтын ғасыры деуге толық болады. Дәл сол дәуір Құрманғазы, Дәулеткерей, Ақансері, Балуан Шолақ, Үкілі Ыбырайдың шығармашылық, орындаушылық дарындарының гүлденген шағы еді.

Абайдың ән туындыларының ерекше сыры – олардың поэтикалық сөзбен тікелей байланыста болуында. Өлең мен ән бірін-бірі толықтырып, аса шеберлікпен құрастырылып, тек ұлы талантқа тән әдістермен сипатталады. Поэтикалық және музыкалық дарын мен шабыт біртұтасып, жаңашыл тәсілдермен үндеседі. Мұндай шығармашылық үрдістің биік көркемділікке жеткізу шарттары туралы ұлы ғалым-ойшыл Әбунасыр Әл-Фараби өзінің «музыка өлеңмен сәйкестендіргенде ол ерекше күшті әсер береді, ал сөздер өз кезегінде анағұрлым мәнерлі бола түседі. Сонымен, ең заманауи, ең әдемі де ең әсерлі музыка – бұл жоғары аталған барлық

⁷³¹Конфуций – көне қытай ойшылы, мемлекеттік діннің негізін қалаушысы. Өзінің еңбектерінде адамгершілік, әдептілік және руханилықидеясын насихаттаған.

ерекшеліктерді бойына сіңірген музыка» [3, 328-б.]. Ал Мұхтар Әуезовтің романдарында Абайдың өлең-ән шығару сәттерін бейнелейтін көркемдік тілмен шебер жазылған көптеген қызықты эпизодтар бар. Бұл тұрғыдан жазушының «Абай жолы» роман-эпопеясынан үзіндіні келтірейік.

«Мынау салқын лебі айықпай ескен күншуақты көктем күнінде Абай жүрегі өзгеші бір еміреніп келеді. Кеудеде талай ыстық толқын сезімдер сыя алмай сығылысқандай... Өлең әнге оралып, еркеленіп келеді... Үзіле алмай ырғалады. Абай байқамапты. Бұның бар өлеңін Мәкіш тыңдап отыр екен. Бөтен біреудің өлеңі емес, інісінің өз өлеңі екенін де біліп отырыпты» [4, 296-б.], – деп, Абайдың шығармашылық үрдісін поэтикалық жолдармен суреттейді. Абай әндері ұлтымыздың рухани мұрасы ретінде өзіндік музыкалық тілімен, эстетикалық мәнімен, көркемдік сәнімен, әрбір сөзі маржандай әсем әуенмен өрнектеліп, тақырыптық, образдық шеберлігімен, жаңашыл тенденцияларымен ерекшеленген мәдениетіміздің биік шыңына айналды. Кемеңгер өз әндерінде жүрекке тартымды-интонацияларды, жаңа ырғақ, жаңа өлең өлшемдерін өлең буындарына икемді келтірген. Ұлы композитор дәстүрлі музыкалық фольклордың барлық жанрларын қамти келе, жаңа жанрлар мен әдіс-тәсілдерді өмірге келтірді.

Абай туралы біз аз білмейміз, «Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла» деп өзі айтқандай, әлі күнге ақынның жан сыры ашыла қойған жоқ. Ол жұмбақтарының бірі – энциклопедиялық әмбебаптығы, өзінің рухани бай аурасы, халықтық – поэтикалық және музыкалық фольклор саласындағы мінезі, дүние құпиясын шешпек болған жаңашылдығы.

Ол екі жүзден астам әр түрлі көлемдегі өлеңдер, шығыстық сарындағы үш поэма жазып қалдырды және Пушкиннің, Лермонтовтың, Крыловтың негізгі шығармаларын аударды. Абай дарыны орыс әдебиетімен қатар шығыс поэзиясын да тең меңгерді. Оның ақындық қарымы жан-жақты: тарих, этнография, философия, мәдениеттану, әдеби сын саласындағы еңбегі ұшан-теңіз, білімдарлығының арқасында өзіне дейінгі ескі сүрлеу жолды қайта жаңартқан тұлға ретінде тарихта қалды. Дәстүрлі қазақ жырының құрылымын жаңғыртты (Абай оннан астам бұрын белгісіз өлең формаларын жасап шығарды). Ол сол заманның әдебиетіне философиялық поэма, сатиралық памфлет, азаматтық лирика, нақылдар, терең ойлаудың синтезі – «Ғақлия» сияқты және публицистика, ақыл-кеңес, сонымен қатар афоризмдер сияқты жаңа жанрлар енгізді. Абайдың қоғамдағы қайраткерлігі де жан-жақты олды. Ол өз халқының тағдырына алаңдап, Қоңыр-Көкше аймағының болысы

болып сайланды (1876-1878). Өмірінің соңына дейін халық жанашыры болды. Сотта қорғаушы болып, әділдікпен шындықты сақтап, маңайына шапағаты көп тиді. Абайдың өзекті бірақ аз зерттелген қыры – оның музыкалық көзқарасы. Абайдың көзін көрген замандастары, жақындары, соңынан ерген шәкірттерінің куәландыруы бойынша, ақынның шабыты келгенде тамаша импровизатор, ғажайып орындаушыға айналып шыға келетіні айтылған. Музыкалық дарыны жайлы оның поэзиясы да хабар беретіндей. Бұл жөнінде академик Асафьевтің «жазушы, болмаса ақын музыка туралы ашық ешнәрсе айтпауы мүмкін, десек те нағыз дарынның поэтикалық харекеті музыкалық болатыны анық». Осы сөз Абайға да дөп келеді. Ол өз замандастарының арасынан суырылып, адамзатқа ортақ махаббат пен ғадауатқа жыр толғап, тұнжыр табиғат суретін тапқан дара ақын. Осы қырынан қарағанда Абайдың кез-келген өлеңі ән сияқты жүректі тербейді. Белгісіз әуенмен өрнектелгендей әсер қалдырады. Көптеген зерттеушілердің пайымдауынша Абай әндері біртұтас шығармашылықтың жемісі, өлең мен ән және әуен бірден туған. Бұл Абайдың жалпы халыққа өз ойын жеткізейін деген тілегінен туған арман ғана емес, оның өзіне тән ішкі терең жан-дүниесі мен музыкалық дарынының атқылаған жанартауы.

«Ол жердің сұлулығы мен өз жүрек еркіндігін өзгеше білдірген сезімтал жан. Бұл кейде жаңа ғана күнге ұмтылған жас құрақ, кейде ерте көктемнің шуағы, кейде даланың қоңыр салқын желі, оны сергітіп, өлең-шумақтарымен астасып, жаңа әндерінің алғашқы әуездерін тудыратындай еді. Ол оны сезбегендей ән салды. Мәкент тыңдады, тыңдады да ағасының басқаның емес, өз әнін айтып тұрғанын түсіне қойды», – деп «Абай жолы» эпопеясында Мұхтар Әуезов ақынның шығармашылық сәтін осылай сипаттап жазды [1, 374-б.]. Абайдың ән шығармашылығы қазақтың аса бай фольклоры, шығыстың дәстүрлі поэзиясы және орыс әдебиеті мен орыс романсының ықпалымен жазылды. Абай дәуірі – XIX ғасыр, бұл қазақ музыканттарының орындаушылық шеберлігі мейлінше шыңға көтерілген кезеңі. Бұл дәуірде Құрманғазы, Дәулеткерей, Біржан сал, Ақан сері, Мәди, Ыбырай, Балуан Шолақ сияқты біртуар өнерпаздар өмір сүрді. Бұлардың шығармашылығында ұлттық дәстүрдің жаңаруы, жаңа тарихтың міндетін арқалаған жаңашыл көзқарас айрықша орын алды

Абайдың ауылы ән мен жырдың отауы еді. Құрметті қонақтар сапында Арқаның айтулы әншілері – Біржан сал, Ақан сері, шертпе күйші Тәттімбеттер Абайдың үйіне жиі келетін. Абай ауылында алғаш

музыкалық үйірме ұйымдастырылды, үйірменің мүшелері қатарында Абайдың дарынды балалары Ақылбай⁷⁴, Мағауия⁷⁵, Әбдірахман⁷⁶, талантты жастар Шәкәрім⁷⁷, Тұрағұл, Гүлбадан, Кәкітай, Рахима, Ажар⁷⁸, Мұса, Әсет, Шашубай тағы басқалары болды. Олар әр түрлі халықтардың аспаптары – домбыра, сыбызғы, гармонь, скрипкада ойнап, ансамбль құрды, сүйемелмен жеке ән салды, дуэтпен және хормен өлең айтты. Абай Құнанбаевтың музыкалық мұрасын насихаттауға осылардың септігі көбірек тиді.

XIX ғасырдағы қазақ халқының музыкалық мәдениеті Абай өлеңдерінің негізгі ұстанымы болды. Ауызша дамыған ән мен күйге қарағанда Абай өлеңдерінің сөзі қағазға түсіп, кейінгіге таза түрде жетті. Осыдан болар, оның әндері ұрпақтан-ұрпаққа әр түрлі орындаушылар арқылы жетуі салдарынан белгілі өзгерістерге ұшырады, ал мәтіні сол қалпынан өзгерген жоқ. Абай әндерінің мелодиялық варианттарының елуден астам көркем түрінің қалуы осыдан. Мысалы, «Айттым сәлем, Қаламқас» – 3 вариантта, «Амал жоқ қайттым білдірмей» – 3 вариантта, «Сұрғылт тұман» – 4 вариантта, «Тәңір қосқан жар едің сен» – 5 вариантта, «Сегіз аяқ» – 10 вариантта.

Абай мелодикасының негізгі сипаты – әуенділік (әуезділік), интонацияның музыкалық кеңдігі, айтарға ыңғайлы әсемдігі, мелодиялық суреттің даму қисыны, интонациялық оралымдардың дәл және қатал сақталуы және қазақтың халықтық музыкасына тән бояудың қанықтығы. Қорыта айтқанда, оның музыкалық шығармашылығы жоғары кәсіби деңгейдегі және тек қана Абайдың өзіне лайық қолтаңбасы бар екендігін аңғартады. Мұхтар Әуезов Абай әндерінің біртумалығын айта келіп, оның қазақ музыка фольклорының нағыз шырқау шыңы және ақындық суреткерліктің озық үлгісі екенін жазады. Орыстың поэзиясы мен музыкасын, басқа да халықтардың бай мұрасын өте жақсы меңгерген Абай ешуақытта ешкімге еліктемегені таңқалдырады. Ол өзінің жеке

⁷⁴ Ақылбай (Абайдың үлкен ұлы) (1870-1904) – сері, Құнанбайдың кіші әйелі Нұрғанымның қолында өскен, домбырада, скрипкада ойнаған.

⁷⁵ Мағауия (1870-1904) – Абайдың баласы, әкесінің әндерін тамаша орындаушы, орыс тілін өздігінен үйренген (денсаулығына байланысты Семейдегі орыс мектебін аяқтай алмаған), «Еңлік-Кебек», «Медғат-Қасым» поэмаларын жазды.

⁷⁶ Әбдірахман (1869-1895) – Абайдың баласы, Петербургтегі Михайлов училищесін бітірген, неміс тілін білді, орыс мәдениеті мен әдебиетінен хабардар болды (Еуропа философиясы мен мәдениетімен де таныстығы бар). Скрипкада ойнаған.

⁷⁷ Шәкәрім (1859-1931) бірнеше тіл білген, орыс тілі мен Батыс Еуропа әдебиетінен хабардар болған. Тамаша лирикалық әндер шығарушы сазгер

⁷⁸ Ажар (*соқыр Ажар*) – талантты ақын, Абай әндерінің тамаша орындаушысы

көзқарасын қатал сақтап, өз ойын батыл жеткізе білген адам. Академиктің ойынша Абай мелодиясының жетістігі: «Оның шығармадағы ойлау қисыны асқан нәзіктік пен сақтықты қажет етеді, әрбір сөзі тыңдаушыға жетерліктей мәтінге деген тазалық керек-ті».

Абай әндерін мазмұнына қарай шартты түрде мынадай жанрларға бөлуге болады:

а) сүйіспеншілік лирикасы («Айттым сәлем, Қаламқас», «Көзімнің қарасы», «Сүйсіне алмадым», «Сен мені не етесің», «Желсіз түнде жарық ай», «Жарқ етпес қара көңілім»);

ә) философиялық толғаулар және монолог әндер («Мен көрдім ұзын қайың құлағанын», «Есінде бар ма ...», «Өлсем орным қара жер...» және т. б.);

б) өнер жайлы әндер («Өзгеге көңілім тоярсың», «Сегіз аяқ», «Көңіл құсы құйқылжыр»)

в) ғұрыптық әндер («Мағыштың жоқтауы»);

г) сатира элементтері бар нақыл өлеңдер («Бойы бұлған», «Ата-анаға көз қуаныш»);

ғ) аударма әндер («Қараңғы түнде тау қалғып», «Татьянаның хаты», «Татьянаның сөзі», «Онегиннің сөзі» және т. б.).

Жанрлық және стильдік көп салалығына қарамастан, бұл шығармаларда автор қолтаңбасына тән әндік мәнер, біртұтас музыкалық ойлаудың тамаша мінездемесін бере алады. Бұл стильде сәтті қолданылған қайырымдар, каданс пен мелодияның даму түрлері және өзгеше көңілдегі интонациялар, сонымен қатар ладо-тоналдық мелодиялық құрам, метрлік-ырғақтық ән құрылысы анықталады. Осылардың кейбіріне тоқтала кетейік:

1. Қазақ әндерінде және казак ақындарының сөз бастауында көпшілікті қарату (тыңдаушыға эмоциялық-психологиялық тұрғыдан әсер ету) мақсатында «ей, ахау» сияқты буындар қолданылады. Ал, Абайда ән бірден шумакпен басталады, бұл оның көне музыкалық архитектуралық бағынбай, қазақ әніне кіргізген жаңашыл бағыты (бұл композитор шығармаларының камералық құрылымына да байланысты).

2. Мелодиканың интонациялық байлығы. Үштаған дыбыстар арқылы көтерілетін мелодияның көптігі. Абай әндерінің сексталық интонация арқылы контриленалық сапаға ие болу кендігі, шалқарлығы, ерен ұшқырлығы бар төгіліп тұрған лирикалық мелодия түзеді. Мұның бәрі романс билеген сезімге байланысты болуы мүмкін.

3. Өлең саласындағы жаңашылдық әсері ән құрылымына да ықпал

етті. 7-8 буынды дәстүрлі речитативтік жанрды Абай лирикалық әуендерге пайдаланған; 4 жолды өлеңге ол 6 буындық өлшем қолданады («Көзімнің қарасы»), 8 жолды өлең – қысқа және ұзын қатарлардың алмаса қолданылуы («Бойы бұлғаң»). Өлең мен әуен формасының салыстырмалы анализі – периодтан тұратын (1 жол – бір музыкалық фраза) өлеңнің төрт жолды шумағы, ол қайырманьң музыкалық формасымен сәйкес келеді. Ал, жаңаша құрылымды өлең өзінің композициясына сәйкес түпнұсқалық шумағы бар музыкалық форма түзеді.

Қорыта айтқанда, Абай – өзінің эстетикалық, моральдік-этикалық және көркемдік ұстанымына қарай ән өнерінің дәстүрін байытып, мазмұнын кеңейткен ақын. Өз әндерінде өз басының қайғысымен тоқталмай, әлеуметтік, қоғамдық маңызды мәселелерді үнемі қозғап отырады. Оның әндерінде адам жанын терең түсінетін психолог ақынның шеберлігі білініп тұрады. Сонымен қатар өмірдің көлеңкелі жақтарын да сынайды. Осындай шығармаларының бірі «Бойы бұлғаң» атты сатиралық әні⁷⁹.

Абай "Бойы бұлғаң"

№ 1

Жылдам, шалқыта

Бо - йы бұл - ғаң, сө - зі жыл - маң кім - ді көр - сем, мен со - нан.

Бет - ті бас - тым, қат - ты сас - тым, тү - ра қаш - тым жал - ма жан.

*Бойы бұлғаң,
Сөзі жылмаң
Кімді көрсем мен сонан
Бетті бастым,
Қатты састым,
Тұра қаштым жалма-жан.
Өз ойында,
Тұл бойында,
Бір міні жоқ пендесіп.
Түзде мырзаң,
Үйде сырдаң,
Сөзі қылжаң еркесіп...*

⁷⁹ Абайдың және басқа авторлардың өлеңдері әрі қарай 1-2 шумақтан артық берілмейді.

Әлеуметтік тәрбие тақырыбына жазылған әндері ішіне «Сегіз аяқ» өлеңінің орны бөлек. «Бұл дәуірлік және әлеуметтік маңызы бар, көркемдіктің шыңына жеткен өлеңнің жаңа формасы» (Ғ.Н.Бисенованың пікірі). Бұл ән тіл туралы, оның қиыннан қиыстыратын өткірлігін мадақтаған турашыл шығарма. Мұнда Абай бұрынғы ақындардың дәстүрлі жолымен жүре отырып, адамгершілік туралы өз ойын да молынан береді. Туған халқын рухани жетілуге шақырады, адал еңбекті жақтайды, жан тазалығын және ұят пен арды сақтауды уағыздайды, ақымақтық пен надандықтан сақтандырады.

Абай "Сегіз аяқ"

№ 2
Сабырлы

А - лыс - ган сер - - меп, кү - лак - ган тер - - беп
шы - мыр - лап бой - ға жа - йыл - ған. Қи - уа - дан ша - уып, қи - сы - нын
та - уып, та - ғы - ны же - тіп қа - йыр - ған. Тол - ға - уы
тоқ - сан қы - лып тіл, сөй - лей - мін де - сең ө - зің біл.

*Алыстан сермен,
Жүректен тербеп,
Шымырлап бойға жайылған;
Қиуадан шауып,
Қисынын тауып,
Тағыны жетіп қайырған -
Толғауы тоқсан қызыл тіл,
Сөйлеймін десең өзің біл.
Өткірдің жүзі,
Кестенің бізі
Өрнегін сендей сала алмас.
Білгенге маржан,
Білмеске арзан,
Надандар бәһра ала алмас.
Қиналма бекер, тіл мен жақ,
Көңілсіз құлақ - ойға олақ.*

Ән әсерлі, эмоциялық толқуы мол, әуезі нақпа-нақ айтылған декламациялық интонацияға құрылған. Ән құрылымынан терме сипатын байқауға болады. Әрбір 8 шумақты өлең жолы мелодиялық құрылымды үзбей отырып, жекелей музыкалық фразаның мінездемесін бере алады (Алыстан сермеп – бірінші фраза, Жүректен тербеп – екінші фраза т.б.). Ән формасы қайырмасыз, тұтас шумақпен басталады, оның салмағы үшінші жолмен қорытындыланады, ал жетінші фраза («Толғауы тоқсан») миксолидиялық лад арқылы алдыңғы екі сөйлемге жауап беріп отырады. Терең философиялық ой, азалы – драмалық сарын, жабырқаған жалғыздық «Қараңғы түнде», «Ішім өлген, сыртым сау», «Сен мені не етесің?», «Қарашада өмір тұр», «Қор болды жаным», «Өлсем орным қара жер, сыз болмай ма?», «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» әндерінің басты өзегі.

Абай "Қараңғы түнде"

№ 3

Баяу, терең сезіммен

Қа - раң - ғы түн - де тау қал - ғып үй - қы - ға ке -
 тер ба - бы - рап. Да - ла - ны жым - жырт, дел
 сал - қын. түн ба - са - ды сал - бы - рап.

Әуен жүрісі толқын тәрізді, октаваның көлемінде, бастапқы дыбыстан минорлық терцияға еркін көшіп отырады. Ғ.Бисенованың пікірінше «әуен тұңғиықтан пайда болып, жоғарыға жай, ауыр ырғақпен көтеріледі, бірте-бірте күшейе түседі» [5, 84-б.]. Әуеннің құрылуына трихордтық сарындар ықпал етеді. Екінші сөйлемде (кульминациялық) субдоминанта сферасының әсері айқын басымдылыққа ие болады. «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңі И.Гетенің «Түнгі күзетші әні» шығармасының еркін аудармасы екені баршаға белгілі. Абай М.Ю.Лермонтов арқылы өзінің туған халқының ұғымына жатық еркін тәржіме жасады, көркем аударма тілімен ұлт санасына түсінікті ой маржанын тапты. Гетенің философиялық өресін зерделеген атақты жазушы М.Шагинян былай деп жазады: «Табиғаттың тылсымға толған құбылысына толқыған ақын (Гете) өз өмірін де кезегі келгенде түн басатынын және одан құтылу жоқ екенін жанымен түйсінді, өлім одан тыншу беретіндей, табиғат пен адамның

беймаза тіршіліктен тыныштық тілегеніндей ажалды жатырқамайтындай сезімде болды» [6].

Абай әндерінің басым көпшілігі махаббат-сүйіспеншілік лирикасы. Бұл әндер халықтың сүйіп айтатын әндері, олардың мінезі де сан қырлы, жанға жайлы, көңілдің күрмеуін шешердей айшықты, мысал үшін «Айттым сәлем, Қаламқас», «Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде жарық ай» т.б.

Абайдың көпке танымал лирикалық туындыларының бірі «Желсіз түнде жарық ай» (1888) әніне талдау жасап көрейік. Абай табиғат үнін тап басып танитын сирек қабілет иесі болды. Ол үшін табиғат тірі. Абайда табиғаттың тіршілік тынысын, дауысы мен тербелісін дәл қабылдай алатын ерекше қабілеті болғаны айдан анық. Абайдың ән табиғаты тек қана көпбояулығымен емес, дыбыс байлығымен, тембрінің сұлулығымен де ерекшеленеді. Біркелкі қалқыған нәзік әуен өлең шумақтарымен араласа даланың жанға жайлы самалы соққандай, кейде айлы түнде ағараңдаған көлеңкені, соған жаны елжіреген жанды көзге әкелгендей әсерлендіреді. М.Әуезов жазғандай «бәрі де анық, айқын әрі бұлтсыз аспандай, адамды тыныштандырып, қуаныш сыйлайды». «Желсіз түнде жарық ай» әнінің үлгілік (стильдік) сипаты мынада, натуралды минордан мажорлық параллельге ауысып, сатылай көтерілген әуенде трихордтық қайырым пайда болады.

Абай "Желсіз түнде жарық ай"

№ 4 Сабырлы, көтеріңкі

Жел - сіз түн - де жа - рық ай сөу - ле -

сі су - да ді - ріл - деп. А - уыл - дың жа - ны

те - рең - сай, та - сы - ған о - зен кү - різ - деп.

*Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп,
Ауылдың жаны терең сай,
Тасыған өзен гүрілдеп.
Қалың ағаш жапырағы
Сыбырласып өзді-өзі,
Көрінбей жердің топырағы,
Кұлпырған жасыл жер жүзі!*

Халық поэзиясында, эпикалық жырларда жиі кездесетін шағын үлгіде жазылған «Жігіт сөзі» – «Айттым сәлем, қаламқас» және оған жауап ретінде келтірілген «Қыз сөзі» – «Қиыстырып мақтайсыз» деген екі бөлімнен тұратын әндерді келтірейік. Мұнда мелос өрісі нәзік лирикалық толғаныспен, қанатты үнмен шырқалады. Мақамның бастапқы сезімтал желісі жайлы түрде басталып, икемді интонациялардан құрастырылып, бірте-бірте өрістене, шарықтау шегіне жетеді. Атап айтқанда, «Саған құрбым, мал мен бас» деген өлең жолдарына дәлме-дәл үйлеседі.

АЙТТЫМ СӘЛЕМ, ҚАЛАМ ҚАС

(1 түрі)

Баяу, терең сезіммен. Медленно, с глубоким чувством $\text{♩} = 106$

Айт- тым сә- лем, қа- лам қас, ой,
са- ған құр- бан мал мен бас. Са- ғын- ғын- нан
се- ні ой- лап, ке- лер көз- ге ыс- тық жас.

Абайдың лирикалық әндерін сөз еткенде, ескере кететін бір проблеманы еске салған жөн. Ол Қазақстан музыкатану ғылымында осы күнге дейін қалыптасып келе жатқан орынсыз ой-пікір. Бұл қате тұжырым бойынша, Абайдың нағыз ұлттық нақышпен безендірілген, нағыз қазақи туындылары «Айттым сәлем, қаламқас» пен «Желсіз түнде жарық ай» әндерін орыстың «Карие глазки» романы мен орыстың халық әні «Коробейникиге» еліктетіп шығарылған, тіпті бұл әндерді Абай жазбаған да шығардеген күмәнді сөздер айтылып келеді [7, 120-б.]. Біздің ойымызша, бұл теріс ұғым кеңес заманы идеологиясының салдарынан шыққан тұжырым. Соншама әндер шығарған Абай тек осы екі әнге келгенде, қалайша олардың авторы болмайды?! Рас, Абай кезінде өз ортасында әртүрлі халықтардың музыкасын естіп, табиғи дарынының арқасында оны қабылдап, өз шығармашылық лабораториясынан өткізгені мәлім, соның нәтижесінде, біз Абай тек өз мәнеріне тән әндер жазған деп толық айта аламыз. Бұл тұрғыда М.Әуезов ойлары да дәл жауап бергендей. «Абайдың, – дейді ұлы академик жазушы, – композиторлық еңбектерінде де, ақындық еңбегі

сияқты, өзіне тиісті үлкен жаңа өзгешеліктер бар. Бұрынғы ауызша әдебиетке Абай көп еліктемей, жалпы сөз қорын пайдалана отырып, «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел» деп, өзінше жаңа мазмұн, жаңа түрлі өлеңдер жаза бастағаны сияқты, әнде де бұрынғы әннен гөрі өзгереді түрлерін шығарады. Бұрынғы әнді өзі бұрынғы әдебиеттен сонауырлым артық бағалағанмен де, ендігі өз әнін жақсы жазған болса да, жаңаша үлгімен айтпақ болады. Шырқауы, айғайы аз, көбінесе құлақ күйіне ұқсаған қоңыр, баяу әндер. Және, әсіресе не бәйіт не орыс пен Еуропаның камерный әніне, романстарына ұқсаңқырап келеді. Бұрынғы қазақ әнінен мүлдем басқаша әндер болады. Бұл да өзінше жаңа жол табам деп, нық ізденудің нәтижесі. Абайдан қалған мәдени мұраның бұ да бір күрделі, үлкен саласы болып саналады» [2, 209-б.].

Абайдың шығармалары адамгершілік-тәрбие саласына бағытталған. Бұған мына әндерін мысалға келтіруге болады: «Ата-анаға көз қуаныш», «Біреуден біреу артылса», «Сұрғылт тұман». Бұл әндердің мақамында декламациялық-ариозалық үрдіс басым. Ән мұраты – өскелең ұрпақты адал еңбекке, тазалыққа, білім алуға шақыру.

Абай "Ата-анаға көз қуаныш"

№ 5
Орташа, екпінмен

The musical score is written on three staves. The first staff begins with a treble clef, a key signature of one sharp (F#), and a 3/4 time signature. It contains the first four measures of the melody, with lyrics underneath. The second staff starts at measure 5 and contains the next four measures. The third staff starts at measure 9 and contains the final four measures, ending with a double bar line. Dynamics markings include *mf* and *f*.

А - та(а)-на - ға көз қу - а - ныш ал - ды - н(а)ал - ған сә - ке - сі

кө - кіре - гі - не көп жү - ба - нып гүл - де - ніп ой - өл - ке -

сі. Ер - ке - лік кет - ті, ер жет - ті не біт - ті?

Абайдың ән мұрасының бір парасын А.С.Пушкиннің «Евгений Онегин» романының әсерімен шыққан цикл құрайды. Пушкин поэзиясына шексіз ғашық болған ақын 1887-1889 жылдар аралығында оның шығармаларының үзінділеріне әндер шығарды (13 өлең, тарауларымен). Осының ішіндегі шоқтығы биік туындысы халық арасына кең тараған «Татьянаның хаты»:

Абай "Татьянаның хаты"

№ 6

Баяу, өңдете

А-мал жоқ қайттым біз-дір - мей, я-пыр(ы)мау қай-тіп ай-та - мын?

Қой - ма - ды дер-тін күй - дір - мей, не сал-саң-да тар - та - мын.

Мұнда Абайдың өзіне тән мелодияның даму заңдылығы бар, әуен ырғағы мен мәтін бір-бірін қабыса толықтырады, жоғарыдан сатылай түсіп терең сезіммен түйінделеді. «Хаттардың» ең көркем үлгісі ретінде Абайдың немере інісі – Архам Исхақовтан 1934 жылы жазып алынған композитор Л.Хамидидің ноталық жазбасы нақты деп саналады. Пушкиннің «Евгений Онегинінен» аударылған «Татьянаның хатына» (6 варианты бар) шығарылған ән көптеген халық әншілерінің репертуарына енді. Осы әнді қазақ даласында Әділхан атты әншінің орындайтыны жөнінде «Орыс географиялық қоғамының жазбаларында» айтылған: «Біздің «Татьянаның хатын» қайдан біледі деген танданысымызға қарай, ол орыс халқында өзі сияқты Пушкин дейтін ақын-әнші болғанын, Татьяна-сұлудың Онегин деген жігітке ғашық боп хат жазғанын мақтанышпен баяндап берді [8, 5-б.]. Орыс саяхатшысы, журналист Дмитрий Львовичтің очеркінде де бұл әнді Нүрпейіс деген әнші айтқаны жазылған. Ол былай деп жазды (әңгіме Торғай губерниясына жасалған сапар жайында): «Танданысымда шек болған жоқ – мен өз құлағыма өзім сене алмадым. Көз алдыңызға елестетіп көріңізші, жасамыс қазақтың Татьянаның Онегинге жазған хатын толғана шырқап отырғанын. Хат көпшілікке бірден ұнай кетті, әсіресе Нүрпейістің әйелі айрықша әсерлене тыңдады» [9, Б.108-109].

Абай әндері өзінің жоғары деңгейдегі көркем-эстетикалық сапасына қарай, біздің мәдеи өміріміздің бөлінбес бір бөлшегіне айналып кетті. Олар халықтың сүйіп айтар қазынасына айналды, көздің қарашығындай сақталып біздің ұрпаққа жетті. Абай мұрасымен танысқан алдыңғы қатарлы орыс және шетел ғалымдары, фольклортанушы-этнографтар әндердің аса танымал, әуенінің сұлулығы мен кеңдігін, мәтінінің шеберлігін атап өткен. Әндерді жинақтап, ноталық нұсқасын С.Рыбаков, А.Бимбоэс, әрі қарай осы әндердің жүйелі зерттеу жұмыстарымен А.Жұбанов, Е.Брусиловский, Б.Ерзакович, Л.Хамиди, Г.Чумбалова,

В.Дернова, М.Ахметова, Ғ.Бисенова, Т.Егінбаева сияқты ғалымдар айналысты.

Абайдың көркемдік дәстүрі қазіргі Қазақстан өнерінде кең қанат жайып отыр. Абай мұрасының тарихи маңызы мен рухани құндылығын бағалаған Қазақстан композиторлары оған шабыттың сарқылмайтын қайнар көзі ретінде қарады. Абайдың классикалық шығармалары кәсіби өнердің барлық жанрына кірді. Қазіргі жазу құралының арқасында мазмұны байытылды, бұрын белгісіз болып келген формалар мен жанрлар да жаңғыртылды, эмоциялық және эстетикалық әсері күшейтілді.

Ақын әндері өз өмірінің жылнамасы сияқты. Оның ірі моралдық-этикалық және рухани идеалының көрінісі. Осы қырынан қарағанда оның азамат-ақын ретіндегі көзқарасы ашық. Ол адам баласын мейлінше сүйіп, оған қорған болған ойшыл, гуманист-ақын – «соқтықпалы-соқпақты» жолдан өтіп, «мыңмен жалғыз алысқан» ұлы тұлға. Ақын әндері (өзі жырлағандай) «өлең сөздің патшасы, сөз – сарасы», опералар мен симфониялар, хорлар мен кантаталар Қазақстан композиторларының вокалдық-аспаптық шығармалары арқылы жаңа өмірін бастады. Көптеген музыкалық дүниелердің ішінен Е.Брусиловскийдің «Жалғыз қайың» симфониялық поэмасын атауға болады. Мұнда ақынның трагикалық жалғыздығы терең сезіммен жазылған. Ал, «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» әні тақырыбындағы оркестрлік шығарма да жоғары деңгейлі туынды. Қазақстан композиторлары қаламынан шыққан Абай өлеңдері тақырыбына жазылған әндер мен романстар халыққа кең тараған. Оның өлеңдеріне негізделген камералық-вокалдық циклдер де мәдениетіміздің бағалы жәдігерлері саналады. Абай Құнанбаевтың ән мұрасы – қазақ халқы мәдениетінің рухани дамуындағы жаңа дәуірдің басы. Ажарлы да анық музыкалық тіл, оның поэтикалық астары, ұшқыр ойы мен өлеңдегі ұлттық мінезі, форма мен стильдегі жаңашылдығы – көркемдік және тәлімдікті айғақтайтын биік дарындылықтың белгісі. Ұлы суреткер қазіргі Қазақстанның ұлттық мәдени дамуының берік іргетасын қалап кетті

Мұнан басқа айшықты шығарма ретінде ауызға түсетін туынды ақынның қазасының 40-жылдығына орай жазылған А.Жұбановтың «Абай» поэмасы. Шығарма ақын тұлғасын толық ашқан, ұлттық бояуы қанық. Көтеріңкі, асқақ шабытпен шыққан Еркеғали Рахмадиевтің «Абайға арнау» фортепианолық поэмасы – «Айттым сәлем, Қаламқас» әнінің лирикалық серпінімен жазылған күрделі шығарма, Еркеғали Рахмадиевтің Абай өлеңдеріне шығарған вокальді циклы,

Ғазиза Жұбанованың «Татьянаның хаты» атты кантатасы, Сыдық Мұхамеджановтың «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» деген романсы және тағыда басқа музыкалық шығармалар. Абай тақырыбына арналған туындылардың ішінде Мұхтар Әуезовтың либреттосына жазылған «Абай» операсының орны ерекше. Мұнда Абай әндерін опера жанрының заңдылықтарына үйлестіріп, оларды түрлі модификацияға салған, вокальдық, хорлық, оркестрлік бай тәсілдермен тереңдетіп, асқан кәсібилікпен игерген тұңғыш ұлттық композиторлар Ахмет Жұбанов пен Латиф Хамиди. Суреткер тұлғасы қаншалықты үлкен болса оның шығармашылығы да соншалықты күрделі екені баршаға аян. Жаңа дәуірде алып ақынды әлемге танытудың тарихи миссиясын орындау М.Әуезовтің маңдайына жазылды. Заманның заңғар жазушысы, Ленин сыйлығының лауреаты – Мұхтар Омарханұлы Әуезов әлемге әйгілі роман-эпопеясының негізінде ұлттық музыкалық театр қабырғасында Абай образын жасады, осы аттас операға либретто да жазды.

А.Жұбанов пен Латиф Хамидидің «Абай» операсы ҚазССР халық әртісі, ҚазССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, өнертану ғылымының докторы, ҚазССР Ғылым Академиясының академигі Ахмет Қуанұлы Жұбановтың (1906-1968) шығармашылық және қоғамдық қайраткерлігі Қазақстанның музыкалық мәдениетінің қалыптасу кезеңіне дөп келді. Халық өміріндегі әлеуметтік төңкерістер, қауымдық жаңару заманы басқа туған кезде ол халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі тәжірибесін жаңа дәуірге жалғаған тұлғалы азамат.

Қазақ әдебиетінің негізін қалаушы, ақын, философ Абай Құнанбаевтың 100-жылдығына арналған бұл опера жазылып бітісімен қазақ музыка мәдениетінің жауһарына айналды. XX ғасырдың көрнекті қаламгері, «Абай» операсының либреттосын жазған әдебиет алыбы – Мұхтар Әуезов: «Абай – көреген көз, Абай – жомарт жүрек, Абай – халық даналығы», – деген еді.

Опера алғаш 1944 жылдың 24 желтоқсанында қойылды. Авторлар опера жанрының музыкалық драматургиялық және сюжеттік заңдылықтарын сақтай отырып, Абайдың нағыз шынайы бейнесін жасай алды. Опера музыкалық лебіздің жинақылығымен және синтезділігімен ерекшеленеді, жалпы саз өрілімі либретто идеясына, оның шыншыл драмалық ойына сай келіп тұрады. Басты кейіпкер Абайдың музыкалық тілі айқын, оның ариялары мен речитативтері азаматтық интонацияға бай, шынайы әрі сезімшіл. Халық жанашырының ұлы да кеменгер бейнесінің

нанымды шығуына операға кіргізілген Абайдың өз әндері де әсерін тигізді. Бірде философиялы толғанысқа, бірде терең мұңды ойға, бірде тасқындаған көңілге, бірде мейірімге жетелейтін Абай әндері операда айрықша түрленіп шыға келді, кәсіби композиторлық жазудың арқасында жеке және хор мен оркестрлік партияларға айналған соң олар опера мазмұны мен мәнін жан-жақты ашты. Еске сала кету керек, Абай әндерін зерттеуді А.Жұбанов пен Л.Хамиди 30-жылдардан қолға алған болатын. 1939 жылы А.Жұбанов Абайдың немересі Мәкен Мұхамеджановадан ақынның 16 әнін жазып алды, Л.Хамиди болса ақын немересі Әкірам Исаковтан біршама әндерді нотаға түсіріп алған болатын. Екі сазгер де Абай тақырыбына мол дайындықпен келді, осы себептен операның көркемдік құрылымы Абай мелосымен барынша байытылды. Қойылым 111 акт, 5 көріністен тұрады. 1-әрекет. 1-көрініс. Айдар мен Ажардың кашуы.

Опера кіріспемен басталады, ондағы күрделі ырғақ пен аккордтық құрылғы мазасыздық туғызады, сюжеттердің шарпысуы басталады (түннің ішінде ат тұяғының дыбысы естіледі, Нарымбет пен оның шабармандары Айдар мен Ажарды қуып жетеді). Ғашықтардың сезімге толы дуэті шырқалады, олар өмірінің соңына дейін ажырамасқа сөз байласады. Драмалық шиеленістің ортасынан Абай шыға келеді де жастарға ара түседі. Абай ариясы ашу мен ызаға толы (3 бөлімді форма).

А.Жубанов, Л.Хамиди "Абай"
Ария Абая из I действия

№ 23
Risoluto. Moderato

Кай тал - кы құл ал - - - ды -
Кас - тық - пен қай кү - - - ші -

на кү - рыл - ма - ған. А - я - дым
де кү - был - ма - ған.

а - я - ныш - пен а - ра түс - тім жал - ғыз жол а - дал жо -
лым бү - рыл - ма - - - - ған.

2-көрініс. Семей шаһары, жастар Абайдың үйін паналаған. Абай ауылында қоңыржай тыныштық, өнер салтанаты басталған. Тура би атанған Сырттан да жастар жағында, олардың бақытты болуына жәрдем

бергісі келеді. Ол Ажарға ант-су ішіп шындықты айтуды сұрайды. Біржанның әйелдің ауыр тағдыры жырланатын «Ақ тентек» әнінің әуеніне құрылған Ажардың ариясы айтылады.

А.Жубанов, Л.Хамиди "Абай"
"Ария Ажар"

№ 24
Andantino
mf

Қа - ра - лы кай - ғы кеш - тім ау

та - лай та - лай ау ал - ди - яр тү - ніл

ке - лер күн - ге қа - рай - қи - рай

II-әрекет. 3-көрініс. Билер соты. Айыптаушылар, билер, Абайдың жақтастары ортаға шығады. Сырттанның «Айнала бүлік, ағайын араз» деген ариозасы айтылады. Жиренше ызбарланады, Әзім сөз сұрайды. Бұлардың дауы ұзаққа созылады, арасына Нарымбет те килігеді. Жастарды жақтап Абай сөйлейді, әділ шешімімен дауды жеңіп шығады. Сырттан биді оның әділетті уәжі иландырады. Жиренше мен Нарымбет Абайға қоқан-лоққы жасап, кек қайтаруға ант етеді. «Билер соты» көрінісінде композиторлар халықтық ән үлгісінің ізімен *терме* мен *желдірме* формасын қолданады. Бұл актінің ұтымды тұстары речитациялық диалог формасымен жазылды. Мелостың түрі – декламациялы-речитативті, жағымсыз кейіпкерлердің интонациясы шалт, одағай, бұл мінездер аспаптық суреттеу арқылы берілген.

III-әрекет. 4-көрініс. Айдар мен Ажардың үйлену тойы. Жас ақын ұстазына өзі жазып бітірген «Еңлік-Кебек» поэмасын оқиды, мұны бақылап отырған Абайдың шәкірті Әзім қызғаныштық танытады. Абайдың дұшпандарымен ауыз жаласып Айдарға қымызға қосып у береді, ол ғашығына «Айттым сәлем, Қаламқас» әнін айтып көз жұмады. Бұл көріністе Абай мейірімді қамқор әке ретінде, жастардың ұстазы ретінде тұлғаланады. Оның «Ата-анаға көз қуаныш» әуенімен айтылатын Айдарға арналған ариозасы шәкіртінің табысына қуанған ақынның қанағат сезімін береді. Және осы актіде басты кейіпкердің жауларымен кездесетін драмалық тартысы орын алады (операның кульминациясы). Барша жұрт тойға дайындалып жатыр: қыздардың көңілді бий Дәулеткерейдің «Қосалқа» күйіне қойылған. Қыздар Ажардың бетіне ақ жаулық жабады, келіннің құрметіне «Беташар айтылады,

соңында салтанатты хордың үнімен бірге Абай шығады. Жігіттер биі: тақырып домбыра күйінің ырғағы мен мақамына құрылған (халық күйі «Мерген»), бидің аяғы ұлттық ойынға ұласады, бұл да би көріністерімен өрнектеледі. Қыздардың хорымен әсем сазды «Қарлығаш» әні орындалады. Хордан кейін соңғы би биленеді. Лирикалық өзек – Айдар шырқаған «Айттым сәлем Қаламқас» әні. 5-көріністе драманың түйіні шешіледі. Айдар қайтыс болады, оған қайғырған Абай «Ей, халайық» атты атақты ариясын айтады. Арияның бірінші бөлімінде Абай халыққа бұрылады, одан тірек күтеді. Оның ойы да соншалық көтеріңкі әуенмен шырқалады. Арияның ортаңғы бөлімі екі бөліктен тұрады. Біріншісі сөзбен айтылатын қобалжулы бөлік («У беріпті Айдарға»), Екіншісі кең тынысты ынтыққа толы әуен *ми-мажорда* ұран тәрізді өтеді. «Бұл әуендік тақырыпты сот көрінісінде естігенбіз, онда бұл әуен Абайды қолдаған халықтың орындауында өтеді. Енді оны Абай қайталайды. Ол өзін халық қолдайтынына сенеді. Расында, бұл әуенді хордың жауабында естиміз» [10, 102-б.]

А.Жубанов, Л.Хамиди "Абай"
"Ария Абая"

№ 25 Adagio

Ей ха - ла - йық,

би - рым ең сен, шыр - ңа

зар қосып ем,

Халық толқулы. Сезікті ретінде жұрт Жиреншеге қарайды. Алайда ол өзінің ақтығын айтып ант-су ішеді, ал Сырттан би елге қылмыскердің кім екенін айтады. Бұл опералық партитураның драмалық қақтығысы бар беттері. Ол бүкіл операның кульминациясы болып біртұтас жүйемен орындалады.

А.Жубанов, Л.Хамиди "Абай"
Хор проклятия

№ 26

Rabbioso Ажар

Лаг - нат са - ган қа - ра жүз. Ко - йым -

Лаг - нат, лаг - нат.

Абай

Лаг - нат са - ган қа - ра жүз. Ко - йым -

нан шың қан сүр жы - лан.

Лаг - нат, лаг - нат.

нан шың қан сүр жы - лан.

Дәстүрлі *жоқтау* жанрымен Ажардың зары айтылады. Бұл көрініс басқаларымен салыстырғанда біртұтас өрбиді – мұнда Абайдың халықпен бірге екені баян тапқан. Операның финалында оның бейнесі қамығып қайғырған образға айналады. Абайдың «Қараңғы түнде тау қалғып» әнінің әуенімен сахна шетінен естілген хордың аясында кейіпкер туған халқының болашағына сенетінін жырлайды. Операның дүниеге келуіне либретто авторы М.Әуезов пен драманың болашақ орындаушылары көп жәрдемдерін берді. Мұхтар Омарханұлының ақыл-кеңесі, Күләш пен Қанабек Байсейітовтардың шығармашылық шеберлігі, ағайынды Ришат пен Мүсілім Абдуллиндер мен Ғарифолла Құрманғалиевтың қатысуы

операны жандандыра түсті, осындай жұлдызды шоғырлардың еңбегінің арқасында опера біртуар сахналық туындыға айналды. Операдағы ұлттық белгілер макро және микро дәрежелерде белгілі болды: яғни қазақ фольклорының дәстүрі мен құрылымындағы музыкалық тіл, жанр мен форма барынша сақталды. Мысалы, Айдар мен Ажардың тойында қазақы ғұрып (*беташар, той бастар, сыңсу, қоштасу*) көрсетілді, спорт ойындары, сықақ, қыздар биі, ақындар айтысы, ән саласынан – жоқтау, қарғыс, алғыс айту сияқты халықтық салт жіті сақталды. Мазмұнынан көрініп отырғандай, «Абай» операсындағы негізгі тартыс басты кейіпкер мен билердің арасында өтеді. Оның драмалық шиеленісуі тек қана кейіпкерлердің жеке мүддесінде емес, бітіспейтін екі таптың тартысында аңғарылады. Абайдың қарсыластары мен олардың жақтастары өз дегенін болдырту жолында қылмысқа барудан тартынбайтынын байқатады. Музыкалық жоспарда да драмалық егес толастамайды – сахналық бейнелер бір-біріне қарсы әрекет етуін тоқтатпайды. Операда екі интонациялық комплекс қолданылған. Жағымды кейіпкерлерді сомдауда (Абай, Айдар, Ажар) негізгі құрал ретінде вокалды әуенді пайдаланылады (классикалық опера дәстүрімен). Ол әуендер жақсы дамыған, эмоциясы қою, әуенді. Ал, жағымсыз кейіпкерлерге (Жиренше, Нарымбет) аясы тар қайырма, қайталауға құрылған қайырма, шапшаң ырғақ, диссонансы көп интонация, речитативті өлең берілген. Шиеленістің негізгі кезеңдері мынау: бірінші – сатылай өрбитін тартысы бар бірінші және екінші акт көріністерінде жеңісті бас кейіпкер иемденеді, екінші – билер сотында Абайдың көрегендік жасап, жастарды өлім жазасынан арашалап қалуы. Екі тартыстың да шешуі драмалық жағынан маңызы елеулі Абай арияларымен («Қай кедергі құл алдында құрылмаған?», «Жиренше өткенге өксіп зар қағасын») түйінделеді. Дер кезінде айтылған дәйекті сөз қарсы әрекеттерді тыйып отырады, мұнысымен әділдіктің зұлымдықтан күшті екенін жариялағандай болады. Операға ерекше көрік берген жай салт-дәстүр көріністерінің нанымдылығы. Негізгі егестің тартысын шыңға шығарған драмалық тәсіл – Айдардың өз тойының үстінде өлімге душар болуы. Соған қарамастан той дәстүрі *беташар, той бастар*, спорт ойындары, музыкалық-хореографиялық қойылымдардан кенде емес. Композиторлардың Айдардың аузына Абайдың «Айттым сәлем, Қаламқас» (сахна кульминациясы) әнін салуы тектен тек емес, бұл ән махаббат ұранындай естіледі, осы арқылы ұстаз бен шәкірт арасындағы құрмет те марапатталады. Той көріністерімен қатар *жоқтау, қоштасу* сияқты ұлттық дәстүрлі зарлар да драмаға әр беріп тұрады. Қазақ халқында

сот жүйесі маңызды іс болғаны белгілі, сөз сайыстарының тамаша проза немесе поэзия үлгілеріне айналып ел есінде қалып қоятыны да аян. Оның айтыспен барабар болуы композиторлардың қазақ операларына батыл пайдалануына мүмкіндік береді.

Шешендік сөз өнерінің жарқын көрінісін алғаш рет Абай операсында тамашалаудың сәті түсті (Билер соты). Осыдан кейін айтыс жанры М.Төлебаевтың «Біржан-Сара» операсында (1947), шешендік сөз Ғ.Жұбанованың «Еңлік-Кебек» операсында, жұмбақ айтыс С.Мұхамеджановтың «Жұмбақ қыз» операсында жалғасын тапты. «Абай операсында айтыс формасы екінші актіде қолданылған. Сот көрінісі – қарсыластардың психологиялық жекпе-жегі сияқты, мұнда тіл мен ойдың ұшқырлығы ғана бағаланады. Драманың арқауы да сөз сайысының шиеленісті болуына қолайлы жазылған. Салыстырмалы түрде екі тақырып алынған, олар – интонациялық, ладтық тоналдық (ладо-тональный) және ырғақтық қатынаста, қарама-қарсы музыкалық бейнелерді беру үшін арнайы сұрыпталған: Әзім басында ғашықтар жағында болады, оның партиясы да көңілді, вальс интонациялы, шекті аспаптардың жағымды сүйемелімен орындалады. Жиренше болса ескілікті көксеуші. Оның тақырыбына пунктирлі ырғақ, шапшаң шалт интонация тән, мұны беру үшін үрлемелі ағаш және мыс аспаптардың ауыр үндері қолданылған:

А.Жубанов, Л.Хамиди "Абай"
Сцена суда. Тема Азима

№ 27 *Allegro*
mf

Ей, кө - рі, кө - рі)ө - зің - мен

ба - лаң қан - дай?

Қарама-қарсы музыкалық образдардың болуы және олардың даму барысына әсері сот сахнасын сонаталық драматургия көзқарасымен қарауды қалайды. Музыкалық дамудың ырғағын жеделдету тенденциясы да айқын: ариозалық бөліктер кезектесе ауысып, ансамбльдік фрагменттері бар ұсақ құтылымдарға жол беріп отырады. Даму барысында Жиреншенің екпінді тақырыбы Өзімнің вальс ырғақты нәзік партиясын жасқайтынын байқауға болады, соның есесін қайтарғандай Абай партиясы орындалып шәкіртіне демеу болғандай болады. Музыкада сөз қағыстыру жақсы көрсетілген. Ал, Абайдың толғаулы ариясы сезімтал-мағыналы реприза секілді қабылданады, сол арқылы сахна тұтастығы қалыптасады әрі реприза ұстанымы да ұмыт қалмайды. «Абай» операсының өзегі әуенді, вокалды бастау. Вокалды болуы қазақ халқының мол ән байлығына байланысты. Опера тақырыптық құрылымдарға бай, мұнда халық әндерімен қатар Абайдың өз шығармалары да пайдаланылады. «Айттым сәлем, Қаламқас» әнінің қызметі жөнінде жоғарыда айтып өткенбіз. Даму барысында осындай маңызды жүкті «Қараңғы түнде» (финалдағы хор) әні де көтеріп тұрады. Ол Абайдың ариозасы қосарланатын дыбыстық фонның міндетін атқарады, бұл ақын толғаныстарын әсерлі бедерлейді. Екінші көріністе негізгі тақырыптық ән ретінде авторлар таңдаған «Көзімнің қарасы» әнінің сирек орындалатын түрі үш еселене қайталана төменгі тоникаға жылжу арқылы басты кейіпкердің мінезін ашуға ұтымды қолданылады, оның дәстүрге қарсы тұрып шәкіртін қорғауына әуен қолайлы жағдай жасайды.

А.Жубанов. Л.Хамиди "Абай"
"Песня Абая"

№ 29

Зар - лы - ның на - ла - сы, жас жү -

рек жа - ра - сы. От сал - ды о - йы -

ма, бо - лар - мын па - на - сы.

Авторлардың шығармашылығынан туған кейбір ән тақырыптары Абай әндерінің интонациясына мейлінше жақын, тіпті лейтмотивтік мазмұнға ие болған. Мысалы IV көріністегі «Ей, халайық!» ариясының екінші бөлімі осыған куә. Ол Абайдың екінші бөлімдегі қорытынды монологында халық хорымен астасып дамуға түседі. «Абай» операсында ария-әңгіме, жылау, ариоза, ән, ансамбль, хор сияқты әртүрлі вокалдық формалар қолданылған. Басты кейіпкердің вокалды номерлерімен бірге төбе би Сырттанның (сот сахнасы), Әзім (111-акт) мен Айдардың (IV акт) ариозалары да бей-жай қалдырмайды. Операдағы ансамбльдер негізінен біркелкі эмоциялық сезімді (ансамбльдер келісімі) көрсетеді. Бұл орайда Айдар мен Ажардың дуэтін (1-көрініс), Ажар, Қарлығаш, Абай мен Көкбай квартетін (5-көрініс) айтуға болады. Біртұтас идеялық жобаны ашуда халықтық хор сахналарының орны бөлек. Мысалы, 11-актының басындағы ерлер хоры сот болардағы драмалық сахнаны дайындағандай болады. Осы актының соңғы хорында және қарғыс сахнасында қарапайым халық оқиғаның белсенді мүшесіне айналады. Бұл хор 111-көріністе де ән мен би араласқан тойдың салтын сахналауда да маңызды жұмыс атқарады. Композиторлардың басты стильдік жетістігі ретінде авторлық және фольклорлық материалдардың бірыңғай байланыста болуын атауға болады.

А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абай» операсының табысты болуына қатал шыңдалған сценарий, музыкалық тақырыптардың Абай әндерімен өрілуі, драматургиялық шиеленістердің шеберлікпен шешім табуы, музыкалық-сахналық бейнелердің шыншыл мінездері, әдет-ғұрыптардың жарқын көріністері айрықша әсер етті. Бұл опера Мәскеуде және Кеңестік Одақтың басқа қалаларында көрсетілді. Алматыдағы Абай атындағы қазақтың мемлекеттік опера және балет театры жаңа театр маусымын осы операмен ашады.

Абайдың музыкалық мұрасы әрқашанда өзінің көркемдік сипатымен, терең ой, мағыналы мазмұнымен және бекзаттылығымен көптеген оқымысты-ғалымдарды, фольклортанушыларды қызықтырып, олардың зерттеу нысанына айналды. Олар – С.Рыбаков, А.Бимбоэс, А.Затаевич, А.Жұбанов, Б.Ерзакович, Г.Чумбалова, В.Дернова, Г.Бисенова және тағы басқалар. Ұлы кемеңгердің өміршіл дәстүрі қазіргі кезеңдегі өнердің барлық түрлерінде – музыкалық, драмалық, бейнелеу-қолөнер және кино өнерінде өзінің жалғасын табуда. Ал ұлттық музыканың классикалық туындысы –

М.Әуезовтің дибреттосына жазылған А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абай» операсының жаңа қойылымының тұсаукесері 2012 жылдың 21қыркүйегінде Майнингенде (Германия) болды.

Ахмет Жұбановтың шөбересі, әлемге танымал дирижер Алан Бөрібаевтің жетекшілігімен қойылған операда (неміс тіліне аударған Альвина Майсснер) Абай бейнесін Дон Хес Шин, Айдарды – Родриго Поррас Гаруло, Ажарды – Камила Риборо-Суза сомдап, басқа өнер шеберлерімен бірге өздерінің вокалдық және орындаушылық дарындарын биік дәрежеде көрсетті. Бұл халқымыздың мақтанышына тұрарлық тарихи оқиға арқылы ұлы Абай бейнесі сонау Еуропаның сахна трагедиялық төріне шықты. Қойылымнан Еуропа жұртшылығы Абайдың трагедиялық тағдыры мен гуманистік, прогрессивтік болмысы туралы терең толғандырған мағлұматтар алды.

Абай әндері – музыкалық өнердің інжумаржаны, асып мұрасы.

Өлді деуге бола ма, айтындаршы,

Өлмейтұғын артында сөз қалдырған – деген.

Абай жаңа мыңжылдықта сәулелі бейнесімен, әсем әндерімен әрдайым өз ұрпақтарымен бірге. Оған тағы бір дәлел – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен жүзеге асқан «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында жарық көрген көп томдық «Қазақ музыкасының антологиясында» Абай әндері лайықты орнын алды.

Классик композитор Абай Құнанбайұлының музыкалық мұрасы қазақ мәдениетінің даму жолында жаңашыл көркемдік бағыт әкелді. Мәнерлі интонациялық тілімен, поэтикалық үндестігімен, ұлттық сипатымен, құрылымдықжәне стильдік ерекшеліктерімен, эстетикалық және мазмұндық құндылығымен кемеңгер қаламгердің әндері мәңгілік рухани болмысымен сарқылмас ғасырлар қазынасы болып қала береді.

Жоғарыда айтып кеткендей Абай бейнесі симфониялық музыкада да орын алды. Бұл жанр өзіне тән көркемдік дәрежесі мен бай ресурстары арқылы Қазақстан сазгерлерінің шығармашылығында маңызды сала болып бекіді. Жалпы адамзаттық идеялар мен философиялық-этикалық тақырыптарды бойына жиып, заманның өзекті мәселелерін қамти алатын бұл жанр кең ауқымды ойлар, жаңашыл тенденциялар және стильдік бастаулардың тоқтаусыз соққан жүрегіне айналды. .лттық дәстүрде туған әндік-аспаптық өнерді Батыс Еуропа және орыс классикалық сазгерлік мектебімен мәдени байланыстыра отырып, қазақ симфониясы біршама табыстарға қол жеткізді. Бұған мысал

ретінде Е.Брусиловский, М.Төлебаев, Қ.Қожамияров, Ғ.Жұбанова, С.Мұхамеджанов, Е.Рахмадиев, М.Сағатов сияқты сазгерлеріміздің оркестрлік шығармаларын айта аламыз.

30-40 жылдары қазақтың симфониялық музыкасының алтын қорына енген екі шығарма дүниеге келді, екеуі де ұлы ағартушы-хакім – Абай Құнанбаевқа арналды, бұлар – Е.Брусиловскийдің «Жалғыз қайың» (1943) симфониялық поэмасы және А.Жұбановтың «Абай» (1944) симфониялық сюитасы. Үш бөлімді «Жалғыз қайың» симфониясының тақырыбы жабырқау көңіл мен жалғыздық. Поэманың эпиграфы ретінде сазгер Абайдың драматизмі мол «Сегіз аяқ» әнінен үзінді келтіреді. Поэманың шеткі бөлімдерінде Абайдың «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» әні пайдаланылады, ақын бейнесі желден сынған жалғыз қайыңмен салыстырылады (ақынның жалғыздық бейнесі).

Е.Брусиловскийдің симфониялық поэмасы терең сезімге толы, әртүрлі көркемдік әдістер қолданылады. Поэмада Абай әндері орыс классикасының үлгісімен жазылған, солай бола тұрса да ақын мұрасына ешқандай нұқсан келмегенін айтқан дұрыс.

А.Жұбановтың бес бөлімді «Абай» сюитасындағы ақынның образы біршама басқаша өрілген. Абай Құнанбаевтың қарапайым адам үшін оңай ашыла қоймайтын жұмбаққа толы бейнесі ақынның төл туындылары «Қор болды, жаным», «Бойы бұлған», «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын», «Біреуден біреу артылса» әндері арқылы ақтарылады. Көш керуені сияқты лирикалық, скерцолық, қайғылы, әзілкеш, көңілді тақырыптар бірін-бірі алмастыра отырып, тұтас шығарма мазмұнын түзеді. Сюита ойының қомдалуы «Қор болды, жаным» әнінің сазы арқылы жүзеге асады (музыкалық арка).

Өзінің симфониялық сюитасында А.Жұбанов Абай әуенінің сұлулығы мен поэтикасын сақтауға тырысады, шығарманың танымал болуының себебі де осыдан⁸⁰.

Қазақстанның камералық-аспаптық музыкасында⁸¹ М.Қойшыбаевтың «Абайға естелік» атты фортепианоға арналған сонатасы да шоқтығы биік туындылардың бірі. Бұл шығарма сюжеті кейіпкердің ішкі жан-дүниесін, философиялық ойларын ашады.

⁸⁰ «Абай» поэмасы алғашқыда халық аспаптары оркестріне арналды, бұл осы музыкалық ұжым үшін жазылған бірінші күрделі шығарма болды

⁸¹ Бұл дәріс өнертану ғылымдарының кандидаты, Қазақ ұлттық өнер университетінің доценті Ғ.Т.Ақпарованың диссертациялық жұмысына және ғылыми мақалаларына сүйеніп жазылды. Оның рұқсаты және көмегіне авторлар үлкен алғысын білдіреді.

«Автор музыка тілімен жалғыз бунтарьдың оған бөгде қауымдағы трагедиясын, сонымен қатар, Абайдың өз халқының жеңісіне деген сенімге негізделген үлкен рухани күшін, оның қайратын, оптимизмін, қуатын суреттейді» [11, 68-б.]

М.Қойшыбаевтың шығармасының бейнелігі трагедиялық көркем концепцияны көрсетеді. Ол – кейіпкердің шындық өмірде бақыт таба алмай, терең рухани қайғыруы. Романтикалық доктрина негізінде шындық пен арман арасындағы шешілмейтін қарама-қарсылық жатыр. Сондықтан да, көптеген романтикалық шығармалардағы қарама-қарсылықтан шығу әдісі – өлім, ол трагедия сияқты қабылданбайды.

Қазақ ұлт аспаптары оркестріне арналған музыкасында қазақ оркестріне арнайы жазылған күрделі шығарма А.Жұбановтың «Абай» сюитасы болды, бұл сюита қазақтың ұлы ақыны, ағартушысы, сазгері Абай Құнанбайұлының рухына бағышталды. «Сюитаның әуенімен өрілген Абай әндері шығармаға рухани тазалық пен шын драматизм береді, автордың лирикалық әуендерімен қоса күй ырғақтары да оқиғалық әсер қалдырады», – деп жазды Г.Жұбанова [12, 37-б.]. Бұл бес бөлімді сюита поэтикалық мазмұнда, мұнда адам жанының құмарлығы мен тебіренісі бар.

Бұл шығармада А.Жұбанов тандалған тақырыптың лирико-драмалық және трагедиялық тұжырымын терең мағынамен аша алды. Абай әуенінің қарапайым өңдеудегі әсем әуезі оркестрге түскенде құлпырып кеткені рас, осы арқылы оның асқақ поэтикасы сақталды, халықтың сүйіп тыңдайтын шығармасына айналды.

Қазақстан сазгерлерінің шығармашылығындағы камералық-вокалдық цикл жанрында 70-80 жылдары Қазақстан композиторларының ұлы гуманист, қазақ өлеңінің атасы – Абай Құнанбаевтың (1845-1904) тәрбиелік ғибраты мол өлеңдеріне қызығушылық танытуы айта қаларлықтай оқиға болды, ұлы ақынның өнер арқылы адам жанының сан түрлі тебіреністерін аша алатын «толғауы тоқсан қызыл тілі» көптеген тамаша вокалдық циклдардың туылуына себепші болды⁸². Абайдың сөзіне жазылған Е.Рахмадиев пен Т.Мұхамеджановтың шығармаларының шоқтығы биік болғанын замандастары жоғары мойындады, енді осы екі циклға тоқтала кетейік

⁸² Өздерінің вокал саласындағы шығармашылықтарында Абай лирикасына назар аударған сазгерлер – М.Төлебаев, С.Мұхамеджанов, М.Қойшыбаев, Н.Тілендиев, Н.Меңдіғалиев, Ө.Еспаев, Ғ.Жұбанова, М.Сағатов т.б

Е.Рахмадиевтің (1932 жылы туылған) Абай лирикасына көңіл аударуын заңды құбылыс деп қарауға болады. Сазгердің вокалды-симфониялық, опералық, камералық-аспапты, күрделі хор сияқты көлемді тақырыптарға жазылған шығармаларымен қатар Абай өлеңдеріне жазылған лирикалық әндері мен романстары да маңызды. Осы кітап авторларымен сұхбат құрған сазгер Абай циклына деген өзінің жүрекжарды сезімін былай жеткізген еді: «Абай – қазақ руханиятының жаны, ал, жұмыр басты адам баласы рухы таза, жанына байлық сыйлайтын нәрсеге ұмтылатыны заңдылық... Абай – сарқылмайтын шабыттың көзі... Мені Абайдың психологизмі, философиясы, лирикасы мен сабырлы әуезі, тілінің ұшқырлығы мен шешендігі қызықтырады». Е.Рахмадиев әр толқын Абайды өзінше оқиды, сондықтан бір мәтінге жазылған екі музыканың айтары әртүрлі болады деп санайды. Бұл жөнінде сазгер мынадай естелік айтады: «Бір күні Абайдың «Көңіл құсы күйкылжыр» өлеңін оқыдым, ақынның екі томдығы С.Торайғыров, Қ.Мырзалиев кітаптарымен қатар ылғи жанымда жүруші еді, әлгі өлеңге зейін қоя отырып көкірегімнен бір тың әуен туындағанын аңғардым, шабыт келгенде фортепианоға отырып жаңа романс жазып шықтым. Арада біраз уақыт өткеннен кейін бұрынғы жазбаларымды сараптап отырып, арасынан әлгі мәтінге жазылған бұрынғы жылдардағы басқа үлгідегі романсымды тауып алдым. Екі романсты салыстыра келе, алғашқысының толыспағанына, оған қарағанда соңғысы кемеліне келген, мазмұндырақ романс екеніне көзім жетті»⁸³.

Сазгер өзінің ұлы хәкім мұрасына әрдайым жақын жүретіндігін Абай жырының өміршендігімен, поэзиясының әмбебаптығымен, сазгер ретінде жүрегіне етене жақындығымен түсіндіреді. Абай өлеңіне жазылған Е.Рахмадиевтің әрбір романсынан екі автордың ойы тоғысып, бірге үн қосатынын аңғаруға болады, олардың өмір туралы толғаныстары да бірдей. Пушкин тілімен айтқанда мұны былайша түйіндеуге болар еді:

*Табыстырған оларды, Рухани туыстық
Бір музаны жырлаган, Абыздар еді тынысты
Шабыттары тоғысып, жай табатын жандары
Жүректерін жылытатын ішкі жалын тым ыстық*

А.С.Пушкин (аударған И.Нұрахмет)

⁸³ Композитор Е.Рахмадиевпен сұхбат 1991 жылдың 15 мамырында болды

Тың тәсілдерді батыл енгізу арқылы Е.Рахмадиев Абай лирикасының драматизмін ашуға қол жеткізді. Автордың өзінің айтуынша, ол «Абай елеңінің әр сөзін мұқият зерделеген, жанрлық картина тұтастығын сақтау үшін мәтінге мейлінше зерек қараған»⁸⁴. Сазгердің жасаған циклы ұлы ақынның өмірлік жолы мен көзқарастарынан хабардар етеді. Циклдың әртүрлі жанрда жазылғанына қарамастан Рахмадиев ұлы Абай мұрасының азаматтық үні мен гуманистік қырын жарқырата көрсете білді

Бұл циклдың тағы бір ерекшелігі Е.Рахмадиевтің музыкалық-поэтикалық фольклор дәстүріне мақсатты түрде қадам басуы болды, оның ішінде терме мен домбыра сазы батыл қолданылды. Әрине, бұл Абай лирикасының табиғатында бар: тоникалық тұғырдан айнымау (квинталық); дыбыс қайталануы; қайырманьың болмауы; ырғақтық еркіндік тағы басқалары

Сазгердің композиторлық қолтаңбасынан оның опералық шығармалардағы тәжірибесін тануға болады. Кейбір циклдардағы романстардан опера монологтарындағы сахналардың әсері анық байқалады. Оның романстарының музыкалық формалары да әрқилы:

а) циклдың вокалды стилінде кантиленаның бірқалыпты әуезімен қатар мәтінді айқындап тұратын психологиялық декламация қолданылады;

б) циклдың гармониялық тілі тың әрі қызғылықты. Дәстүрлі ладтық-гармониялық құралдармен бірге композитор күрделі полифункционалды қатынастар мен альтерацияланған аккордтарды батыл кіріктіреді. Бірінші және төртінші романстарда атонольды ойдың эпизодтық пайдалануы байқалады;

в) гармониялық архитектураниканы меңгерудің Е.Рахмадиев қолданған тәсілі – циклдың қол жеткізген қасиетіне тең. Тақырыптың әрқилы образдылығы мен ақын өлеңдерінің поэтикалық шешім табудағы ұтымдылығын ескере отырып, романстардың құрылым тұрқының аяқталған әрі біртұтастығын айтуға тиіспіз;

г) фортепиано партиясының күрделілігін де атап өткен жөн, мұнда метроырғақтық және тондық тұрақсыздық, фактураның үнемі ауысуы, педаль динамикасы, альтерация және басқа да кәсіби жазу тәжірибесі тәсілдері кездеседі, осы арқылы Абай әлемінің көркемдік деңгейі айқындалады

Абай лирикасына қалам тербеген сазгерлеріміздің бірі – Төлеген

⁸⁴ Композитормен әңгіме кезінде жазылып алынған

Мұхамеджанов (1948 жылы туған), ол өз циклы арқылы ақын өлеңдерінің әдеби негізін аша алды. Сазгер ақын мұрасының мазмұнын жаңаша көзқараспен қарады, камералық сезімге құрылған романстарында ұлы абыздың өлеңдерімен («Сап-сап көңілім, сап көңілім», «Қалың елім, қазағым, кайран жұртым», «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да», «Сабырсыз, арсыз, еріншек») кейінгі толқын ақындары О.Сүлейменов, М.Шаханов поэзиясымен жақындастыра қарау үрдісі бар, осы әдіс арқылы шығармалар публицистикалық және ораторлық пафосқа ие болды. Сазгер романстарының стилі үшқыр болуы бағытында ұлттық вокалдық-речитация үлгілері – терме мен толғауды қолданады («Сабырсыз, арсыз, еріншек»), Сазгер ақын бейнесін экспрессионистік ағыммен сомдайды – яғни, Абай өз жанын түсінбеген қоғамның ортасында жалғыз қалған суреткер ретінде бейнеленеді. Бұл ойды циклдың контрастық ережеге құрылған әуендік дамуы да әрдайым қостап отырады: бірде арманшыл толғанысты (бірінші және үшінші романста), бірде өткір сарказмы басымырақ (екінші және төртінші романста) тақырыптар кереғарлығы тартысқа түсіп отырады. Абай поэзиясын биік шығармашылық тұрғыда қарастырған Т.Мұхамеджанов оның жаңаша сырын қуатын (потенция) зерделеді, ақын лирикасын қазіргі заманғы тенденциялар үрдісіне көшіреді

Әсіресе ақынның гротеск-сатиралық жоспардағы өлеңдеріне көп назар аударылды. Осы мақсатпен ол халықтық-поэтикалық шығармашылықтың терме мен толғау сияқты тамаша формаларын құқылы түрде интерпретациялық үлгі етеді

Бүкіл циклдың лейтмотивтік интонациясы мен лейт-эмблемасы ретінде кіші секунда мен тритоннан тұратын мелодиялық-ырғақтық дәнек белсенділік танытады. Интонациялық-тақырыптық дәнек – Абайдың өз аты – **АБАЕ**.

Т.Мұхамеджановтың романстарының гармониясы мен мелодикасында ХХ ғасыр музыкасы стиліне тән жаңаша тенденция желі есіп тұрады, мысалы, тондық даму логикасының байлығы, ол әдеттегі функциялық байланыстарды тежеуге әкеп соғады, сол арқылы диссонансқа иек артқан жаңа жоспарды алға итереді

Ю.Н.Тюлиннің сөзімен айтар болсақ, «...осы күні кез келген диссонансты аккордтармен еркін әуестену (эманципация) әрекеті белең алғаны рас. Бұл тарихи заңдылығы бар әрі құптарлық іс, себебі аккордтар әсем де егеменді драмалық мағынаға ие болды» [13, 135-б.]. Оны Ю.Н.Холопов та қоштайды, «жіктелудің (разрешение) болмауы диссонансты тұрақты етеді» [14, 95-б.]. Және бір ескерілетін

жай мынау, диссонанстық тұрақтылық метроритмдік кайталау, сандық артықшылықтың дыбыстық ұзақтығы, оны фактуралық тембрлік әдістер арқылы бөліп отыру т.б. сияқты қосалқы тәсілдермен жүзеге асады. Техникалық аккордтарды қолданудың мұндай айрықша тәсілінің маңызы күллі циклге сіңісті болып тұрған гармониялық және тембрлік өзектің бір ғана негізгі құрылымдық элементке сүйенуіне байланысты. Т.Мұхамеджановта бұл міндетті құрамды (конструктивный) интервал атқарады, ол романстарды көлденеңінен де тігінен де ұжымдастырып, циклдың біртұтастығын сақтап отырады. Бұл көлденең және тік бағдары (аспект) бар мұнаралы жүйенің болуы шығарма конструкциясы үшін қажет. Дыбыстық шоғырда немесе әуендік жүйеде, интерваликада немесе күрделі жоспардағы тондық құрылымда пайда болатын ладтық-гармониялық сфера формажасаушы қызметін өз қолына алады.

Т.Мұхамеджанов Абай сөзіне жазылған өзінің романстарында ақынның жүрек түкпіріндегі ойларын ашып қана қойған жоқ, қараңғы заманның қаралы көріністерін де шебер бейнеледі. Сазгер мен ақынның көзқарастарының бір ағымға тоғысуы, олардың көркемдік-эстетикалық танымдарының жақындығы Т.Мұхамеджановтың сазгерлігі аркасында шегіне жетті, ол музыка тілі арқылы Абай өлеңдерінің мазмұны мен формасының үйлесімділігін жасады, ақынның әсемдікке ұмтылған сырбаз жанын, жырларының импровизациялық, әуендік құрылымын мүмкіндігінше толығымен түсіндіре алды.

Сөз соңында айтарымыз, Абай өлеңдеріне қалам тербеген сазгерлеріміз абайлық мәтіннің мазмұны мен мағынасын ашуға ұмтылды. Олар поэтикалық заңдылық қағидаларын сақтай отырып, музыкалық соны құралдар арқылы шығармалардың лирикалық пафосын тереңдете білді, қазіргі заман тыңдаушысына түсінікті әрі ұнамды жолмен ұлы тұлғаның мұрасын жаңа қырынан танытуға тырысты. Олардың поэтикалық образды сомдаудағы негізгі сүйенген тәсілдерін тағы да пысықтай кеткен артық болмайды: мелодика, ритмика, фактуралық жаңартылу, тембрлік және дыбыстық бояулар эффектісін пайдалану. Абай сөздеріне жазылған Е.Рахмәдиев пен Т.Мұхамеджановтың циклдық шығармалары абайтану іліміне қосылған қомақты үлес болды және қазақтың камералық-вокалдық музыкасының даму тарихының жарқын оқиғаларына айналды.

Ғ.А.ЖҰБАНОВАНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯЛАР

Ғазиза Жұбанова (1927-1993) – көрнекті композитор, оның музыкасы кең аумақтылығымен, қазіргі заман тынысы мен образдарын терең де көркем бейнелеген айшықтылығымен ерекшеленеді. Оның қолынан шыққан кәсіби өнердің барлық жетекші жанрлары – үлкен оркестрлік дүниелер мен вокалды-хор полотнолары, музыкалық және драмалық театрларға арналған шығармалар, камералық-аспапты туындылар мен халыққа кең тараған әндер үлкен азаматтық пафоспен жазылған, симфониялық дыбысы зор, музыкалық тілі психологизм мен сезімге бай. Қазақ музыкасының негізін қалағандардың бірегейі, академик А.Қ.Жұбановтың жанұясында туып, оның асыл арманының жалғасы болған жас Ғазиза жөргегінен музыкаға бөленіп өсті.

Оның өмір жолындағы алғашқы баспалдағы осы киелі шаңырақтан басталды. Алматы қаласында мектепті алтын медальмен бітірген ол Мәскеудегі Гнесин атындағы музыкалық училищеге оқуға түсті, содан кейін П.И.Чайковский атындағы консерваторияны тәмәмдады, артынша аспиранттық дайындықты профессор Ю.Шпориннің жетекшілігімен бітіріп шықты. Ғ.Жұбанованың музыкасы жаңа заманның үні. Оның Мәскеу қаласында өткен композиторлардың V съезінде айтқан мына сөздері өзінің өмірлік ұстанымы мен шығармашылық кредосына айналды: «сазгер өз заманының қуанышы мен қайғысына бірден үн қосып, оның идеялары мен образдарын бетке ұстана өмір кешу керек». Ғ.Жұбанованың өзекті тақырыптарды игеруге деген мұраты оны шығармашылықтың күрделі де жауапты жолына түсірді, ендігі жерде сазгер дәуір мен уақыт жаршысына айналды. Бұл саладағы қомақты еңбегі ретінде оның алғашқы жұмысы М.Әуезовтың «Түнгі сарын» пьесасына жазған музыкасын айтуға болады (1954), бұл шығарма 1916 жылғы ақпашаға қарсы көтерілген қазақ халқының азаттық жолындағы күресін баян етеді. Осы тақырыптың қатарында жазылған тағы бір шығармасы ақын Х.Ерғалиевтің сөзіне жазылған сегіз бөлімді «Дала таңы» ораториясы (1960). Мұнда сазгер өзінің күрделі жанрларда қалам тарта алатын қарымын көрсете білді, азамат соғысы жылдарындағы алағай да бұлағай оқиғаларды музыка тілімен көркем баяндай алатынын қабілеті бар екенін паш етті. Осы ораторияға парапар шығармалары қатарында «Батырлық поэмасын» (1972) атауға болады, мұнда Сейтектің «Заман-ай» күйінің азалы үндері естіледі және Аманкелді сарбаздарының екпінді маршы

өткен тарихтың өксіген парақтарын ашқандай болады. Ғ.Жұбанованың шығармашылық диапозонының кеңдігі, композиторлық техникасының шеберлігі қоғамдық деңгейдегі маңызды тақырыптарды игеруге де мүмкіндік берді. Мысалы, бейбітшілік пен бақытты өмірді жырлайтын «Аққұс туралы аңыз» балеті (1964) қазақ балетінің дамуына қосылған үлкен үлес болды. Ол екі бөлімнен тұрады: біріншісі – «Аққұс туралы аңыз», екіншісі – «Хиросима». Оқиға қазақ даласы мен қиыр шығыстағы Жапонияда өтеді. Біріншісінде табиғи апаттың құрбаны болған – Аққанат пен Асан (1-бөлім), екіншісінде атом бомбасынан зардап шеккен жапон халқы (2-бөлім), әлемнің екі шетіндегі екі халықтың басына түскен нәубеттің ортақ қайғысы әңгімеленеді. Балеттің екі бөлімінің де айтар ойы – адамдарға бейбітшілік, бақыт пен бостандық сыйлайтын киелі Аққұсқа сену. Шығарманың публицистикалық мәні, оның гуманды идеясы, шын көңілден шыққан музыкалық ой тыңдарманды бей-жай қалдырмайды. Балеттің музыкасы үшін Ғ.Жұбанова ҚазССР Мемлекеттік сыйлығымен марапатталды (1970).

«Мұхтар Әуезов туралы толғау» кантатасы (сөзі – Х.Ерғалиевтікі, 1965) ұлы жазушы, қоғам қайраткерінің рухына арналған ескерткіш ретінде жазылды, мұнда ұлы жазушының азаматтық бейнесі сомдалды. Ғ.Жұбанованың алғашқы шығармашылық қадамының өзінен музыкалық фольклорға деген жаңашыл көзқарасы байқалды. Халық қазынасының бай мұралары суреткердің назарын өзіне ылғи аударып келді, ұлт өнері оның шығармашылық фантазиясына әрдайым шабытпен қанат бітірді, бүкіл шығармашылығына ұлттық бояу мен төлтумалық рең берді. Сазгер фольклордың классикалық түрлерінің уақыт талабына сай жаңа қырларын ашты, оған мүмкіндігінше өз қолтаңбасын қалдыруға тырысты. Ғ.Жұбанованың кәсіби біліктілігі мен жаңа дәуірлік музыкалық құралдарды жетік білуі фольклорды сауаттылықпен меңгеруге де жағымды жағдай жасады. Заманауи жаңашыл әдістерді сазгер өзінің сазгерлік ойларын ашық айту үшін еркін қолданып отырды. Халықтық мұра мен сазгерлік көзқарастың біртұтас тамырлы дүние екенін сан рет айтқан сазгер ұлт музыкасын жанымен сүйді және сүйіспеншілігін жасырмады. Оның бір айтқан ойында мынадай пікір бар: «қазақ эпосы, ән мен күй халық өмірінің сан ғасырлық шежіресі жазылған энциклопедиясы. Адамның жеке өмірі әрқашан туған халқының тағдырымен бірге. Бірінші орынға біз халық тағдырын қоюымыз керек». Дәстүрлі мұраға келгенде, сазгердің уақыт талабынан қалмай тер төуге шақырған шығармашылық позициясы көпке үлгі боларлықтай асыл

мұрат болды, осы бағытын берік ұстанып өткен қазақтың аяулы қызы Ғ.Жұбанованың музыкалық өнердегі шығармашылық көкжиегі де бұл күнде алыстан мұнартып тұрады... Суреткерді ерекше құштар еткен халық күйлері, оның күрделі туындыларының бәрі дерлік мейлі ол симфония болсын немесе кантата, опера болсын, күй ырғақтарымен өрілген. Әрбір аспаптық музыкамен жаны түйіскен сәтте сазгер оның ішкі сырын барлайды, фольклорлық түпнұсқаның философиялық идеясын толық ашуға ұмтылып, композиторлық шығармашылықта халық мұрасының жаңа жолының ашылғанын хош көреді.

Осы салада (ракурсте) оның 1953 жылы жазған «Ақсақ құлан» симфониялық поэмасын атап өткен жөн, бұл сазгердің ертеректегі шығармаларының тобына жататын дүние. Симфониялық хикаяның тақырыбы мен мінездемесі осы аттас халық күйі аңызының желісімен өрілген, сондықтан мұнда эпикалық сарын басым. Көне күйдің өміршеңдігі мен қасиетті өнердің бағзы заманның өзінде салтанат құруы Ғ.Жұбанова симфониясының негізгі түйіні. Өзінің ертеректе жазған осы бір шығармасының беделі арқылы фольклорлық тақырыпта композитордың қаламы қаншалықты өткір екенін музыка бағасын білетін қауымға жас сазгер бірден танытты әрі мойындатты. Осы қабілеті, яғни халықтық тақырыпты жаңашылдықпен көпшілікке ұсыну ісі сазгердің кейінгі жұмыстарында да жалғасын тапты, музыкалық өнердің әр саласында жемісті еңбек еткен Ғ.Жұбанова ұлттық мақамды жаңғыртуды ешқашан жадынан шығарған емес.

Осындай жарқын туындыларының қатарына «Құрманғазы» радиооперасы жатады (либреттосы – А.Жұбанов пен Х.Ерғалиевтікі⁸⁵). Радионың ақпарат көзі ретінде аудиториясының кең болуы және симфониялық шығарманың тыңдарманға толқын арқылы жетуі композитордың фантазиясына қанат бітірді, Құрманғазының қиын өмірі туралы қарапайым халыққа оңай тілмен, оңай құралмен жеткізудің бұл бір тиімді жолы болды.

Операның музыкасында Құрманғазы – еркіндік сүйгіш, өз халқына берілген, бойына ақындық дарыған биік тұлға. Операның сюжеті жедел жүреді, мұнда ұлы күйшінің өмірі тұтас қамтылған, оның байларға қарсы күресі мен анасына деген шексіз махаббаты, халқы үшін тәуекелге бара алатын мәрт мінезі опера тақырыбына өзек болды. Опера халықтың той-салтанатымен басталады, осы қуанышты шараның ішінде старшын Ақбаевтан қашып, Бөрібай атын жамылып жүрген күйші Құрманғазы да

⁸⁵ Кузембаева С. Первая казахская радио-опера // Музыкальная жизнь. – М., 1974, № 18

бар, халықтың қолқалауымен өнерін көрсеткен Бөрібайдың Құрманғазы екенін жаулары сезіп қалады, осылай өзінің дауылпаз өнерінің арқасында жауларының көзіне түсіп қалады. Соңында өлмес өнерімен, дауылды күйлерімен біздің заманымызға дейін жеткен халық талантының даңқын жырлаған салтанатты ән шырқалады. Ғ.Жұбанованың радио-операсының музыкалық негізі Құрманғазының өмірбаяны іспетті күйлерінің ырғағы мен интонациясына құрылған, бұлар – оттай лапылдаған «Адай» увертюрада), трагикалық-философиялық «Кішкентай» (Исатай мен Махамбет туралы балладада), лирикалық «Қызыл қайың» (финалда) және Ақбаевпен кездесетін сахнадағы әлеуметтік тартысты «Ақбай» және басқалары. Сазгердің шеберлігі мен көрегендігі арқасында күйлердің мағыналары қоюлана түседі, ішкі сыры ашылады. Күйлердің күрең сарындары әндете самғайды, ән арқылы кеңдігі мен шалқарлығы паш етіледі. Халық образын бергенде «Көбік шашқан» күйі маңызды рөл атқарады, мұнда халық батырлары Исатай мен Махамбеттің бейнелері еске түседі. Осы тарихи трагедияның түйіні *жоқтаумен* шешілгендей болады. Әйелдер хорының орындауындағы бұл тақырып халықтың үстем таптан көрген зорлық-зомбылығын суреттейді және оған көнбейтін қайсарлығы мен еркіндікті аңсаған арманы айтылады. Кейінірек осы радио-операның негізінде эпикалық-қаһармандық полотно – «Құрманғазы» операсы дүниеге келді.

Дубасеково разъезі түбіндегі Панфиловшылардың естен кетпес ерлігі туралы жазылған байтақ шығармалардың бірі – «Жиырма сегіз». Оның премьерасы Мәскеу қаласында табыспен өтті (1981). Екі бөлімді опера-поэмада Ғ.Жұбанова мен либреттошы Ә.Мәмбетов отты жылдар оқиғасын қайта жаңғыртты, сазгердің бұл шығармасы Отаны үшін от кешкен, ел алдындағы жауынгерлік сертіне адал болған ержүрек жандардың рухына музыкалық ескерткіш болды⁸⁶.

Қазақ өнерінің қазынасына қосылған үлкен еңбек – психологиялық сарындағы «Еңлік-Кебек» операсы. Операның сюжеті Ленин сыйлығының Лауреаты М.Әуезовтің осы аттас пьесасының мазмұнына негізделген. Либреттоның түпнұсқасы қазақ халқының басынан өткерген тұтас бір тарихына үніледі, феодалдық-патриархалдық қоғамдағы таптар арасындағы бітіспес тартыстар, ұлттық мінез бен психиканың

⁸⁶ Операның жазылу барысында Ғ.Жұбанова дивизия медбикесі болған генерал Панфиловтың жесірі – В.И.Панфиловамен және жиырма сегіз батырдан жалғыз өзі ғана аман қалған Кеңес Одағының батыры, сол уақытта Талдықорған облысының Киров ауданында тұратын И.Д.Щедринмен сұхбаттасты.

көріністері, салт-сана мен тұрмыс заңдылықтары музыка авторына көркемдік кеңістігі мол дүниенің есігін ашқандай болды. Сюжеттің өткірлігіне сай, Әуезовтің прозасын терең барлау арқылы оның күрделі де шұрайлы тіліне сәйкес Ғ.Жұбанова үлкен осынау ұлы шығармамен иін теңестіретіндей музыкалық-сахналық полотно жазып шықты, осы жұмысы арқылы сазгер шығармашылық ойының еркіндігі мен кемелдігін, сазгерлік шеберлігінің шыңдалғанын көрсетті⁸⁷. Лирикалық, батырлық, трагедиялық және тұрмыстық құлықтарды (мотивтерді) ашуда композитор тұтас әрі қатал мазмұнмен өрілген сюжеттік оралымдарды сақтап отырады, осының бәрін ұлттық төлтумалылығы аңқыған музыка тілімен шешен баяндайды. «Еңлік-Кебек» операсы Прологтан, Эпилогтан және үш көріністен (жеті картина) тұрады. 1-көрініс – «Таудағы кездесу», «Махаббат», басты кейіпкерлердің экспозициясы, яғни олардың арасындағы драманың байланысы; 11-көріністе 4 картина бар: «Абыздың батасы», «Билердің соты» (4-6 картиналар) – операның драмалық ортасы; 7-картина 111 көріністі құрайды – «Ажал құшу» – драманың шешілуі⁸⁸. Операның мұндай архитектурасы, сюжетінің күрделілігі, әрбір әрекеттің дербестігі шығарманың сюжеттік-музыкалық дамуының тұтастығын анықтайды, мұнда лирикалық бастаудан кульминацияға көтерілу арқылы драмалық-трагедиялық шешімге келетін оқиғалық шындық етек алады. Әуезов қаһармандары туралы әдебиеттанушы Г.И.Ломидзе: «көздері қарақты, тасып-толған..., зұлым көздер және олардың сайқал күлкілері», – деп мінездеме берген болатын [1, 4-б.]. Ғ.Жұбанова қазіргі заманғы опера сынды күрделі музыкалық жанрды бай компоненттермен аша білді. Осының арқасында «Еңлік-Кебек» музыкалық және драмалық театрлардың өзінше синтезінен туған

⁸⁷ Опера премьерасы 1975 жылы, 24 қаңтарда өтті. Либреттосын М.Әуезов драмасының ізімен жазып шыққан – С.Жиенбаев, қоюшы-режиссері – КСРО Халық әртісі, КСРО және ҚазССР Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты Ә.Мәмбетов, дирижері – ҚазССР Халық әртісі Т.Н.Османов, суретшісі – КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты А.С.Кривошеин, хормейстері – ҚазССР Халық әртісі, проф. Б.А.Жаманбаев, ҚазССР-іне еңбегі сіңген өнер қайраткері Л.Айдарбекова, басты рольдерде – КСРО Халық әртісі Б.Төлегенова мен ҚазССР Халық әртісі Н.Қаражігітов.

⁸⁸ Операның қысқаша мазмұны: Шыңғыс тауының баурайында Еңлік сұлудың сенімді досы – Жапар қой бағып жүр. Тауда саят құрып жүрген Еңлік қойшы балаға өзінің арманын ақтарады. Осы кезде оның соңында шаригат бойынша атастырылған құныкері Есен батыр бар еді. Алайда Еңлік сұлу Кебекке ғашық болады... Екеуінің кездескен жолын Есен батыр кеседі. Бірақ Еңліктің ақылымен екеуі араздаспай тарасады. Махаббат үшін екі ғашық туған жерінен кетуге мәжбүр болады. Бұған қарсы шыққан билердің соты екеуін өлімге бұйырады. Ғашықтардың соңынан қуып жеткен ашулы тобыр екеуін де жазым етеді, қос мұңдықтың аттары халық санасында мәңгілік махаббаттың символы болып қала берді!

толағай шығармаға айналды. Бұл оң қадам сазгердің музыкалық стиліне де жағымды әсерін тигізді, опера классикалық қатал заңдылықпен, әрбір әрекеті мейлінше айқындала, ішкі мазмұны мен оқиға жүрдектігі мұқият сақтала жазылды⁸⁹. Операның музыкалық-сахналық канвасын жасау жолында опералық өнер мен драмалық өнерді жақындастыру ниеті сазгерге зор бедел әкелді, опералық жазу үлгісі саласында іске асырылған үлкен жаңалық деп танылды. Автор опера стилистикасында сөз зергерлігін ұтымды пайдаланды, ашық декламация, психологиялық пауза кейіпкерлер арасындағы қатынастың контрастылығын күшейтті. Бұл жай кейіпкерлердің музыкалық бейнесіне де жағымдылығын тигізіп отырды, олардың вокалдық орындаушылығынан ұлттық мінез сезілді, сонымен бірге, ауызша дамыған поэтикалық дәстүр жәдігерлері де сақталды (халықтық дәстүр өкілі – Абыздың кіргізілуі, музыкалық фольклордың сипатты түрлерінің енуі). «Еңлік-Кебек» музыкасының айтар ойы анық, әрекеттердің күштері мен шеңберлік (полярылық) орны белгілі, эмоциялық импульсі мен көркемдік шиеленісі айқын. Мәңгілік махаббат тақырыбын шабытпен жырлаған сазгер сюжеттің өн бойындағы текетіректі жасырмайды, бір-біріне қарсы тұрған күштерді қасакана ашық көрсетеді (Кебек-Есен, Еспембет-Көбей). Сазгердің халықтық ән өнері мен аспаптық мұраны қазіргі замандық музыкалық тіл талаптарына сай қолдануы оның шығармашылық палитрасының кеңдігі мен еркіндігін аша түсті, осының нәтижесінде жеке өзі аяқталған шығарма санатына кіре алатын ариялар, ариозалар, ансамбльдер, дамыған речитативтер мен әндер туды (Еңліктің бесік жыры, оның романсы, Абыздың балладасы, Жапалдың әні, хор партиясындағы дәстүрлі жылау (*жоқтау*) жанры. Музыкалық драматургияның өзегінде көктей өту ұстанымы (принцип сквозного действия) байқалады, яғни, оқиғамен қатар махаббат пен қайғылы тағдыр тақырыптары қозғалады. Ұлттық опералық лексиканың байытылуы «Еңлік-Кебекте» мелодико-интонациялық құрылымдарының жаңа түрлері арқылы жүзеге асырылады, түп-тамыры қазіргі замандық интонациялық сөздіктен шығатыны белгілі. Халық әндері мелосының диатоникалық табиғатын хроматизм арқылы байыту композитор таңдаған жол, нәтижесінде мелодико-интонациялық, гармониялық, полифониялық стиль симфониялық рең алады, сол арқылы қаһармандардың ішкі дүниесі

⁸⁹ Бұл жердегі әрекеттің мәні мынада: операның сахналық мазмұнын нанымды етіп көрсету үшін драма театрының әртістері арнайы шақырылды, осы арқылы халық образын ежелгі антикалық дәстүрде көрсетуге қол жеткізілді.

мен қарым-қатынастары мейлінше ашылады. Опера драматургиясындағы шешімнің тағы бір жаңалығы – хор партияларының белсенділігі, «Еңлік-Кебекте» мұның маңызы ерекше. Олардың жанрлық және типтік байлығы әуендік мазмұны мен қызметтік қолданысы шығарма жүрдектігіне тікелей әсерін тигізеді. Түрі мен формасының әрқилы болса да полифониялық тәсілдермен тамаша өңделген хор сюжеттік коллизиясының шешуші кезеңдерінің бел ортасында әрекет етеді, шығарма райын анықтайтын барометр сияқты маңызды драмалық функцияны атқарады – оқиғаны баяндайды, оларға кірісіп отырады, опера кейіпкерлерімен бірге қайғырады, кейде оқиғаны алдын-ала болжап та отырады. Прологта хор қаһарлы әрі тұп-тұтас. Оның унисонды катал дауысы хроматикалық интонациялы ұялардан тұрады, бірте-бірте күшейіп халықтың қарсылық тұнған дауысына айналады:

«Еңлік-Кебек»
Прологтан хор

№ 65 Adagio

Операның архитектоикасында негізгі орын әрекетке берілген. Бұл жерде музыка жаулаққан топтардың қақтығысының арқасында олардың мінездеріндегі жеккөрушілік пен зомбылықты ашып көрсетеді. Еңлік пен Кебектің өлімге бұйырылған жарқын махаббаты опера партитурасының беттерінде ерекше күш ала шабытпен жырланады. Әсіресе, соңғы халық хоры әсерлі, оның азалы тақырыбы қосыла алмай кеткен қос мұндықтың аясыз тағдырын суреттейді. Билердің сотында да хор шиеленісті-трагедиялық ахуалға бірнеше рет кірісіп кетеді. Мұндағы үнде халықтың екі ғашыққа деген жанашырлық сезімі бар. Хор партиясын көктей өтетін толғауы тоқсан толқулы сезім вокалдық шеберлікпен және полифониялық хатпен жазылған. Мұнда

трагедиялық оқиғаның шығанға шыға тепсінуі кульминациялық түйінді еріксіз түйіндейді. Операны халық наласы сияқты хор-реквием аяқтайды, махаббаттың құдіретті күші мен киесі де осында қорытындыланады. Алғашқыда 4-дауысты фугато формасында жазылған қорытынды хор метрлік-ырғақтық жоспарында халықтық ән түріндегі жоқтауға ұласады, осы арқылы хор классикалық реквием түріне енеді⁹⁰.

Г.Жубанова "Еңлік-Кебек"
"Реквием"

№ 65a

Andante

Так, об-няв-шись, и за-мер-ли... Так, об-няв-шись, у - сну-ли на -

нек... У - сну - ли. О, го - ре... Не
Так, об-няв-шись, за-мер-ли... Вновь на зем-лю горь-кий при - шел час...
Так, об-няв-шись, и

Хор сахналарының драматургиялық рөлі Ғ.Жұбанованың операсына ораториялық кең дыбыс береді. Оның құрылымы қазақ операсында бұрын-соңды болмаған көркемдік тегеурінімен

⁹⁰ «Еңлік-Кебек» операсының музыкасында пайда болатын полифониялық принциптер біздің алдымыздағы әлі шешімін таппаған проблема болып отыр, оны зерттеу болашақтың еншісінде.

ерекшеленеді. Сюжеттік дамудың лиро-психологиялық бағытын тереңдетудің шешуші факторы шығарманың драматургиялық контекстін күшейту, опера кейіпкерлерінің мінездемелерін бүге-шігесіне дейін пысықтау және соған сай оркестрлік музыка түзу арқылы іске асты. Профессор Н.Янов-Яновскийдің пайымымен айтқанда «операның драматургиялық экспрессиясының басты тасымалы оркестрлік партия. Жан-жақты дамытылған бұл музыка (оркестрлік) операның драматургиялық негізіне симфониялық мінез беріп тұрады» [2, 55-б.]. «Еңлік-Кебектің» оркестрлік музыкасы таза симфониялық және кең көлемді, ол сазгерлік қолтаңбаның маңызды құрамдас бөлігі болып табылады және Әуезов драматургиясының күрделі нысандарымен тығыз байланысып тұрады. Оркестрдің белсенді функциясы жеке және тұтас сахналарда әрекет етеді – дамыған көріністерді өзара байланыстырады, олардың идеялық-образдық акценттерін жасайды. Ғ.Жұбанованың бай оркестрлік политрасы, оның толыққанды симфониялық дыбысы, гармониялық және полифониялық саралануы опера кейіпкерлерінің айта алмаған ойын шегіне жеткізе түсіндіре алады (1-актідегі Есеннің ариясындағы оркестрлік өрнек осындай), жеке психологиялық жағдаятты айқындайды (III-актідегі «Ажал құшу» көрінісінде орындалатын оркестрлік музыка), опера полотносының айтулы эпизодтарын байыта түседі (махаббат тақырыбының әртүрлі тасымалда (трансформация) жүріп отыруы), музыка арқылы бейне жасайды (III-актідегі Кебек пен Есен егесінің симфониялық сахналануы) және осы сияқты көріністер. Ғ.Жұбанованың опералық стилінің сарқылмас бұлағы лейтмотив пен лейтинтонациялардың дамыған жүйесінде жатыр. Махаббат, батырлық пен кайғылы тағдыр тақырыптары операның музыкалық драматургиясында көпсалалы қызмет атқарады. Лейтинтонациялы әдіс бітіспейтін топтардың пиғылдарын бейнелеуде жемісті түрде қолданысқа түседі: өміршен лирикалық көңіл күй мен оған қарсы қабағы түйілген патриархалдық-феодалдық тұрмыстың болмысы. «Еңлік-Кебек операсының жанры лиро-драмалық болғанымен басты тақырыбы махаббат жыры. Мұндағы шырқау көңіл, жадыраған сезім, жан дүниенің ашықтығы кейіпкерлердің тау бұлағындай таза ниеттерін көрсетеді. Сазгер драматургке тән жітілікпен тақырыптардың эмоциялық сырларын ақтарып көрсетеді, оларды әртүрлі өңдеуге (модификацияға) салады. Негізгі тақырып опера кейіпкері пайда болған сәттің алдында оркестр партиясында ірі ырғақтармен өрбиді.

«Еңлік - Кебек»
Еңліктің лейттақырыбы



Бұл өтпелі тақырыптың негізінде халық әні «Туған жер» бар, осы әннің сазымен Еңлік туған жерімен қоштасады. Бұл ән бұрын М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» спектаклінде де басты кейіпкердің тақырыбы болатын, спектакль кәсіби сахнада 1918 жылы Қызылорда қаласында қойылған еді. Картинадан картинаға көшкен сайын Ғ.Жұбанова тақырыптардың ішіндегі өмірлік дәнегін тауып отырады, әрине бұлар шығарманың идеялық-сюжеттік концепциясының жетекші күші екені белгілі. Олардың динамикалық жігерін арттыра отырып сазгер өмірлік шындықтың кең панорамасын ашуға қол жеткізе білді. Әрбір жүргізілген лирикалық тақырыптың мазмұны драматургиялық көзқараспен қарағанда бара-бара күшейтіліп, ықпалын білдіреді. Мысалы, Бірінші картинаның соңында лирикалық тақырып еркіндік пен шабытқа ие болады (Еңлік пен Кебектің кездесуі). Операның 11-актісінде де махаббат тақырыбы мағыналы акценттерге орайластырылады. Басында (оркестрлік беташар музыка) махаббат туралы қысқа ғана үзінді орындалады да әрі қарай қайғылы бояу аралас трагико-драмалық сарынға ойысады.

Кебек пен Есеннің жекпе-жегінде (111-акт) махаббат тақырыбы мелодико-интонациялық өңдеудің тезіне түседі. Мұнда мағыналық функцияны дамыған тондық драматургия (тональная драматургия) атқарады, осы арқылы опера партитурасы да симфониялық қалыпқа ене түседі. Лирикалық тақырыптың соңғы көрінісінде сүттен ақ, судан таза мәңгілік махаббат салтанат құрады (*Des-dur*).

Осындай идеялық-мазмұндық бағытқа бару арқылы Ғ.Жұбанова орыс классикалық музыкасының демократиялық дәстүрлерін жаңғыртты (П.И. Чайковскийдің «Ромео мен Джульетта» симфониялық поэмасындағы махаббат тақырыбы және «Қарғаның мәткесі» операсындағы финал), бұл бағыттың ерекшелігі оның ұлттық келбетінің қатал сақталуында болды. Операның мелодико-интонациялық құрылымы сан-салалы. Сахнадағы қаһармандардың мінез-құлықтарын мұқият елеп-екшеу арқылы сазгер олардың психологиялық сырын ашады, интонацияның мінезге сәйкес

опера кейіпкерлерін тақырыптық құрылымдар мен оралымдарға ие етеді. Мысалы, жағымды кейіпкерлер халықтық сөйлесу интонациясымен жарақталған, оның өзегінде ұлттық ән өнерінің лебі бар. Әуендік өрнектің әсемдігі мен тартымдылығы қазақ ән мәдениетінің жауһарларынан бастау алады. Фольклорлық дәстүрді өңдеп қолдану әртүрлі тәсілдермен іске асқан: жанры, эпикалық интонациясы, мақамның шалқарлығы, ладтық интонациялық комплекстер арқылы. Осы ретте операның басты кейіпкері Еңліктің вокалдық партиясын айрықша бөліп айтуымыз керек. Бұл – автордың ерен сезіммен жазған жалғыз әйел партиясы. Оның бейнесі үнемі дамып отырады, соғұрлым мінезі де сан қырынан ашыла түседі. Бірінші актіде ол еркін өсіп, басына еш уайым түспеген балдырған қыз, содан кейін оның бейнесі бірте-бірте күрделене көрінеді. Бірінші актінің соңындағы экспозициялық ариясында автор Еңлікті арманшыл, бала қиялды нәзік жан ретінде бейнелейді. Оның музыкасы халық әндерінің лирикалық сарындарымен өрілген, көтеріңкі шаттықпен шырқалады. Бұл арияның халықтық ән үлгісімен туыстас болуы мелостың мінездемесін, оның даму ұстанымдарын айқындайды, ангемитондық жұмсақ әуендер ылғи жетекші орында болуы арияға шынайы ұлттық мағына береді.

«Еңлік-Кебек» Еңліктің ариясы

№ 67
Andante lento

Кто род - ней, кто доб - ре - с, чем о - тец и мать
их ник - то не за - ме - нит, не ко - го наз - вать...

Халық мелосының жасампаз тамыры басқа да басты кейіпкерлердің солорлық нөмірлерінен орын алған – Еңліктің романсы, 1-актідегі оның ариозасы, Еңліктің бесік жыры (111-акт) 111-актыдағы речитатив пен ариоза және басқа да сахналар. Опералық кейіпкерлердің өмірлік және көркемдік шындығы басқа кейіпкерлерді сомдаудан да аңғарылады, бұл кейіпкерлер – көреген қария Абыз жырау, қарапайым жан – Жапал, тура сөзді би Көбей және қайырымды Жәукетай. Олардың музыкалық тілдері кейіпкерлердің негізгі іс-әрекеттерін бейнелеп қана қоймайды, сонымен бірге халықтық-ұлттық элементтермен де байытыла түскен. Кебек бейнесі басты кейіпкер сатысына құқықты түрде шығады. Ол тек лирикалық

кейіпкер ғана емес. Ол – аты аңызға айналған батыр, туған жері үшін жанын шүберекке түйіп, халықтың марапатына бөленген жан. Кебектің образындағы ержүректілік пен парасат, бауырмалдық пен бірсөзділік, қайсарлық пен бекзаттық опера сахнасындағы соло және ансамбльдік орындаулар арқылы шындықпен баяндалған. Бұлар – 1-актыдағы Кебектің романтикалы-шабытты ариясы, жекпе-жек сахнасындағы ерлік пен мәрттікке толы ариозасы (1-актыдағы трио) және лирикалық-толғаулы ариясы (111-акт). Кебектің вокалды партиясына еркіндік пен махаббат тақырыбы, жаңашыл әрі күтпеген интонациялар, бірде төмен, бірде жоғары көтерілетін интонациялық оралымдар тән:

№ 68

Сла - док их сон... ма - лыш с_ней как птен - чик спит

5
жизнь мо - я, лю - бовь мо - я, о, Ен - лик...

Қарама-қарсы бейнелердің әсіреленуін (дифференциация) сазгер декламациялық речитация түрімен жеткізген. Олардың белсенді болуының сыры Әуезов прозасының шешендік, ырғақтық тегеурінінде жатыр. Шешендік өнер қазақтың дәстүрлі ауыз әдебиетінің інжу-маржаны болып табылады, осынау үрдісті «Билер сотынан» көруге болады (11 -көрініс). Либреттошы мен композитор Әуезов драмасындағы түпнұскалық сөздерді мақсатты түрде сақтайды. Шындығында, бұл қолайлы тәсіл екенін көрсетті, операның ұлттық бояуын қоюлатып, көркемдік деңгейін арттырды. Билердің мінезіндегі маңызды функцияны, олардың ескі дәстүрге бекем кертартпалығын төменгі регистрде сүйретіле жүретін жәй екпінді *Интермеццо* орындайды:

№ 69

Pesante

6

Речитативтер «Еңлік-Кебек» операсының драматургиясындағы құрамдас бөлік болып бекіді, әрі опера партитурасындағы трагедиялық түйіндерді шешудегі сазгердің ұтымды әдісіне айналды. Әсіресе, жағымсыз кейіпкерлердің речитативтері тартымды. Мұның жарқын мысалы – Еспембет, ол – үнемі қанға тоймайтын қара жүрек адам, қатал әрі қомағай. Осы күрделі бейнені сомдауда Ғ.Жұбанова опералық жазу үлгісінің әртүрлі тәсілдерін қолданады. Жоғарыда айтылған речитативтік әдістен басқа оркестрлік жүйедегі гармониялық өңдеулер, ладтық ауыспалылық (атап айтқанда фригиялық лад), тондық өзгешелік (тондық дамытылу қисынын (логикасын) сақтай отырып) жағымсыз бейненің мінезін одан әрі тереңдете түседі. Еспембет бейнесі арқылы (Көбей мен Еспембеттің сахнасы) одан басқа да қарсы күштердің озбыр бейнесі айнадағыдай анық көрсетіледі. Ансамбльдік сахналар мазмұны мен мінездемесі жөнінен әрқилы. Драмалық сюжеттің табиғи жалғасы бола отырып, олар опера партитурасының жарқын беттеріне айналды. Бұлардың қатарында 1-актыдағы әуендік квартетті (Еңліктің сұлулығын мадақтайтын квартет), Есен мен Кебектің егесін (оркестрде тағдыр тақырыбы орындалады), 1-актідегі Есен мен Кебектің бітіскенінен кейінгі психологиялық ахуал, контрасты полифония түрінде берілген, билер сотындағы хор мен үлкен ансамбльді (111-акт), Еңлік пен Кебектің лирикалық дуэтін (1-көріністегі Еңлік пен Кебектің сахнасы, 1-актінің финалындағы дуэт, «Ажал құшу» картинасындағы қоштасу дуэті) атап өтуге болады. Ғ.Жұбанованың лиро-драмалық «Еңлік-Кебек» операсы – ұлттық опера өнеріміздің даму тарихына өз кезегімен келген айрықша орны бар туынды. Өйткені опера қазақ халқының тарихи дәуірін суреттейді, оның өмірлік және тұрмыстық тыныс-тіршілігінен ақпарат береді, адам баласының мақсатқа жету жолындағы қажымас қайратын бейнелейді. Шығарманың ішкі жанрлық байлығы, әуендік формалардың әртүрлілігі, жекелеген және көпшілік сахналардағы психологиялық тартыстар, халықтық-ән өнері негіздерінің заманауи опералық-симфониялық мәдениет негіздерімен жарасымды тіл табуы бұл шығармаға лайықты баға мен бедел әкелді. Бұл шығарма композициясы жағынан көлемді, көркемдік дарыны жөнінен шабытты туындыға айналды. «Еңлік-Кебек» – қазақ даласының Ромеосы мен Джульеттасы жайлы қайғыға тұнған эпсана.

Сонымен бұл туындыда композитор «Мәңгілік Ел» ұғымына сәйкес туған жер мен қоштасу, адамгершілік, әділеттік, шынайы махаббатты

мадақтайды. Операда адалдық пен халықтың ар-ұятын қорғаушы эпик абыздың образы «Мәңгілік Ел» тақырыбын күшейте түседі.

Ғ.Жұбанованың қомақты ұлттық мүддені жырлайтын келесі туындысы «Жиырма сегіз» операсы – соғыс пен бейбітшілік, азаматтық пафос пен патриотизм тақырыбын сомдайтын көркем туынды⁹¹. Опера кейіпкерлері – Мәскеу қаласын жаудан қорғап қалған генерал Панфилов басқарған қазақстандық сарбаздар. Шығарма желісі шындыққа құрылғандықтан документалдық пен поэмалылық операның басты бағыты, вокалды-оркестрлік өрім мен музыкалық драматургияның қатал сақталуы бір-бірін толықтыра түседі, тарихи нәубет жылдарының ызғарын құжаттағыдай дәл бейнелейді.

*Положи на сердце эту песню
Эту строчку каждую возьми!
Жизнь гвардейца! Повторись! Воскресни!
Песню о двадцати восьми!*

*Кеудеңнен осы ән өшпесін.
Әуені жүрсін жүректе!
Жиырма сегіз қаһарман
Тіріл де тұс күреске! (Аударған И.Нұрахмет)*

М.Светловтың «Жиырма сегіз» атты поэмасынан алынған осы шумақтар Ғ.Жұбанованың аттас операсының негізгі идеясы болды. Шығарманың сюжеттік өзегіне панфиловшылардың майдан хаттарының түпнұсқасы, соғыс жылдарындағы құжаттар, М.Светлов, Н.Тихонов, А.Твардовский, Ж.Жабаев, Қ.Аманжолов, Д.Снегин, Қ.Жармағамбетов өлеңдері пайдаланылды. Бұл тарихи маңызды материалдар кейіпкерлердің тіршіліктегі өмірінен хабар береді, олардың қуанышы мен қайғысы, махаббаты мен арманы жайлы мағлұмат айтады. Өртүрлі ұлт өкілдерін: орыс – В.Клочковты, украин – Г.Петренконы, қырғыз – Д.Шопоковты және қазақтар – Н.Есболатов, М.Сенгірбаев, А.Қожабергенов және А.Қосаевтарды бір ғана мақсат біріктіреді – Мәскеуге гитлерші басқыншылардың аяғын басқызбау, қасиетті Отанды

⁹¹ Операның тұсаукесері 1981 жылдың 29 қарашасында Алматы қаласында өтті. Опера екі бөлімді. Либреттосы – Ә.Мәмбетовтікі, қоюшы-режиссер – Б.Рябкин, дирижері – Ф.Мансұров. «Жиырма сегіз» операсы 1982 жылы К.Станиславский мен Немирович-Данченко атындағы театрда қойылды. Қоюшы-режиссері – И.Шароев, дирижері – В.Кожухарь.

қорғау жолында өмірін құрбан етуге даяр болу. Соғыс жылдарындағы әскери поэзия жан тебіренер өлеңдер мен кейіпкерлердің хаттары арқылы операға ақиқаттық сипат береді, осыған байланысты сюжеттің желісі де жедел дамиды. Операның мінездемелік поэмалық және хроникалық болып түзілуі оның композициясына да әсерін тигізді. Екі бөлімнен тұратын опера Валя Панфилова (Панфилов дивизиясында мейірбике болып қызмет істеген) мен Иван Натаровтың (қанды шайқасқа катынасушы, ұрыстан кейін үш күн өмір сүріп госпитальда көз жұмған) естеліктеріне құрылған. Олардың Мәскеу түбіндегі ұрыс туралы айтқан әңгімелері панфиловшылардың соғысқа дейінгі бейбіт өмірлерімен алмаса баяндалады, екі өмір тіршілігі бір-біріне қарама-қарсы қойылады. Әдеби түпнұсқаға сүйенген Ғ.Жұбанованың музыкасы ерлік сарындарына тұнып тұрады. Тыңдарман жүрегіне жақын болуы да осы себептен. «Кешкі Ленинград» (1981 жыл, 23 шілде) газеті былай деп жазды: «Майдандастардың тірі туыстары болғандықтан, олардың хаттары мен кеңестік әскери ақындардың өлеңдері операда оқылғандықтан спектакль көзге жас үйіреді».

Ұрыс даласындағы батырлардың ұжымдық портретін жасаған Ғ.Жұбанова психологиялық тұрғыдан жекелеген тұлғалардың мінездерін де назардан тыс қалдырмайды, әрбір кейіпкердің өзіне тән азаматтық тұлғасын дербес сомдайды. Әрекет етуші бейнелердің ұлттық ерекшелігі мелодико-интонациялық оралымды әдістерді мұқият қолдану арқылы шебер бейнеленген. Бұл бағытта әрбір панфиловшының өз хаттарын туган ана тілінде оқуы (әндетуі) нанымды әсер береді. Көрнекілігі жағынан саралағанда, операның екінші картинасындағы оқиға өте-мөте тартымды («Подмосковье» сахнасы), кезекті жау шабуылының бетін қайтарған жауынгерлердің үзіліс құрып отырған кезіне сай, сазгер солдаттар өмірінен алынған көріністі сахнаға шығарады. Д.Шопоков қырғыздың халық әнін толғана шырқайды, оны тыңдаған солдаттар терең ойға шомады, әрқайсысы өз отбасын, туған-туысқандарын естеріне алады... Әрбір ұлт мәдениетінің интонациялық тыныстарын бір жерге тоғыстыра дамытқан автор сол арқылы шығарманың музыкалық тілін байыта алды, халықаралық достық аясы кеңітіліп, Отан соғысының нағыз халықтық соғыс екені айқындалады. Опера партитурасының стильдік тұтастығын сақтау үшін Ғ.Жұбанова қазақ мелосын жетекші орынға қояды. Оның әсері жанрлық ара қатынас, бейненің анықтығы сияқты барлық музыкалық пікірлерде орын алған, қысқасы, опера партитурасының музыкалық

тіліне де қазақы саздың тікелей ықпалы болды. Операның басты мазмұнына айналған Мәскеу тақырыбының мелодико-интонациялық құрылымы да осыған ұқсас. Мейлінше ширыққан, жоғары өрлейтін кварталық құлшынысы бар бұл тақырып қазақтың дәстүрлі бұқаралық әнінің сазымен жазылған. Мәскеудің лейтмотиві оны қорғаушылардың қайсарлығымен шендестірілген, тақырыптық дамудың қаһармандық өзегін құрайды. Мәскеу тақырыбы алғаш рет әскерлерді соғысқа шығарып салған кезде орындалады (Жамбылдың монологынан кейін олардың ант беру салтанатында). Мелодико-интонациялық буындарды біртіндеп байланыстыра бастаған бұл тақырып танктердің шабуылға шығу көрінісінде белсенділік танытады (екінші бөлімнің оркестрлік эпизоды). Симфониялық дамытылу тезіне түскен басты тақырып сюжетке батырлық-патриоттық пен құлашын кең сермеген байтақтық береді. Натаровтың монологында Мәскеу тақырыбы өзгеріске түсіп операның вокалды-оркестрлік мағынасына маңызды салмақ түсіреді. Негізгі тақырыптың ішкі жігері мен күші үнемі қозғалыста болады. Қорыта айтқанда, Мәскеу қорғаушыларының әні шығарманың басынан аяқ идеялық-мазмұндық функцияны өз мойнына артады. Операның айта қаларлық бір ерекшелігі – оқиға болған заманның әлеуметтік-психологиялық кеңістігіне шығарма мазмұнының сәйкес келуі. Драматургиямен қоян-қолтық дамыған опера тінінде соғыс жылдарындағы музыкалық формалар мен жанрлар сонылығын сақтаған. Мысалы, солдаттардың жорыққа аттану сахнасы, операда панфиловшы-сазгер Рамазан Елебаевтың (1912-1943) «Жорық жыры» әнімен аталған сахнадағы В.Клочковтың Қызыл алаңдағы парад жайлы айтқан әңгімесі марш екпінді ырғақтармен өрілген. Бірінші картинаның сахнасы халықтық-поэтикалық және соғыс жылдарындағы музыкалық фольклор негізінде құрылған. Я.Бондаренко айтқан қалыңдық туралы әзіл әнінен кейін жауынгерлер қалжың өлеңге (частушка) көшеді. Олардың мазағының нысаны – Гитлер, Муссолини және сол сияқты фашист жендеттері. Бұл частушкалар 1942 жылы шыққан майдангер солдаттардың жыр жинағынан алынған. Белорус партизандарының әні де соғыс жылдарындағы музыканы еске түсіреді. «Жиырма сегіз» операсының драматургиясы кенеттен пайда болатын салыстырмалы контрастарға құрылған. Соғыс қимылдары сахнасы бейбіт күндегі өмір туралы естеліктермен ауысып отырады (екінші бөлімдегі В.Клочков пен Нинаның лирикалық сахнасы), ұрыстың ортасындағы солдаттардың өзара шүйіркелесуі батырлардың қайғылы

казасымен басылып тасталады... Операның кульминациялы нүктесі оның архитектурикасына сәйкес орайластырылған. Мысалы, жиырма төрт дауыстан тұратын үлкен ансамбль (соғысқа аттану сахнасы) және оның қызған шағында сахнаға Жамбылдың шығуы осыған дәлел. Оның монологы – бата беру, батаның мәтіні ақынның өз өлеңінен алынған, Жамбылдың жыры табиғи түрде халықтың ашу-ызасына айналып кетеді (халық хоры). Танктің астына түскен Г.Петренконың өлімі тыңдарманды қатты толқытады, оның артынша Поляның жеке дауыста жылауы да сай-сүйекті сырқыратады. Операның кульминациялық бағыты өз шешімін «Ерлік» симфониялық эпизодында табады, мұнда Отаны үшін шәһид болған батырлардың рухы мәңгілікке жол тартады... Опера драматургиясының шешімін табуда хордың орны бөлек. Олар халықтың тірі дауысы ретінде бұқараның ызасы мен қайғысын сипаттайды. Осындай маңыздылық қоштасу сахнасындағы хорда (бірінші картина), ұрыстан кейінгі сүйемелсіз хорда білінеді. Ана бейнесінің соғысқа қарғыс айтқан хоры мен операның прологы мен эпилогындағы хор-реквиемді де осыған жатқызуға болады. М.Светловтың өлеңіне жазылған соңғы хордың музыкасы халықтық ән дәстүрінің жанрына жататын жоқтаумен айтылады, осы арқылы сазгер шығарманың кульминациясын әнұрандық шыңға көтереді. Эпикалық кеңдігі кешен осы ұран-әннің сарынымен қазақстандық панфиловшылардың өлмес ерлігі мәңгілік мадақталады. Ғ.Жұбанова операның композициясында заманауи өнердің құралдарын да біліктілікпен қолдана біледі. Мұнда кино (сахналық суреттердің жоспарлылығы, стоп-кадрды пайдалану) мен драманың (операға А.Толстой мен И.Эренбургтың прозалық мәтіндерін кіргізу) тәсілдері операмен тығыз байланысы бар синтезді түзеді. Ғ.Жұбанованың «Жиырма сегіз» опера-поэмасы тақырыбы жағынан – өзекті, ойы жағынан жаңашыл, ол ұлттық опера жанрын едәуір жаңғыртқан дүние болды. Бұл жоғары сезімдік эмоциялық күш пен көркемдік әсерге құрылған туынды, композиторлық жазу үлгісі де тың, біз үшін Отан соғысында жанын қиған ата-баба аруақтарына арналған маңызы мол музыкалық ескерткіш болып мирасқа қалды. Сазгердің опералық шығармашылығы – Ғ.Жұбанованың ерен талантының бір ғана қыры, өз заманында қазақ халқының дарынды қызы туған елінің кәсіби өнері үшін, оның жарқын болашағы үшін аянбай тер төкті, уақыт өткен сайын саз зергерінің артына қалдырған мұрасының ұрпақ үшін бағасы арта бермек.

Г.Жубанова "Двадцать восемь"
Заключительный хор

№ 70

Проплы - вут гвар-дей - ски - с ча - ме - на и ра -
ке - ты вспы - хнут на пу - ти, ка - ждо - го гвар-дей - ша по - и -
мен - но при - гла - сив в бес - смер - ти - с вой - ти.

Симфониялық музыка жанрында 70-жылдары республика музыкалық мәдениеті тарихында Г.Жұбанова («Жігер» симфониясы) мен Қ.Қожамяровтың (бірінші және екінші симфониялары) көп бөлімді симфониялары айтулы оқиға ретінде қалды.

Г.Жұбанованың «Жігер» симфониясы (1971) ұлттық «Мәңгілік Ел» идеясын игерудің жаңа қырларын ашты. Эпико-драмалық «Жігер»

симфониясында суреткердің өмір туралы, тарихи тұлғалардың халық санасындағы бейнесі хақындағы толғанысы баяндалады. Симфонияның бағдарламалық аталуына себеп болған XIX ғасырда өмір сүрген ұлы күйші-сазгер – Дәулеткерей Шығайұлының осы аттас күйі. Ғ.Жұбанова жаңа заман суреткері ретінде атақты күйшінің мұрасына тың бейнелер мен идеялар бере саралап қарайды, симфониялық дамыту құралдарын халықтық материалмен үйлесімді синтездей отырып нағыз симфонизм үлгісін жасауға қолын жеткізеді. Дәулеткерей күйлері – «Жігер» (I бөлім), «Жұмабике» (II бөлім), «Бұлбұл» (III бөлім), «Салық өлген» (IV бөлім), «Топан» (IV бөлім), «Құдаша» (V бөлім) басты тақырыптық материалдар ретінде пайдаланылды және интонациялық әрі форматүзуші (формаобразующая) шешімдердің қазына көзі болды. Ерекше мінезді әрі маңызды деген симфония интонациялары бірінші, төртінші және бесінші бөлімдерде орын алған, ал, күй мінезі бөлімдерді құрастыруға және олардың циклдағы қызметінің айқындалуына ықпал жасады. Драматизмі мен ішкі тартысы ерен «Жігер» күйінің негізінде бірінші бөлім жазылды, бұл автордың әуелден ұстанған тұжырымы еді. «Салық өлген» трагедиялық бөлімнің салқын да сабырлы мағынасына айналды, бұл жерде өлім мен өмір туралы толғаныс идеясы ашылады. «Құдаша» күйінің көңілді музыкасы той салтанатымен байланыса шығарманың финалдық бөліміне бағдар болды.

Г.Жубанова "Жигер" 1 ч.

№ 88 *Andante sostenuto*

Дәулеткерей күйінің тақырыбы жедел екпінді бесінші бөлімде толық орындалады, бұл оның тақырыптық қажетті құрамдас бөлігі (компоненті) екендігінен хабар беру шарасында іске асқан оң әрекет болды. Өміршең күйдің мінезіне оркестрдегі көрнекі ойын да сай келеді.

Ғ.Жұбанова шығарманың барлық бөлімдерінде домбыра күйінің табиғатын зейінмен аша алды. Мысалы, төртінші бөлімнің әңгімеге бейім фонында ұлттық инструментализмнің әдіс-тәсілдері анық аңғарылады. Оған бірінші бөлімнің өзгеріске түскен лейт-тақырыбы қарсы шығады. Тақырыптың идеялық-мазмұндық тасымалдануын (трансформация) автор көркемдік деңгейге жеткізе білді. Негізгі тақырып гармониялық, полифониялық өңдеу тәсілдерінің тезіне түсе дамыған (тақырып қаратпа раймен жүреді, ырғағы ұлғайтылады). Кемеліне келіп, драмалық тартысы шегіне жеткенде орган партиясындағы тақырып салқын әрі суық райлы чаконаға негіз болады.

Ғ.Жубанова Симфония "Жигер", 4 ч.

№ 89

Allegro mesto

Қысқасы, симфония драматургиясының ұтымдылығы композитордың циклды көлемді күй полотносына айналдыруы болды. Күйдің дамытылуы бірінші бөлімнің өтпелі тақырыбында бастау алды, ал контраст ретінде пайдаланылған әрбір жаңа материал күй тақырыптылығының рондо-бейнелі эпизодын жасайды. Тақырыптарды ұйымдастыра біріктіру әдісі, ұлттық-вариантты симфонизм жасау, сазды үзбей жанарту арқылы композитор жанр шешімін толық тапты.

Қазақстанның камералық музыка жанрында Ғ.Жұбанованың 1965 жылы жазылған Ішекті кuartеті Қазақстандағы Кuartет жанрының қалыптасуындағы тағы бір кезең болып табылады. Бұл шығарма мәнгерлеу құралдарының үлкен қарапайымдылығымен, саздық интонациондық тіл, фактура және композиция аумағындағы ізденістермен ерекшеленеді. Ғ.Жұбанованың кuartетінде халық тақырыптары қолданылмайды, бірақ композитор авторлық қазақ ұлттық тақырыптылыққа, дәстүрлі әндік-аспаптық өнерге ұқсас бейнеліктің ұлттық типін, дүниетанымын табуға тырысады. Бір жағынан – бұл қазақтың халық әндерінің әуенділігін көрсету талпынысы, екінші жағынан – күй дыбыстылығы мен композициясының заңдылықтарын көрсетуге ұмтылыс. Соңғысы өте айқын берілген, ол цикл құрылымына, фактурасына, дамуына (рондолық және вариациондық), ырғағына және әсіресе, финалдағы композициондық шешіміне әсер етеді.

I бөлім Allegro molto – I бөлімнің басты партиясы эпикалық кең, кантиленді, диатоникалық (ре минор шынайы), виолончель орындауында өткізіледі. Түр бойынша бірінші сөйлемі тр өрнегінде өте аумақты орындалатын кеңейтілген кезең. Дамудың варианттылығы кульминацияға келуін дайындайды (сазды – ауыспалық *Фа мажор*). Екінші сөйлем екінші скрипкада өтеді. Әуен өте нәзік, жұмсақ және кантиленді, жоғарғы регистрде орындалады. Тақырыптың дамып, өте жарқын шарықтау шегіне жетеді. Баяу қалпына келіп, дауыстардың хроматизациялануы және тональдік модуляция қосалқы партияға әкеледі. Қосалқы партия – лирикалығымен, тақырыптың нәзіктігімен ерекшеленеді, диатоникалық кезең түрінде жазылған. Қорытынды партия бас партиясының тақырыбына негізделген. Талдау бөлімі жалпы алғанда, басты партияның материалында құрылған, өте байсалды және ол дамудың үш сатысынан тұрады. Тональдік жоспарында тонико-доминанталық қарым-қатынастағы тональдіктердің алмасуы, олардың тұрақтылығы бүкіл бөлімнің қырына сәйкес. Бүкіл разработка бөлімі жарық бояуларымен, әуезділігімен, қысқа да нұскалығымен ерекшеленеді.

Басты партия тембрлік ренденіп, бұрынғыша түсініксіз, құпия сырлы алыт партиясында өткізіледі. Талдау бөлімінің үшінші сатысы (*Симажор*) субдоминанталық аумақта (*ми-минор*) басты партия материалы мен қосалқы партияның үзінділеріне сүйене шығарылған. Бөлімінің қорытынды партиясы хроматика жағынан байытылған. Реприза, яғни қайталау бөлімі тембрлік жағынан вариантты, алайда оның құрылымы біршама қысқартылған. Хроматикалық өтпелі бөлім одан да нәзік және жұмсақ болатын қосалқы партияның дыбыстылығына бағынады. Бас партияның тональдігі (*ре-минор*), доминантадан кейін (*ля-минор*) пайда болып, гармониясы гүлденіп, қайтадан өз тональдігіне (*ре-минор*) оралады. Дыбыстылық өте байсалды. Қозғалыс бурдонды бас (*«ре-ля»*) партиясында өтеді. Осыған байланысты ол одан да сабырлы, байсалды. Қосалқы партия дәстүр бойынша шығарманың негізгі тональдігінде аяқталады. Кода тақырыптың біртіндеп елжіреуінен, қарапайым айналымдардың қайталануынан (*Ре-мажор*) және олардың азғантай қайталануларынан (I скрипка алыт партиясының имитациясымен) құрылған. Ал оның екінші бөлігінде ырғақтық тежеліп, бүкіл ішекті ансамбльдің дыбыстылығы бірте-бірте сөнеді. Жоғарғы дауыс (I скрипка) басты партия тақырыбын ұлғайтып жүргізеді, ал виолончель орындайтын төменгі дауыс жоғарғы дауысқа контрапункт құрайды. Сонымен, тақырыптың бөлек дыбыстарында (pp өрнегінде) циклдың I бөлімі аяқталады. Г.Жұбанованың квартетінің I бөлімі бойынша қорытындыларға мыналарды жатқызуға болады:

1. тақырыптар бейнелерінің қарама-қарсы мінезі – басты және қосалқы партиялар, біріншісі – дәстүрлі экспозициялау, ұмтылысты, белсенді, қозғалысты, яғни, көрсету бөлімінің қызметін атқарса, екіншісі (қосалқы партия тақырыбы) – лирика мен әсем әуенділікке толы;

2. басты және қосалқы партиялардың вариантты дамуы, әсіресе, I бөлімге (басты партия) тән квартеттің әртүрлі аспаптары бойынша тембрлердің дамуы;

3. сонаталық *Allegronьң* тональдік жоспары белсенділікпен ерекшеленбейді және тональдіктері бір-бірімен байланысты (*ре-минор* – *Симажор*; *ля-минор*; *ми-минор*). Түр бөлімдері тақырыптың саздық, тембрлік бояуына негізделеді.

Тесситура орындалудағы аспаптардың ауысуымен байланысты;

4. ұлттық бастау диатоникамен, одан шығатын өте қарапайым гармониямен (саздық ауыспалылық *ре-минор* – *Фа-мажор*), домбыра дауысына еліктететін параллельді кварталар, күйге тән ырғақпен,

сонаталы, бірқалыпты қозғалыспен, халық әндік мұраның әуендігімен байланысты;

5. гомофонды-полифонды фактура: дауыстардың өте мөлдір байланысы, жоғарғы дауыс әуендік қызметті атқарса, төменгі – контрапунктті және гармониялық қызметті, ал ортаңғы дауыстар кеңістікті толтырып, гармониялық фигурацияларды құрайды;

6. Полифония. Камералық-аспаптық музыканың айнымас қасиеті ретінде шығарманың I бөлімінде жоғарғы және төменгі дауыстардың байланысы деңгейінде көрсетіліп, полифонияның контрапункттық түрімен байланысты. Имитационды полифония сирек қолданылады, бірақ, жалпы мазмұндаудың барлығы гомофонды құрылымға негізделеді. Бұл – жанрды игерудің алғашқы кезеңі болғанымен және көпдауыстылықтың халықтық көрінісін шығаруға ұмтылыспен түсіндіріледі.

II бөлім дәстүрлі Andante. Бөлімнің бейнелік мазмұны көлемі бойынша камералық, терең сезімді лирикада ашылады. Цикл жағынан II бөлім I және финал арасындағы өтпелі бөлім немесе өзіндік интермеццо сияқты. *Andante* ерекше жұмсақ, жарық лирикалық мінезді, кейіпкердің ішкі эмоционалды сезімін немесе табиғат суреттерін сипаттайтын бөлім. Қарапайым үшбөлімді форма композицияның бірінші бөлімін құрайды. Көлемінің кішілігімен, байсалдылық және сабырлықпен ерекшеленеді. Композицияның екінші бөлімі варьирлеуді құрайды, мұндағы дыбыстылық ырғақтың байлығымен, тембрлердің әсемдігімен толықтырылады. Бұның бәрі бейнелеуге, өрнекті, фигурациялы мазмұндалатын әуенділікке басым идеяны декоративті көрсетуге бағытталған. Бірінші скрипка солист ретінде, жоғарғы регистрдің, күрделі ырғақтың және ансамбльдегі басты алатын орнының арқасында ерекшеленеді. Әуеннің карама-қарсы барлық үш дауыстардың фактурасының тығыздылығы және байытылған дыбыстылығы секстольдердің репетициясымен, кері пунктирлі ырғақ арқасында жүзеге асады. Нәтижесінде скрипка ансамбльдің қалған үш орындаушысына карама-қарсы келіп, дыбысталатын «егістік», пласттар полифониясы пайда болады. Түрдің орталығы – вариациялардың жалғасы, және түрдің байсалды, динамикалық сипаты композицияны еуропалық типтерден алшақтатады. Осы кішігірім бөлімнің барлық архитектурасы бір жалпы карама-қарсылықсыз вариационды, өте айқын және әсем болып талдануы мүмкін. Композицияның берілген бөлімдегі жаңашылдығы вариациондықтың түрдің екінші назарына қалып берілуі. Осылай,

үшбөлімді түрдің ұлттық трансформациясы өтеді, мұнда қарама-қарсылық жоқ, даму вариационды берілген. Нәтижесінде, қазақ әндігі мен күй тақырыбынан туатын түрдің ұлттық типі пайда болады.

III бөлім – автордың ойластырған негізгі идеяның қорытындысы, циклдың драмалық орталығы. Бейнелік жағынан оны батырлардың айдаладағы соғысы, әскердің шабуы немесе жүйрік аттың шабысы деп түсінуге болады. Қозғалыстың тездетілуі эмоционалды орталықты құрап, кейіпкердің рухани шиеленісті жағдайын суреттейді. Күй ырғағы бүкіл бөлімде орнығып, бөлімнің лейтырғағын құрайды. Ол бейнеліктің, фактураның, түрдің ұлттық типін қалыптастырады. Финал көлемімен, бейнелер айқындығымен, күй тақырыптығының лирикасымен энұрандық, қозғалыстың моторикасын сақтайтын полижанрлы құрылыммен ерекшеленеді. Мұның барлығы – шығыс және еуропалық бастаулардың ұйымдасқан бірігуі. Финал әлдеқайда кейінірек шығарылған, сондықтан ол бейнелердің динамикалық байытылуымен, дамудың шиеленісі мен түрдің қарама-қарсылықтарымен айрықша. Финалдың гармониялық тілі линеарлы ұстанымда құрылған, бірақ та қарама-қарсылықтар шығару үшін композитор кластерлерді, тональдіктердің кенет ауысымдарын, күй дыбыстылығы эффекттерін және т.б. қолданады. Бүкіл бөлімнің ритмикасы (ырғағы) моторлы күй қозғалысы ұстанымына тәуелді, фактураның әр қабаттарындаға біркелкі ол халық-кәсіби музыканың триолді қозғалысымен байланысты. Финалдың ұмтылысты қозғалысы Құрманғазы, Дәулеткерей және т.б. күйлерінің моторикасымен ұқсас. Бөлім остинатты ырғақта (сегіздіктердің триольдері) болғандықтан, ағымдық, үзіліссіз, дамудың толқынды түрі қалыптасады. Тығыз фактуры, кеңістіктің толықтырылуы, динамикасы, сүйемелдейтін аспаптардың партияларындағы қос дыбыстар батырлық, энергия, салтанатты, ұмтылған моторлы қозғалыс әсерін туғызады. Жалпы, III бөлімнің формасы (түрі) вариационды және рондо тәріздес күйлерге жақын. Композиция өзінің тығыз, массивтілігімен өрнегінде аяқталады. Кульминацияда метр өзгереді (екі де төрт өлшемі үш те төрт өлшеміне). Бұл өзіндік тежегіш ретінде қозғалысты қысқартып коданың жақындағанын еске салады. Фактура және тақырыптар түрмен тығыз байланыста бола тұра, автордың ынтасына қарай кез келген жан дүниелік сезімдерді бейнелейді. Квартетте форманың экспозиционды, дамытушы кезеңдерін, фактураның алеаторлы және монодиялық типтерін кездестіруге болады. Фактура бірде гомофонды, бірде полифонды болып келеді. Мазмұндаудың фактуралық ауысулары үзіліссіз қозғалыс, негізгі

ойдың өзгертілген, басқа сапаға ауысуы шынайы ақиқатты, рухани мүлтіксіздікті іздеу сезімдерін тудырады. Сонымен, композитор ішекті кuartет жанрының дамуында жаңашылдықтар енгізді.

Дәстүрлі мұраға келгенде, сазгердің уақыт жамалынан қалмай тер төгуге шақырған шығармашылық позициясы көпке үлгі боларлықтай асыл мұрат болды, осы бағытын берік ұстанып өткен қазақтың аяулы қызы Ғ.Жұбанованың музыкалық өнердегі шығармашылық көкжиегі де бұл күнде уақыт сұранысына жауап беріп, туған елінің байлығына зор үлес қосты.

ҰЛЫ ТҰЛҒА – Н.ТІЛЕНДИЕВТІҢ МӘҢГІЛІК МҰРАСЫ

Қазақтың жиырма ғасырлық рухани дүниесінде – ауызекі әдебиетінде, поэзиясында, музыкасында, қолөнерінде – халқымыздың даналығы мен дарындылығы, өміршілдігі мен кең пейілдігі, тектілігі мен парасаттылығы, діні мен ділі кеңінен бейнеленген. Бұл ұлт құндылықтары Ұлы даланың ұлы перзенттері Әбу-Насыр әл Фараби, Мұхамед Хайдар Дулати, Қадырғали, Жалайыр, әл Қыпшақи, Шоқан Уәлиханов, Әлікей Марғұлан, Мұхтар Әуезов, Ахмет Жұбановтардың мұраларында жан-жақты қарастырылып, ғылыми тұрғыдан сараланды. Ал жоғарыда аталған рухани қазынамыздың ішінде музыка өнерінің мағынасы мен мазмұны ерекше. Сонау байырғы дәуірдегі сарын, мақам, әуеннен нәр алған өнердің бұл саласы өз тарихында әртүрлі кезеңдерден өтіп, ауызекі түрінде қалыптасып, өзінің қол жетпес көркеюін, «алтын ғасыр» аталған ХІХ ғасырда тапты.

Орыстың ұлы ғалымы – түркітанушы Лев Николаевич Гумилевтің анықтауы бойынша бұл дәуірде қазақ халқы нағыз «көшпенділердің өркениеттігін» орнатты. Өнердің әр саласында (ән, күй, орындаушылықта) керемет классикалық мағынасына ие болған асыл тарландар, дара кемеңгерлер дүниеге келді. Олар – ұлы Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Естай, Ақан сері, Біржан сал, Мәди, Балуан Шолақ, Жаяу Мұса, Алтынай, Майра, Дина және т.б.

Ал, ХХ ғасырда бабалардың жолын жалғастырып, олардың дәстүрін жаңашыл көркемдікпен дамытып, өнер шыңына шыққан аса дарынды композитор Нұрғиса Тілендиев (1925-1998) болды.

Композитор, дирижер, КСРО және ҚазССР Халық әртісі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан өнеріне еңбегі сіңген қайраткер, «Халық қаһарманы» атағының

иегері – Нұрғиса Тілендиев (1925-1998) туған халқының нағыз мақтанышы, ол – тәуелсіз елінің рухани символы ретінде құрметтеледі. Ол ұлт руханиятында ерен қабілетті тұлға. Оның феномені өзінің қайталанбас талантында шоғырланған – композиторлық, дирижерлық, орындаушылық, ұйымдастырушылық және тағы да басқа қабілеттерінде. Олар табиғи түрде біртұтас творчествосында қалыптасып, бір-бірін толықтырып, мәнді де сәнді дарындылықтың сарқылмас бұлағы болды. Н.Тілендиев өзінің тұлабойында, музыкасында есімдері аңызға айналған сал-серілердің өнерлерін одан әрі жаңа музыка тәсілдерімен, уақыт сұраныстарына үндес, жаңа тұрғыдан жандандырды. Нұр-аға бүкіл өзінің саналы да сапалы ғұмырын, қайталанбас дарынын, күш-жігерін, өзінің жан-тәнімен сүйетін халқына арнап, творчествосында халықтың жиырма ғасырлық тағдырын, жер-анасы қорғаған батырларын, ата-бабадан аманат етілген ұлт рухын, биік менталитетін, арман-ойын керемет шеберлік-шабытпен мәңгілік мұра ретінде бізге қалдырды. Композитор музыкасының ерекше әсерлігінің сыры неде? – деген ойға тоқталсақ – ол ана сүтімен, ата тегімен қанаттанып, ауыз-екі түрде қалыптасып, дамыған фольклорлық дәстүрден нәр алып, қазақ музыка өнерін кәсіби (жазба түріндегі) жол-әдістерімен одан әрі дамытып, Алатаудың биік шыңына көтерді. Ұлы композитордың түрлі жанрада жазылған туындысы, ақ қағазға түскен, отты және сезімтал жүрегінен шыққан әрбір музыкалық интонациясы керемет ұлттық бояуымен, жаңашыл шешімімен туған халқын рухтандырып, оның көңіл-күйін шаттық пен қуанышқа бөледі, болашаққа деген үмітін арттырды. Нұр-аға өзінің өмірлік мақсатына жету үшін қажымай-шаршамай көптеген өткелдерден өте отырып, қайталанбас таланты мен жемісті еңбегінің арқасында керемет туындылар шығарды.

Қысқаша кіріспемізде ұлт мақтанышына айналған ғажайып өнер иесінің өмірі мен творчествалық жолына қысқаша тоқтала өтейік. Нұр-аға тамылжыған көктемнің шуақты күні – 1925 жылдың 1 сәуірінде дүниеге келген. Туған жері-жер жаннаты Жетісу өңіріндегі Алматы облысы Ұзынағаш ауылы.

Әкесі – шебер домбырашы, күйші, анасы да әуезді даусымен ән салатын жан болғандар екен. Болашақ композитор 12 жасында (1937) ұлт аспаптар оркестріне алынады. Өнер иесінің музыкант маман болып қалыптасуына академик Ахмет Қуанұлы Жұбанов көп қамқорлық жасап, әрдайым қолдау көрсетеді. Домбырада ойнау әдістерін толығымен игерген жас талап, осы салада биік шеберлік шыңына жете алды.

14 жасында (бұл музыка өнерінің тарихында кездеспейтін жағдай) дирижерлық пультқа шықты, 18 жасында өз еркімен майданға сұранып, 1945 жылы Ұлы жеңісті Германияның астанасында қарсы алды. Еліне оралған ол, 1947 жылы Алматы консерваториясына оқуға түсіп, Ш-курстан Мәскеу консерваториясына ауысып, профессор Аносовтан дәріс алып, дирижерлік мамандықты толығымен игереді. Нұр-аға өзінің композиторлық, дирижерлік, орындаушылық шеберлігін арттыру үшін әрдайым дүниежүзілік классикалық шығармалармен танысып, оларды тереңнен қабылдап, кәсіби мамандықтың шыңына жетуді мақсат етті. Ол өзінің бір сұхбатында: «Нағыз музыканы жазып шығару үшін классик композиторлар Бетховенның, Чайковскийдің шығармаларын толық білу керек. Олар мен үшін биік гуманистік, батырлық оптимистік рухтың үлгісі», – деп айтқан еді.

Нұрлы ағаның жалпы шығармашылығы туралы ой тоқтатсақ, бір таңғажайып, таңқаларлық пікірге келеміз – ол музыка өнерінің әр жанрында өте жемісті түрде туындылар жазып, оларды ерекше ұлттық колоритке бояп, сүйкімді, сезімтал, нәзік интонациялармен өрнектеді. Н.Тілендиевтің өнерінің өміршеңдігі, оның ерекше көркемділігі неде жатыр десек, ол 20 ғасырлық дәстүрлі мәдениетімізбен, ауызекі түрде дамыған Біржан, Ақан, Иманжүсіп, Мәди, Балуан-Шолақ, Үкілі Ыбырай және т.б. сал-серілердің дәстүрлерін жалғастыра келіп, жаңа заман өнерімен байланыстырып, өзі де сал-серіліктің қайталанбас тұлғасы болады. Ол өз дәуірінің рухани-тәлімдік сұранысына лайықты асқан дарындылықпен, шын жүректен шыққан шабыт – шеберліктікпен жазған музыкасымен жауап берді. Бүкіл қазақ даласында оның биік парасатты, жарқын үнді және жүректі тереңнен тербететін ұлы Музасы шырқалды, яғни өткен жылдардың әр күнін Нұрағаның нағыз дәуірі деп айтуға болады (орысша айтқанда – эпоха Тлендиева!).

Нұрғиса Тілендиев бүкіл қазақ халқының кемеңгер ұлы болумен қатар, Жетісу музыка мәдениетінің көрнекті өкілі. Оның болмысы мен шығармашылығы осы өңірдің руханияттық дәстүрінен туындаған, сусындаған және нәрленген. Өзінің алдындағы ізашалар – классикалық мұра қалдырған бабасы Жамбыл, нағашысы Кененмен бірге, Кеңес үкіметінің қанды жылдары кезінде атылған, жер аударылған, қуғынға ұшыраған халық таланттары Дәурен сал, Пішән, Бейсебай және тағы басқалардың әндерін жетік білді, ал аспапты музыканың майталмандары Байсерке, Қатшыбай, Тілендінің бай дәстүрлерін өз шығармашылығында одан әрі көркейтті.

Композитор 400 астам әндердің авторы, ол 50-ден астам драмалық спектакльдерге, 19 көркем фильмге, 17-мультфильмге, 14-деректі-хроникалық фильмдерге музыка және «Алтын таулар» (Қ.Қожамировпен бірге) атты опера, «Достық жолында» атты балет (Л.Степанов пен Е.Манаевпен бірге) жазды. Ал ұлттық оркестрге арнаған туындылары – бір төбе.

Н.Тілендиев қаламынан шыққан қандай шығарма болса да, ол халық арасына тез сіңіп, ұлттық әуенге айналып кететін.

Ән жанрында ол тұрмыс-салт бағытындағы лириканы жырласа, оркестрлік шығармаларда *шертне күй* стилін жаңғыртты. Н.Тілендиев күйлерді тек шығарушы емес, орындаушы ретінде де танымал болды. Кейбір шығармалары жеке домбыра мен оркестрге арналған, яғни, оркестрдегі мәтінді өзгертпей жеке орындауда түпнұсқалық ойын жандандырып отырды.

Сазгер үшін ән өнері әуені мәтінімен сабақтасуы басты мақсат болды. Оның әндері интонациялық-пластикалық суретте құрыла отыра, тез жатталады. Отан тақырыбындағы («Алатау», «Жеңіс салтанаты»), философиялық лирикадағы («Жасымда ғылым бар деп ескермедім»), махаббат тақырыбындағы («Жан сәуле», «Күә бол», «Аққұсым») әндері қайталанбайтын әсем туындыларға айналды, кантиленалық әуезі жан тебіреңтпей қоймайды.

Шоқан Уәлихановтың досы белгілі орыс оқымыстысы, қазақ фольклорын зерттеуге зор үлес қосқан Г.Потанин «Маған бүкіл қазақ даласы ән шырқап тұрғандай», – деген екен. Сол сияқты Нұр-ағаның бүкіл туындыларынан ән өріліп тұрғандай. Автор әр шығармасын аса көркемдікпен, дыбыс иірімдерін ақ маржандай теріп, әсерлі әрі әдемі ете алды. Композитордың жүрекке жылы тиетін аса қомақты және көрнекті ән-романстарын төмендегідей тақырыптарға жіктеуге болады. Олар – Отан сүю, туған ел, өскен жер, шаттық өмір туралы әндер, екінші топтамаға еңбек адамдарына арналған әндерін жатқызамыз. Ал келесі топтамаларға жанұясы (аяулы ана, ардақты әке, балауса балдыз, ұшар қанаты інісі), көптеген лирикалық әндер (олардың ішінде құстар туралы әндер ерекше сала) мен соғыс және бейбітшілік тақырыбын бейнелейтін әндері жатады.

Композитордың әндерінен сарқылмас мелостық байлығы, еркін төгілген сүйкімді әуені, жүрекке жағымды нәзік сезім, асқақтаған, көтеріңкі, ұлтжанды үні айқын белгіленеді. Мінезі сәби секілді ашық, таза, адамға сенгіш, «қазағым», – деп жан-тәнін аямайтын қаламгер,

өмірінің соңғы жылдары «Қазақ әдебиетіне» берген сұхбатында (06.06.2003, № 23): «Қасиетіңнен айналайын, ақкөңіл де адал халқым! Қазақ деген періште көңіл халықтың перзенті болғаным үшін де мен бақыттымын! ...еркелеттің, жоғымды жасырып, барымды асырдың. Алақандарыңызға салып, Құдайдан сұрап алған жалғыздарыңнан бетер әлдиледіңіздер», – деген екен. Мұндай сөздер тек аңқылдаған ақ жүрек пен ақ пейілді адамнан шығуы мүмкін. Композитор туған халқына деген перзенттік парызын өзінің азаматтық, пафостық үнге толы, ерлік пен елдікке тәрбиелейтін кезінде жастардың әнұранына айналған «Өз елім», «Менің Қазақстаным», «Байтақ дала, бақытты ел», «Ақ дастархан» және т.б. әндерді шығарды. Ал, осы отансүйгіштік әндердің ішінде «Сарыжайлауды» ерекше атап өту керек. Классикақын Мұқағали Мақатаевтың (1931-1976) қуанышқа, мақтанышқа толы бұл әні музыкамен біртұтас болып, сұлу саз айналымдарымен, екпінді ырғағымен ұлт мәдениетіміздің алтын қорына айналды. Жайдары, мейірімді, жарқын, күн шуағындай күлімдеген әннің әуені, қандай мәтінмен басталады десеңізші! –

*Жазира, жасыл кілем, өрнектеген,
Туған жерге, дариға, жер жетпеген!
Кең өлкем, әлдилей бер, «сен» деп келем,
Аңсай келем, сағынып, шөлдеп келем.*

Нұрағаның бай ән мұрасында тағы бір аса көрнекті туындысы, терең тәрбиелік мәні бар «Әке туралы жыр» (сөзі Мұхтар Шахановтікі). Қазақтың әр той-думан дастарханы бұл әнсіз өтпейтіні бәрімізге мәлім. Композитордың сырлы да нәрлі саздары, әсіресе лирикалық әндерде сүйкімді, тартымды, жанашыл интонациялармен безендіріледі. Бұл қатарға, әрине, көркемдік құндылықтары биік әйгілі «Жүрегім менін», «Жезкиік», «Күә бол», «Кұстар әні», «Жан сәулем» және т.б. туындыларын келтіруге болады.

Нұр ағаның керемет вокалдық туындыларымен қазақтың талай ұрпақтары тәлім-тәрбие алып, туған елін, Жер-ананы, Отанын мақтаныш етіп, ұлт намысын қорғап, оптимистік рухта тәрбие алатындығымен құнды.

Н.Тілендиев өзі құрған «Отырар сазы» оркестрі үшін 30-дан астам шығарма жазды. Олардың ішінде тыңдарманның сүйікті шығармаларына айналған «Ата толғау», «Көш керуен», «Аққу», «Махамбет», «Аңсау»,

«Ордабасы», «Ұлы той», «Атадан мұра», «Халық қуанышы», «Әлқисса», «Сырласу» сияқты көркем шедеврлер бар.

Бұл шығармалардың бейнелі мазмұны дәстүрге құрылған. Мұнда киелі құс бейнесі («Аққу»), дала қосынының әсем суреті («Көш керуен»), табиғат құбылысы («Ақ бөкен»), ата-баба аруағы («Ата толғауы», «Атадан мұра», «Қоянкөз ана») тарихи тұлғалар бейнесі («Махамбет», «Қабан жырау») шабытпен жырланады. Аталмыш шығармалардың бәрі халық аспаптары оркестріне арналған күй үлгісіндегі, бүгінгі сұраныс талабына сай жазылған.

Махамбет Өтемісұлының 200 жылдық мерейтойы қарсаңында Н.Тілендиев дарынды ақын – сардардың бейнесін сомдауға арналған туындыларды дүниеге әкелді. «Отырар сазы» оркестрінің орындауындағы поэма-күй халықтың жүрегінен орын алып, сүйіп тыңдайтын туындыға айналды. Бұл шығарма мөлтек симфония сияқты қабылданады, мұнда ақынның қыран құстай қайсар үні, жалынды жырлары, батырға тән жаужүрек жігері мен қуаты естіліп тұрғандай. Оркестрлік күйде музыкалық бейнелердің біртұтас тоғысуы шиеленісе өрнектеледі. Шығармада кинокадрдегі қым-қиғаш оқиғалар сияқты, соғыс эпизоды асқан шеберлікпен бейнеленген халық көтерілісінің «аттандаған» ұраны, шамырқана шапқан арғымақтың тұяқ дүбірі, кескілескен семсер мен найзаның үні естіледі, ырғақ пен интонацияның өткірлігі драматизмге ұласады, тегеурінді трагизм ақыр соңында шырқау шегіне жетеді. Осынау ұланғайыр суреттеме халық аспаптарының тембрі мен дыбыстық палитрасы арқылы жүзеге асқан. Н.Тілендиев поэмасында жауынгер ақын – Махамбеттің «Соғыс» деген өлеңінің желісі сезіледі. Біз жоғарыда композитордың туындылары ұлттық колоритке құрылатындығын айтып өттік. Сонымен қатар, әуезді музыка әуені белгілі бір мәтін желісінің поэтикалық қуатымен астаса өрілетінін де тілге тиек еткен едік. Соның бір дәлелі ретінде күрескер ақын Махамбеттің «Соғыс» өлеңінен үзінді келтіріп өтуді жөн санадық.

*Беке құмның басында,
Ағаш үйдің қасында
Түніменен түйіндік,
Таң атқаниша тарандық.
Таң ағарып атқан соң,
Төңірек жаққа қарандық.
Қарап тұрсақ әр жерден*

*Жау бір өрттей қайнайды.
Қайнағанмен қоймайды,
Мылтығын қардай боратып,
Жетіп келді қамалға,
Қамалды бұзіп аларға.*

*Толғай-толғай оқ атқан,
Он екі тұтас жай тартқан,
Қабырғасын қақыратқан,
Тебінгісін тесе атқан,
Тізгінінен кесе атқан⁹².*

Өздеріңіз тыңдағандай бұл өлеңде төгілген, төкпелеген ой динамикасы бар, ал ой динамикасы өлең болып өрілгенде осындай поэтикалық қуаты буырқанып тұрған отты жырға айналады. Н.Тілендиев те Махамбет жырының отты қуатын өз музыкасына динамикалық қуатпен бере білген.

Кезінде академик Егемен Қазақстан газетінде (20-қараша, 1998) Зейнолла Қабдолов төмендегідей пікір айтқан екен: «Нұрғиса Тілендиев – ардақты есім! Тілендиев туралы мың сөзден «Нұрғиса» деген бір сөздің мағынасы әлдеқайда терең, мазмұны әлдеқайда бай. Демек, Тілендиевті мақтаудың қажеті жоқ. Тілендиевпен мақтану керек!».

Қадірменді халайық, Нұрлы ағаның арамыздан кеткеніне міне, 17 жыл болыпты. Орыс халқында бір аталы ұғым бар: «Большое видится на расстоянии», – деген. Яғни, уақыт өткен сайын Нұрғиса Тілендиевтің жұлдызы одан да әрі жарқырай түспек. Себебі, композитор асқан жомарттылықпен өзінің қайталанбас дарынын туған халқына арнады, ел сүйіспеншілігіне бөленді, өмірінде ардақты да қадірлі ұлы болды. Композитордың асыл мұрасы – «Мәңгілік елінің» Мәңгілік рухы.

⁹² Махамбет Өтемісұлы. Шығармаларының төрт томдық Академиялық жинағы. Бірінші том. Өлеңдері мен күйлері. – Алматы: Ғылым, 2003. – 448 б.

ЧАСТЬ III.

КОМПОЗИТОРСКОЕ ТВОРЧЕСТВО В АСПЕКТЕ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕИ

ҚАЗАҚ МУЗЫКАСЫНДАҒЫ ЖАУЫНГЕРЛІК ӘНДЕР

Жарты ғасырдан астам көпшіліктің жүрегінде, наным-сенімдерінде өшпес із қалдырған, 75 жылға жуық сақталып, бүгінгі күнге жеткен музыкалық мәдениетіміздің ең қайғылы таңбасы, Ұлы Отан соғысы кезінде дүниеге келген туындылар бүгінге дейін сақталып, мәңгілікке жолдама, келешек ұрпақтарға аманат ретінде жетті. Ұлы Отан соғысына арналған шығармалардың қазақ музыкасында биік деңгейге көтеріліп, дәстүр ретінде қалыптасқаны орынды, әрі дүниеге көптеген дәулескер композиторлардың осы тарихи оқиғаға арнап жазған әндері мен күйлері өнерімізде қомақты орынға ие. Фольклортанушылар, музыкатанушы-ғалымдар халқымыздың тарихи және руханияттықтың айнасы болған бұл оқиғаны суреттейтін нұсқаларды әлі де іздестіріп, оларды нотаға түсіріп, баспа жүзінде мәдени мұра саласына үлкен үлесін қосуда. Әсіресе Тәуелсіздік жылдарындағы мемлекет тарапынан жүзеге асырылған іс-шаралар, қомақты бағдарламалар бойынша жарық көрген басылымдар осыған дәлел.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың халыққа арнаған жолдауында аталған «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы бойынша сегізтомдық «Қазақ музыкасының Антологиясы» 2004-2009 жылдар аралығында жұртшылыққа ұсынылды. Бұл ірі әрі күрделі шығарылымның VII-томы көне музыкалық фольклордың (I том), орта ғасырдағы дәстүрлі мәдениеттің (II том), одан кейінгі дәуірдегі алғашқы авторлық музыканың (XVIII ғасырдың 2-жартысы – XIX ғасырдың 1-жартысы) (III том), қазақ өнерінің «алтын кезеңі» болып саналатын XIX ғасырда дамып, кемелденген ауызша кәсіби халық сазгерлерінің (IV, V томдар) табиғи жалғастығы болып табылады. Қомақты бағдарламаның бұл кітабы ұлтымыздың музыка мәдениетіндегі әйгілі авторлардың өлеңдері мен күйлерін қамтиды. Алдыңғы томдардың жалғасы ретінде бұл басылымға көптеген айрықша үлгілер енгізілді. Атап айтқанда, олар – жауынгерлік әндер, хат-өлеңдер, жоқтау әндер,

әр өңірдің күйшілік өнері, қобыз музыкасы мен шертерге арналған туындылар.

Сонымен қатар, әуендік, ырғақтық жағынан бай, әуезді музыкалық үлгілер, олардың арасында, Ахмет Жұбанов, Латыф Хамиди, Мұқан Төлебаев, Қапан Мусин, Сыдық Мұхмеджанов, Құддыс Қожамиров, Борис Ерзакович, Әли Базанов, Нұрғиса Тілендиев, Манарбек Ержанов, Жаппас Қаламбаев, Хабидолла Тастанов, Зәмзәгүл Есжанова т.б. атақты композиторлардың шығармалары топтастырылды.

Жинақтың екінші бөліміне домбыра, қобыз, шертер күйлерінен хабардар беретін, осы заманға сай, уақытты белгілейтін – XX ғасырдың 40-70 жж. қазақ музыкасының шығармалары арасында қобызға арналған В.Великанов, Е.Брусиловский, Н. Мендіғалиев, Ғ.Жұбанова секілді атақты композиторлардың шығармалары аса көзге түседі [1].

Басылымның ғылыми жетекшісі – ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі, өнертану ғылымдарының докторы, профессор С.Ә.Күзембай, кітапты баспаға дайындап ұсынған М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының музыкатану бөлімінің қызметкерлері. Олардың арасында өнертану ғылымдарының кандидаты, доцент Г.Ж.Мұсағұлова және өнертану ғылымдарының кандидаты Б.Ж.Тұрмағамбетова.

Осы томға әр-түрлі басылымдардан сараланып енгізілген көптеген композиторлардың жауынгерлік әндері, хат-өлеңдері кірген. Олардың арасында Мұқан Төлебаев, Әли Базанов, Қасым Аманжолов, Дәнеш Рақышев, Рамазан Елебаев, Смағұл Көшекбаев, Мәлік Жаппасбаев т.б. Кітапта олар жайлы және туындылары туралы мәліметтер топтастырылған.

